


«ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР»




ҰЛЫ
ДАЛАНЫҢ
БІРТУАР ҰЛАНЫ

*Түркітанушы ғалым
Мандоки Иштван Қоңырдың
65-жылдығына орай*

Кенеттен бір күн сөнді жанған шырақ,
Мәңгіге қазақ жері болды тұрақ.
Туған жерін сүйгенмен қайран Қоңыр,
Ата-жұртын көретін артығырақ.

Дешті-Қыпшақ жерінде ойқастады,
Ойланарлық бір істі ол бастады.
Жерлетіп өз сүйегін ата-жұртқа,
Қазаққа шетте жүрген ой тастады.

Саламат Өтемісұлы



1944-1992



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

«Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-ғұмырнамалық серия

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ БІРТУАР ҰЛАНЫ

[Алты Алаштың ардақтысы, көрнекті түркітанушы,
мәдениет қайраткері, Мажарстан ғалымы
МАНДОКИ ҚОҢЫР ИШТВАНҒА арналады]
(1944–1992)

АЛМАТЫ
2008

ББК 63,3 (2) 6–8

Ұ–46

Ұ–46 Ұлы даланың біртуар ұланы: [Алты Алаштын ардақтысы, көрнекті түркітанушы, мәдениет қайраткері, Мажарстан ғалымы **МАНДОКИ Қоңыр Иштванға** арналады] 1944–1992. / Құраст. Л.Д.Әбенова. Бас ред.: ҰҒА академигі Б.Е.Көмеков, т.ғ.к. Б.Хинаят. Жауапты ред. К.К.Әбуғалиева. Ғылыми кеңесші Е.З. Қажыбеков. Ред. алқасының мүшелері: К.Ш.Хұсайын, Оңайша Мақсұмқызы Мандоки, Лашын Вад Ласло, Яцкович Миклош, Е.Ш.Мәсәлім, С.С.Ақашева, Е.К.Төреқұлов, Ж.М.Нұрғожина. Б.С.Тастүлеков, Г.І. Өтеғұлова, Г.Ж.Арысбаева. – Алматы: ОҒК, 2008. – 386 б., сур. [«Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-ғұмырнамалық серия].

ISBN 978–601–203–008–2

ББК 63,3 (2) 6–8

Ұ 0503000000
00(05)–08

ISBN 978-601-203-008-2

© Орталық ғылыми кітапхана., 2008
© Әбенова Л.Д., 2008

ҚҰРАСТЫРУШЫДАН

Құрметті оқырман! Орталық ғылыми кітапхана баспаханасынан «Ұлы тұлғалар» атты топтамалар бойынша тағы бір жинақ жарыққа шығарылды.

Сіздердің назарларыңызға атақты түрколог ғалым, қазақ халқының біртуар ұлына айналған үлкен тұлға, доктор **МАНДОКИ ҚОҢЫР ІШТУАНЫҢ**¹ өмір жолы, ғылыми еңбектері жайында баяндайтын «Ұлы даланың біртуар ұланы» атты кітапты ұсынып отырмыз.

Бұл жинақта Сіздер бүкіл саналы ғұмырын мажарлардың көне тарихы мен түркі-мадияр және ежелгі Дешті-Қыпшақ жұрты тарихтарының байланыстарын, осы халықтардың тілін, мәдениетін, әдебиетін, фольклоры мен этнографиясын зерттеуге арналған құндылығы жоғары еңбектерімен таныса аласыздар.

Тарихта жазылып қалған, монғол-татар шапқыншылығы кезінде Мажарстанға 1242 жылы Тиса мен Дунай арасындағы өлкеге қоныстану арқылы аман қалған Қоңырдың ата-бабаларының тегі қыпшақтар болатын. Сондықтан да болар «Сенің тегің – қыпшақ. Тамырың – Ұлы Далада. Қолың жетсе баршамызға арман болған Далаға бар. Ата-баба жұртыңа тағзым ет» деген әке аманатын арқаланған Қоңыр Іштуан оны орындауды өмірлік мұраты етіп ұстанды. Қоңыр түркі халықтарына туыс бола тұрып ата жұртының кіндік тамырын қазақ жері деген тұжырымға келген. Қазақ қызымен отасып, дүниеден кеткен соң өзін ата-жұрт мекеніне қой дегені де осы болар. «Қазақ тілі, қыпшақ тілі, қазақ менің бауырым» деп қазақ тілін мажарстандағы құман-қыпшақтарға басқа түркі тілдерінен ең жақындығын дәлелдеп және де қыпшақ тілінің негізі деп білген.

Алғаш рет Қазақстан топырағын 1976 жылы басқан Қоңыр екі елдің ортасына алтын көпір орнатты. Ол жеті жарым ғасырдан бері үзіліп кеткен ұрпақтар байланысын жалғап қана қойған жоқ, ата-баба салт-дәстүрімен сүйек жаңғыртып Айша деген қазақ қызымен отасты.

Қоңыр, осы бастаманы дүниеден озғанға дейін жалғастырды, қазақ жеріне, еліне ғылыми сапармен әрі үлкен сағынышпен, жиі келіп тұратын. Қазақстанмен қатар ол Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Башқұртстан, Татарстан және солтүстік Кавказ аймағындағы түркі тілдес халықтардың тілін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын, ауыз әдебиетін кешенді түрде зерттейді. Сөйтіп түркі-мадияр байланыстарын негізгі нысана етіп алды. Осы зерттеулердің нәтижесінде

¹ *Іштуан (Иштван) – Қоңыр өзі жазған хаттарында өз есімін Іштуан деп атаған*

1981 жылы «Мажарстандағы қыпшақ тілінің ескерткіштері» деген тақырыпта диссертация қорғайды. Қоңыр ғылыми ізденістерін арықарай өрбітіп бүкіл түркі әлемінің шығу тегіне, көне тарихына, тұрмыс-салтына, тілі мен этнографиясына байланысты біраз еңбектер жариялайды. Ол ғылыми туындыларын мажар, қазақ, ағылшын, неміс, француз, түрік және басқа тілдерде жазған. Негізі Қоңыр бірнеше ондаған тілді меңгеріп, оншақты тілде ғылыми баяндамалар жазып, мақалаларын жарыққа шығарған.

Қоңырдың арманы түркі халқы сүйсініп оқитын кітап жазу болатын. Бойында күш-қуаты болып тұрғанда, түркітілдес қыпшақ тілді ағайындарды аралап, жаһандану заманында ізсіз жоғалып бара жатқан мұрағаттық материалдарды мүмкіншілігіне қарай толықтыра жинап, саралап, жүйелеп, Алматыға көшіп барып, үлкен мекен-жай алып, оған шаңырағы зәулім алты қанат ақбоз үй тіктіріп, сонда тапжылмай отырып бірнеше том тарихнама-кітаптарын жазып шығарып, қазақ-қыпшақтардың шаң басқан, көмескі тартқан тарихын қайта тірілтіп сол халықтың өзіне тарту ету – Қоңырдың бір үлкен арманы еді. Өкінішке орай зұлым ажал бауырымызды арамыздан жастай алып кетті.

Қоңыр Іштуан 1992 жылының 22 тамызында 48 жасында, Дағыстан астанасы Махачкала қаласында түркітілдес бауырларының ортасында ғылыми іс-сапармен жүргенде, жүрек ауруынан дүниеден озды. Қоңыр Іштуанның сүйегі өзінің өсиеті бойынша тарихи отаны қазақ жері Алматы қаласына жеткізілді. Сонымен, аты аңызға айналған бауырымыз, аруақты әулеттің тұқымы, ХХ ғасырдың ірі ғалымы, қазақ халқының бір туар ұлына айналған Қоңырдың асыл рухы, ата-жұртта, Алатаудың бауырындағы Кеңсай зиратында пәниден өткен ұлы тұлғалар Бауыржан Момышұлы мен Шәмші Қалдаяқовтың жанында бақилық орнын алды.

Мандоки Қоңыр Іштуанның ерен еңбегінің жемісі сол – артында қалған отандастарына, сонынан ерген ізбасарларына өте бай, рухани құндылығы зор мұрасын қалдырса, қазақ-қыпшақтың тамыры бір екендігін қайта-қайта айтудан шаршамай, қазақшылықтың, қазақы патриотизмнің тамаша бір үлгісін көрсетіп берді. Соның бір нақты дәлелі – тіл саясаты саласында қыруар жұмыстар атқарып келген «Қазақ тілі» қоғамы дәл осындай атауға ие болуына тікелей Қоңырдың ұсынысы себепкер болған.

Осы жерде Қоңырдың бойындағы көрегендік қасиетін де айта кетудің артықшылығы болмас деп ойлаймын. Ол қазақ халқының келешегінің мол екендігін жиі айтатын, тәуелсіздікке қолдары жететіндігіне сенімі мол еді. Бірде Қоңыр: «Қазақтың өз туын тігетін

уақыты жетті. Ол күн де алыс емес», – деген болатын (1977ж.). Сол болжамы көп ұзамай орындалды да.

Қоңыр 1991 жылы Кеңес Одағының құлағанын және қазақ халқының тәуелсіздік алғанын көзінің тірісінде көріп кетті. Бұл да болса оның көрегендігін байқатса керек-ті.

Бүгінде Мажар қыпшақтары Қоңыр салып кеткен сара жол бойынша өздерінің ұлттық ерекшеліктерін дамытуды жалғастыруда. 1999 жылы Венгрияның Қоңыр туған Қарсақ қаласында ХІІІ ғасырда өмір сүрген қыпшақ ханы Көтенге арнап ескерткіш тұрғызған.

Алматы қаласындағы №154 орта мектеп Қоңыр Мандоки атымен аталды, мектепте ғалымның мұражайы бар. Ол толықтырылып тұрады, сабағы жақсы оқушылар Қоңыр Мандоки атындағы мақтау қағазымен марапатталады. Алматы қаласының Красный партизан көшесіне Иштван Қоңыр Мандоки есімі берілген. 2007 жылдың желтоқсан айында Астана қаласында Мандоки Қоңырдың рухына бағышталған «Қазақ тілінің тарихы: алтай дәуірі – прототүркі кезеңі – көне түрік ескерткіштері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізілді.

Құрметті оқырман! Өздеріңізге ұсынылып отырған бес бөлімнен тұратын бұл жинақтан Сіздер Мандоки Қоңыр Іштуанның өмірі мен қызметі жайынан хабардар болып қана қоймай, оның ғылыми зерттеу еңбектерімен де терең таныса аласыздар.

Қоңырдың қыпшақтар тарихы туралы тұлғамдары, қазақтың белгілі қаламгерлерімен, ғалымдарымен алысқан хаттары да жинақта кеңінен орын алған.

Ғалымдарға, студенттер мен жоғары сыныптың оқушыларына және Отан тарихына қызығушылық білдіретін көпшілік оқырманға арналған бұл ғылыми-тұмырнамалық жинақ баршаңыздың көңілдеріңізден шығары даусыз.

Қымбатты оқырмак! Кітапты оқи отырып, осы еңбек туралы ұсыныстар мен пікірлеріңізді мына мекенжайға жіберулеріңізді сұраймыз:

005100, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 28, Орталық ғылыми кітапхана. Тел.: 8 (727)272-83-41 (дир.); 8 (727) 261-02-39; Факс: 8(727) 261-02-60. E-mail: cnb @ academset.kz.

Лаура Дүйімқызы Әбенова

КІРІСПЕ СӨЗ

1970 жылдардың соңына ала Қазақстанның зиялылары арасына етене жақын таныс болған шетелдік есім – Мандоки Қоңыр Иштван көп ұзамай халқымыздың сүйікті ұлына айналды. Ол кім-кімді де өзіне бірден баурап алатын кішіпейіл, білімді де, білгір жан еді. Тарих талайында атажұрт, туысқан халықтан жырақта қалған құман-қыпшақ жұртының өкілі оған 750 жылдай уақыт өтсе де өткенді тірілтіп, өшкенді жандыруға деген батыл әрекеті мен ізденісі үшін қазақтар ғана емесе, күллі түркі жұрттарының зиялылары қызу қолдау көрсетті. Қоңыр ондай сенім мен ілтипатқа лайық жан еді. Өйткені, әлемдегі озық түркология мектебінен сусындаған, Немет Дьюладай мәшһүр ғұламаның төл шәкірті Қоңыр қазақ тілін ғана емес кез келген түркі тілдерімен қоса еуропа тілдерін еркін меңгерген, өз зерттеу саласына тек бір қырынан ғана емес, кешенді түрде келіп, тілдік, фольклорлық, тарихи, этнологиялық жан-жақты қырынан зерделей алатын алымдылығы оны осындай құрметке бөледі.

Қоңырдың саналы ғұмырының мақсат-мүддесі өзі шыққан Мажарстандағы құман-қыпшақтар шоғырының ғасырлар бойы армандаған мұраты – Мажарстандағы құман-қыпшақтардың ұмыт болған тілін, ділін қайта жаңғырту, қалпына келтіру еді. Осы жолда ол құман-қыпшақтарға тегі, мәдениеті, тарихы, тілі жағынан ең жақын тұрған қазақ, ноғай, қырғыз, қарашай, құмық, башқұрт тілдерін жетік меңгере отырып, сол арқылы көне қыпшақ (құман) тілін қайта қалпына келтіруді басты мақсат етіп ұстанды. Оның бала кезінен басталған тарихқа құмарлығы ата-бабаларының тіл ескерткіштерін ерінбей жалықпай іздеуге, түркі тілдерін үйренуге ұмтылдырды...

Ескі әңгімелер мен көне қолжазбалардағы құмандық фамилияларды, диалект сөздерді, көне географиялық атауларды зерттеуге арналған диссертациясында көптеген тың жаңалықтарды ашты. Ол зерттеу барысында Мажарстандағы құман-қыпшақтардың маңызды тілдік ескерткіштерінің бірі – “Жаратушы Иеге мінажат” (орысша «Отче наш») атты дұғаның түсініксіз болып кеткен мәтінін тарихи-лингвистикалық тұрғыдан талдай отырып, қайта қалпына келтіріп ұсынған вариантын өзінің дұғасы, батасы ретінде Қоңыр бір сәт те аузынан тастаған емес. Ол

Бізің атамыз кім-сін көкте

Сентленсін сенің адың

Дүшсүн сенің көңлүң

Нечік кім иерде алай көкте

*Бізің екмегімізні бер бізге бүт-бүтүн күнде
Ілт бізің мінімізді
Нечік кім біз де ійерміз бізге өтрү келгенге
Ілтме бізні ол иаманга
Қуткар бізні ол иаманнан
Сен барсің бу күчлі бу чын ійгі теңри амен*

деп келетін жолдармен бастап, қызықты әңгіме, деректерге ұластырғанда тыңдаушы тарих тұңғығына сапар шеккендей болатын...

Бұған қоса құман-қыпшақтардың жазба тіл ескерткіштерінің бірі-санамақты, мадияр тіліндегі құман-қыпшақтық кірме сөздерді, диалектілерді, Мажарстандағы Құманиялық елді мекендер аты мен адам есімдері, фонетикалық, семантикалық және тарихи тұрғыдан жете талдаған этимологиялық зерттеулері ғылымға қосқан Қоңырдың өшпес үлесі болып қалды.

Небәрі 48 жыл ғұмыр кешкен қамшының сабындай қысқа өмірінде Қоңыр Иштван сан ондаған рет ғылыми экспедицияға шығып, Еуропадан бастап Кіші, Орта, Кіндік Азия және Қазақстан, Қырым, Орал бойын тынбай аралады. Онда мекен еткен түркі тілдес халықтардың арасында тілдік, тарихи-мәдени зерттеу, жинақтау жұмысын жан-жақты, әрі жүйелі түрде жүргізді. Қазақ тілін түркі тілдерінің «төл, асыл тілі, негізгі ұйытқысы әрі дінгегі» деген көзқарасты дамытты. Көптеген көне сөздердің түпнегізін анықтай отырып, оның түркі текті сөз ретінде мадияр тілінде орныққанын (мәселен *bír, bertö, kozma, gyon, бүтү, monár* және т.б.) тарихи-этимологиялық негізде дәлелдеді.

Әлемдегі дәстүрге бай, озық түркология, шығыстану мектептері саналатын Мажарстан ғылым академиясының *Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae* журналында түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде жарық көрген ғалымдардың (айталық, Е. Қойшыбаев, Ә. Нұрмағанбетов, Ә.Ибатов, Ә. Құрышжанов, А. Жұбанов, А. Бекболтаев, М. Мұқанов және т.б.) монографиялары мен «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы (1-4 томдары)» жинақтарын әлемдік ғылымға насихаттады.

Қоңыр қазақ мәдениетін, әдебиетін де насихаттаудан тыс қалмады. Қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлғалар жайлы (Абай, Ж.Жабаев, І.Жансүгірұлы, Н.Байғанин, Ы.Алтынсарин және т.б.) және ауыз әдебиетінің жанрлары туралы *Әлем әдебиеті энциклопедиясында (Világiradalmi Lexikon)* мақалалар жариялады. Сондай-ақ, ол қазақ әдебиетінің мадияр тіліне аударылып насихатталуына үлкен үлес

қосты: Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» (*Nagycsálad*. Budapest, 1980) *A dijnnyertés ló* – «Бәйгелі сәйгүлік» атпен қазақ жазушыларының (Budapest, 1977) әңгімелер жинағын шығарды, сондай-ақ қазақ, қарақалпақ, татар, өзбек халық әндері туралы жеке-жеке арнайы зерттеу мақалалар жазды және аударды.

Қоңыр қазақ руханиятындағы істерге өмірінің соңғы кезеңінде белсене араласты, Қазақстанға жиі келіп тұрды. Қазіргі «Қазақ тілі» қоғамын құру мәжілісінде қоғамды қалай атаймыз деген мәселеге Қоңырдың: «Ана тілі деген – жалпы түсінік, ал қазақ тілі деген – жалқы түсінік, ана тілі көп, әр халықтың өз тілі – ана тілі. Ал қазақ тілі әлемде жалғыз. Сондықтан қоғамды «Қазақ тілі» – деп атайық» деген уәжі нүкте қойды. Осының өзі Қоңырдың еліне, ата-жұртына деген шексіз махаббатының, қазақ деп соққан үлкен жүрегінің куәсі демеске шара жоқ. Ол тек ғылымға деген адал ниетін ештеңеге де айырбастамады.

Ата-бабаларының байырғы жұрты қазақ жеріне, туыс еліне деген шексіз махаббатын ол алай-бұлай болып кетсе артындағы жиналған мұраларын тек етене жақын қазақ еліне қалдыруды, қыпшақтың кең байтақ жерінде мәңгілік қалсам деген өзіндік тілегін Жаратқан да қабыл алған тәрізді. Қоңырдың тілегі орындалды, оның сүйегін қазақ, түркі жұрттары болып Алматы іргесіндегі Кеңсай зиратына тапсырды.

Қоңыр Иштванды, Алаштың ұрпағында соның күнбатысындағы құман-қыпшақ жұртында мың жылда бір жарқ етіп туған жұлдызы демеске лаж жоқ. Біздің тарихымыз мен ғылымымызға Қоңырдың қосқан зор үлесін ескеріп Орталық ғылыми кітапхана бастамасымен **Мандоки Қоңыр Иштванға арнаған ғылыми-ғұмырнамалық жинақтың «Ұлы тұлғалар» атты сериясының жарыққа шығуы** қуанышты жайт және зиялы қауым мен саналы оқырмандардың үдесінен шығатындығында дау жоқ. Жинақта өте құнды, бұрын қазақ баспасөзінің бетінде жарық көрмеген Қоңырдың еңбектерінен таңдамалы үзінділер, өз қолымен жазған құжаттар, естеліктер, хаттар, Қоңыр еңбектерінің толық библиографиясы, ол туралы жарық көрген еңбектер т.б. деректі материал мен мағлұматтар толық көрініс тапқан.

Қоңырдың мұраларын игеру үрдісі кешелеуілдеп жатса да, игілікті іске бастамашы болып қолға алған Орталық ғылыми кітапхана ұжымына, әсіресе директоры К.К.Әбуғалиева, жинақты құрастырған Л.Д.Әбеноваға, Қоңырдан тәлім алған шәкірті, ұстазының мұрасын игеру саласында еңбек етіп жүрген Бабақұмар Хинаятқа, Қоңырды есте қалдыруда тер төгіп жүрген Ернар Мәсәлім сияқты бастамашыл

топқа және жинақтың шығуына қол ұшын берген жандарға Қоңыр рухы алдында алғысымызды білдіреміз.

Қоңырға арналған ғұмырнамалық жинақтың жарыққа шығуы оның бай ғылыми мұрасын игерудің басы ғана және болашақта үлкен істің беталасының бастауы дейміз.

А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының
директоры, доктор, профессор



Көбей Шахматұлы
ХҰСАЙЫНОВ



МАНДОКИ ҚОҢЫР ИШТВАННЫҢ АТА-ЖҰРТ ЖЕРІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ СҰХБАТТАРЫ

* * *

ТУЫСТЫҚ АРҚАУЫ¹

Қазақстанға арнайы ғылыми сапармен келген Венгрияның жас ғалымы Иштван ҚОҢЫРҒА «Қазақ әдебиеті» газетінің редакция қызметкері Б.Ыбырайымов жолығып, бірнеше сауалдар қойды.

* * *

Б. Ыбырайымов – Алдымен осы сапарыңыздың мақсатын айтып берсеңіз.

Қоңыр Иштван – Мен Будапешт университетінің Орталық Азия кафедрасында мұғаліммін. Қазақ тілін үйренуді бала кезімнен, дәлірек айтқанда, он жасымнан бастадым. Бірақ, ол кезде қажетті кітаптар таба алмағандықтан біраз қиналған едім. Уақыт өте келе «қайсарлықтан» пайда көрдім деуге болады.

Б. Ыбырайымов – Ия, байқап отырмын, қазақша еркін сөйлейді екенсіз.

Қоңыр Иштван – Қазақ тілін үйренуге ден қоюыма себепші – менің мажар (мадияр) қыпшақтарының бірі болғандығым. Ертеректе, шамамен IX–XIII ғасырларда, әртүрлі тарихи әлеуметтік, қоғамдық жағдайларға байланысты қыпшақтардың жекелеген топтары Еуропаға, оның ішінде бүгінгі Венгрия аумағына қоныс аударылыпты. Олар Орта Ертіс, Арал маңынан, тағы басқа жерлерден көшкен болуы мүмкін. Мәселен Шыңғыс, одан кейінгі Бату шапқыншылығы тұсында қыпшақ ханы Қоданның бастауымен бір бөлігі Венгрияға қарай қоныс аударғаны жайлы тарихи мағлұматтар бар.

Қазіргі Венгрияда тұратын 220 мыңдай мажар (мадияр) қыпшақтары солардан тараған. Менің зерттеп жүрген тақырыбым «Венгрияда тұратын қыпшақтардың тарихы, тілі, этнографиясы». Қазақстанға былтыр да, биыл да келуім осы мақсатқа байланысты.

Венгриядағы қыпшақтар екі аймақта тұрады. Шығыстағылар Ұлы қыпшақтар, батыстағылар Кіші қыпшақтар деп аталады. Бірінің құрамына : ұлас, тоқсаба, жалайыр, керейіт, найман, баяндур, печене, қоңырұлы; ал екіншісіне шортан, төртуыл, таздар, жыланшық, бұрышұлы, қуыр атты рулар кіреді.

¹ *Қазақ әдебиеті.* – 1977. – 14 октябрь.

Б. Ыбырайымов – Сіздің айтуыңызға қарағанда, мажар қыпшақтары Қазақстандағы қыпшақ деген рудың аты емес қой?

Қоңыр Иштван – Иә, иә, Қыпшақ – бірнеше халықтың аты. Бір кезде Дешті Қыпшақ атты мемлекеттің құрамына енген халықтарды солай атаған. Сол дәуірге тән кейбір өлеңдер, батырлар жырынан үзінділер кездеседі. Баталар, дұғаларды айтатын қарттар әлі де бар. Мен ауыз әдебиетінің бірнеше үлгілерін венгер тіліне аудардым. Олар «Яскуншаг» деген журналда жарияланды. Енді сіздердің көмектеріңіз арқылы «Қобыланды», «Алпамыс» жырларын аудару ойымда жүр. Ал биыл бір топ қазақ жазушыларының шығармалары бір томдық жинақ болып венгер тілінде шыққалы жатыр. Сол жинақтағы адам аттарының дұрыс жазылуына ат салыстым. Өйткені, қазақ тіліндегі дыбыстардың қайсы бірі бізде де бар.

Б. Ыбырайымов – Екі халыққа ортақ әдет-ғұрыптар бар шығар?

Қоңыр Иштван – Әрине, мәселен, қадірлі қонақ келгенде қой сойып, бас тартады, балаларға құлақ ұстатады. Бата беру сақталған. Бір кезде домбыра, қобыз да болған. Жыл сайын малшы тойлары өтеді. Сіздің елдегі бәйге, көкпар, аударыспақ, қыз қуу, күрес сияқты ұлттық спорт ойын түрлері; бөрік, қалпақ, белбеу, ер-тоқым бізде де бар. Сұңқар, түйғын, қаршыға салатындар да аз емес. Ал бүркіт біздің жақта сирек кездесетіндіктен оны ұстаушылар да некен-саяқ. Сондай-ақ, құрт, ірімшік, іркіт, айран, ет, қуырдақ, манти тәрізді тағамдарды тұтынамыз. Қымыз бұрын болған. Көкпарды бізде көкбөрі дейді. Теріні құм-топырақпен толтыра тігіп, сосын тартады.

Осы орайда түркологияға қатысты мәселелерді зерттеуде Венгрия Ғылым академиясындағы Алтаистика институты мен Будапешт университетіндегі түркі филологиясы кафедрасы елеулі роль атқарып келе жатқанын айту керек. Оны көрнекті ғалым, профессор Дьюла Немат 50 жылдай басқарды. Ол кісі де қазақша білетін. Кейін 86 жасында қайтыс болды.

Ал Қазақстанға келуім жұмысымның жүйелі, жемісті жүруіне қолайлы әсер етті. Қазақ ССР Ғылым академиясынан көптеген материалдар таптым.

Ә.Марғұлан, А.Нүсіпбеков, Н.Меңғұлов, Б.Көмеков, К. Арғынбаев тәрізді тарихшы ғалымдармен; С.Кенесбаев, Ә.Құрышжанов, Т.Жанұзақов, Ш.Сарыбаев, Ә.Әбдірахманов секілді тіл мамандарымен; Ә. Тәжібаев, Ә.Шәріпов, Р. Бердібаев, Е.Тұрсынов сияқты әдебиетшілермен танысу, пікірлесу арқылы уақыттың аздығына қарамастан мол зерттеу материалдарын жинауыма мүмкіндік туды. Алдағы уақытта да достық, туысқандық байланысты нығайта береміз деген сенімдемін.

ТӨРКІНІ ТЕРЕҢ ТУЫСТЫҚ¹

Сөз етпек болып отырған мақала кейіпкерімен, күтпеген жерден кездесуге тура келді. Оған себеп болған Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтына редакция шаруасымен жай қоңырау шалуымыз еді. Телефон трубкасын көтерген әріптес жігіт қажетті мәліметтерге жауап беріп болды да: «сендер оны білуші ме едіңдер?» дегендей қызық бір хабардың ұшын қылтитты.

– Біздің Тіл білімі институтына Венгрия Ғылым академиясынан бір ғалым келді, – деді сөзінің аяғында ол: – Аты-жөні Мандоки Конур Иштван. Мамандығы тюрколог. Өзі қазақ тіліне ағып тұр

– Қойшы?!

– Шын. Сенбесең...

Шынында да венгер ғалымының бұл Алматыға осымен үшінші рет келуі. Сапарының негізгі мақсаты – Венгрия Ғылым академиясының жанындағы тунгус-моңғол тілдерін зерттейтін Алтаистика институты мен Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институттарымен өзара достық ғылыми байланыс орнату. Мұның үстіне ол Будапештегі Өтвеш Лоранд атындағы университетте оқытушылық қызмет атқара жүріп, Венгриядағы ежелгі қыпшақ мәдениетін зерттеумен де айналысып жүр екен.

* * *

– Мен венгер жерінен сіздердің елдеріңізге келген алғашқы да, соңғы да адам емеспін. Тарихи деректерге жүгінер болсақ, ежелгі байланыс іздері тым тереңде жатыр ғой.

Қонақ жігіт осы бір сөздерді айтты да бір сәтке үнсіз қалды. Байқаймын, екеуміздің арамыздағы әңгіме желісін ол әріден бастамақ ойы бар.

– Сіздің айтайын деп отырғаныңыз Вамбери, Матэ Залка өміріне қатысты жайлар ғой.

– Ол да бар. Сонан соң...

– Бұл бертінгі тарих. Ал одан арғы деректерге жүгінер болсақ сіздер мен біздер өзі бір жағынан туысқан да болып келеміз. Венгер ғалымының сөзіне қарағанда өзіміздің кәдімгі Еділ, Жайық бойларын ерте замандарда мекен еткен түркі тайпаларының мекені

¹ Лениншіл жас. – 1979. – 19 январь

XI–XIII ғасырларда Дешті-Қыпшақ мемлекетінде болған. Ондағы көшпенді халықтың бір бөлегі сол кездегі Шыңғыс хан мен Бату оқиғаларына байланысты жойқын шапқыншылықтан ығыса отырып, Еуропадағы Карпат тауларының қойнауындағы мажар (мадияр) даласына қоныстанады. Бұл тайпа сол заманның өзінде-ақ өзінің қыпшақ деген атауын сақтап қалған. Мажар елінің тарихнамасында бүгінгі Венгриядағы олардың ұрпақтары өздерін ақ қыпшақтар, құмандар деп атайды.

Ал батыстағы Мажарстанға (Венгрияға) орын тепкен қыпшақтар одан кейінгі жеті жүз жыл бойына өздерінің сол кездегі тілін, әдет-ғұрпын, салт-санасын сақтап келді, – деді Иштван бұдан кейінгі әңгімесінде: – әйтсе де көптеген тарихи-әлеуметтік, экономикалық өзгерістер негізінде жергілікті халықпен етене араласып кеткендіктен бұл тіл XIX ғасырдан бері бұрынғыдай қызмет атқармайды. Бірақ, қыпшақ тілінде оның ауыз әдебиетінде көптеген ескерткіш мұралар сақтаулы. Менің зерттеп жүргенім, міне, негізінен осы жайлар.

– Атап айтқанда?

– Қазір мұндағы қыпшақтар мажарша сөйлегенімен олардың тілінде мажар тілінен біршама айырмашылық, ерекшелік бар. Өйткені қыпшақтардың мал шаруашылығына, ауыл шаруашылық кәсібіне, аңшылыққа, үй тұрмысына, өсімдік атауларына байланысты сөздерінің басым көпшілігі бүгінде көне қыпшақ тілінде айтылады. Венгриядағы Қарсак қаласында тұратын қыпшақтар мажардың ауызекі сөзінде қазір тіл қатынасында жоқ көне қыпшақ тілінің көптеген сөздерін қолданады.

– Кешіріңіз, – деді венгер ғалымы бір мезетте маған қарай бұрыла түсіп: – Мына мысалдарға назар аударып көріңізші. Бұл түркі тілдес халықтардың мәдени ескерткішіндегі ұқсастықтарды зерттеу үшін өзіммен бірге ала келген венгер қыпшақтарының ауыз әдебиет нұсқалары.

Қараймын, мұндағы кейбір сөздер бізге тым жақын секілді. Оның үстіне оқып отырған жаңылтпаш, жұмбақтар өзіміз бала кезде ойнайтын тақия тастамақ, жасырынбақ, санамақ сияқты ойын ережелеріндегі тақпақтарды қайыра еске түсіргендей. Тек мұндағы өзгешелік аталмыш сөздердің фонетикалық заңдылықтарында ғана бар сияқты. Мәселен біздің ауыз әдебиетіміздегі «Бір дегенің – білеу, екі дегенің – егеу, үш дегенің – үзік, төрт дегенің – төсек» деген жаңылтпаш санамақ мажар қыпшақтарында: «бірім – білеу, екім – егеу, үшім – үзік, төртім – төшек» болып тұр. Байыптап қараған жанға осы мысалдардағы кейбір сөз әріптерінің («Ш»-ның орнына «Ч», «С»-ның орнына «Ш») қазақ тілі фонетикасымен ептеп қайшы келетін

көрінеді. Тағы бір көз жеткізген нәрсеміз – мажар қыпшақтары тілінің жоғарыда айтылған атауларда ғана емес, ондағы батырлар жырларында, дастандарда, мақал-мәтелдерде сақталуы. Осы арада бізге бұл ескерткіштердің кейбіреуін түркі халықтарының тілімен салыстырсақ, көп сөздің мағынасын, мән жайын, төркінін шешуге болады екен-ау деген ой келді. Әңгімелесіп отырған ғалымның пікіріне қарағанда, бұған дейінгі зерттеулер бойынша түркі тектес халықтар тілдерінің арасынан Мажарстандағы қыпшақтар ауыз әдебиеті ескерткіштерінің тілі қазіргі қазақ тіліне тіптен жақын.

– Қазақ ССР Ғылым академиясы арасындағы ғылыми достық байланысты сіздер қай тұрғыдан сабақтастырып келесіздер? – дедім мен келесі бір әңгіме барысында.

– Тюркология саласы бойынша, – деп жауап берді бұл сұраққа Иштван Конур: – Аталмыш ғылымның біздегі көп жетістіктері профессор Немет есіміне байланысты. Өйткені, ол Венгрия Ғылым академиясында түркі тектес халықтар тілін зерттеуге алғаш рет негіз салған ғалымдарымыздың бірі. Біздер, оның шәкірттері қазіргі таңда бұл жұмысты одан әрі жалғастыруды өзіміздің басты борышымыз деп білеміз. Венгрия Ғылым академиясының Алтаистика ғылыми-зерттеу институты мен Будапештегі Өтвеш Лоранд атындағы мемлекеттік университеті филология факультетінің тюркология бөлімі мамандарының соңғы кездері Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтымен тыңғылықты байланыс орнатуы да біз үшін қуанышты нәрсе. Ал, венгер-қазақ мәдени байланысына келетін болсақ, бұл салада да жақсы жұмыс нышандары бар. Мәселен, Алматыдағы А.Жұбанов атындағы музыкалық орта мектеп, №12 қазақ орта мектебі оқушылары мен Будапешт қаласындағы мектеп оқушылары, ҚазМУ-дің филология факультеті мен Будапешт мемлекеттік университетінің студенттері үзбей хат алысып тұрады.

– Туысқан венгер жазушыларының біздің тілге аударылған шығармаларымен таныс боларсыз. Әдеби байланыс – достық елшісі емес пе? Бұл тұрғыдан алғанда сіздерде қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?

– Осыдан 23 жыл бұрын жыр алыбы Жамбыл өлеңдерін аудармашы Имра Тренчени Вальдапфель венгер оқырмандарына алғаш рет таныстырған еді. Содан бері бізде қазақ совет жазушылары М.Әуезовтің, Ғ. Мүсіреповтің шығармалары жарық көрді. Біздің қазіргі ойымыз қазақ жазушыларын венгер тіліне түпнұсқадан тікелей аудару. Бұл бағытта табыссыз да емеспіз. Өткен жылы Будапештегі ең үлкен басылым «Еуропа» баспасынан қазақтың жас жазушылары Ә.Кекілбаев, С.Мұратбеков, Д.Досжанов бастаған 19 жас қаламгердің

әңгімелер жинағы жарық көрді. Алдағы уақытта Ә. Әлімжановтың, Д.Исабековтің шығармаларын аударуды жоспарлап отырмыз.

* * *

.... Қамшының сабындай қыстың қысқа күні көкала аяздан көзін аша алмай тұрған көкжиекке көрінбей батып барады. Астана көшелеріндегі ақ шамдар буалдыр тұманнан бозарып кеткендей. Қонақ үйден кештетіп шыққан менің ойымнан венгер ғалымы Иштван Конурдың «Сіз бен біз туысқанбыз» деген сөзі кетер емес.



«ҚАЗАҚ – МЕНІҢ БАУЫРЫМ»¹

Будапешт қаласы тек Венгрияның емес, бүкіл батыс елдеріндегі түркология ғылымының ту тіккен орталығы. Төменде біз қазақ ғалымдарымен көптеген тығыз байланысы бар жақында Алматыға келіп қайтқан белгілі түрколог, Венгр ғылым академиясының аға ғылыми қызметкері, Будапешт мемлекеттік университеті түркология кафедрасының оқытушысы, профессор Қоңыр Іштуан МАНДОКИМЕН әңгімені назарларыңызға ұсынып отырмыз.

– Қоңыр аға, сіз Венгриядағы білікті түркологтардың бірісіз. Сондықтан қазақша таза сөйлеуіңіз онша тандандырмайды. Одан бұрын есіміңіздің Қоңыр болуы, яғни қазақша қойылуы тандандырады. Әңгімені осыдан бастасаңыз.

– Венгрлер өздерін мажарлар немесе мадиярлар деп атайды. Көне түркі әдебиеттерінде де Венгрияның Мажарстан деген жалғыз атауы бар. Көптеген елдерде қазірде де Венгрияның ресми және кең тараған атауы – Мажарстан. Ендеше мен де қазақ жұрты үшін мажар ғалымымын.

– Есіміңіздің Қоңыр қойылуы неліктен дейсіз ғой. Тарихты қозғамай неге дәл осылай қойылғандығын түсіндіру қиын. Халықтардың ұлы қоныс аударуы кезінде бірқатар түркі тайпалары, кейін XII ғасырда және қыпшақтардың моңғолдарға бағынбаған бір бөлегі XIII ғасырда Мажарстанға қоныс аударды. Олардың ұрпақтары елдегі Ұлы Қыпшақ, Кіші Қыпшақ деп аталатын екі аймақта әлі күнге тұрады. Мен Ұлы Қыпшақ жеріндегі Қарсақ қаласында 1944 жылы дүниеге келіппін.

«Біз қыпшақпыз, біз мадиярдың жауынгер, ең бетке ұстар бөлігіміз», дегенді кішкентайымнан естіп өстім. Қоңыр – қыпшақтардың ұлдарына жиі қоятын ежелгі есімдерінің бірі. Ал Мандоки деген фамилиям үлкен аталарымыздың Мандық деген жайлауынан таралды. Мажар тілінің үндестігіне бағынып Мандоки делініп кеткен. Шалғайдағы қыпшақтар мен қазақ халқының түпкі қандас туыстығын ескерсек менің аты-жөнім танданыс туырмауға тиіс.

– Қыпшақтардың мәдениеті мадияр (венгр) мәдениетімен тығыз байланыса отырып, ортағасырлық Дешті Қыпшақ мәдениетінің көптеген ерекшеліктерін сақтап қалғаны ғылымға белгілі. Дәл осыны қыпшақ тіліне қатысты айтуға бола ма?

¹ Лениншіл жас. – 1984. – 22 желтоқсан, № 245. – 4 б.

– Ең бір өкініштісі осы Қыпшақ тілі ХІХ ғасырға дейін-ақ ұмытылған. Біздің үлкен аталарымыз бала кезінде қыпшақ тілінде ептеп сөйлей білетін бір-екі қарияны көрген екен. Олардан соң тіліміз мүлде үзілген. Кейінгі зерттеулердің деректеріне қарағанда ол түркі тілдерінің ішінде қазақ тіліне өте жақын болып шықты. Бұған тіліміздегі той, жиын, алма, деген сөздер, қамшы, арқан, жүген, ер сияқты тұрмыстық зат атаулары, апа, ата, балдыз, жезде сияқты туыстық атаулар, түгелдей дерлік сақталған, шөп атаулары толық дәлел бола алады. Бұлар қазақ тілінде қалай айтылса мажар тілінде де солай айтылды.

Алайда қыпшақ тілі негізінен, ұмытылғанымен оның тарихына қызығушылық жойылған жоқ. Бастауыш класта оқып жүргенімде тарих пәнінің мұғалімі айтқан мына бір сөз есімде қалыпты: «Біздің тіліміз болған. Оны ұмыттық. Бірақ біз бәрібір қыпшақпыз» деген еді ол. Қыпшақ тарихы түрколог ғалымдарды бей-жай қалдырмайды. Онымен біраз ғалым зер сала айналысып жүр.

1967 жылдан бері Кешкемет қаласында «Кумания» деп аталатын жыл сайынғы басылым шығып тұрады. Бұл басылымда археологтардың, этнографтардың, антропологтардың Кумания (Қыпшақия, Қыпшақстан деген сөз) деп аталатын жерде жүргізген жан-жақты зерттеулерінің нәтижелері жарияланады. Антрополог Һенкейдің, этнографтар Лайош Лигети мен Тибор Тоттың кейбір жұмыстары алғаш осында жарық көрді.

Ою-өрнектерде, құлпытас белгілерінде, ру таңбаларында, киім кешекте, балалардың санамағында, ауыз әдебиетінің жұмбақ, жаңылтпаш, ертегі сияқты үлгілерінде қазір коммунистік құрылыс орнатып жатқан екі халықтың ежелгі мәдениетінің тамырлас екенін айғақтайтын ортақ тұстары көп. Дені алда түбегейлі зерттеуді қажет етеді.

– Қоңыр аға, ғылымға қалай келгеніңізді еске алып өтіңізші?

– Ғылымға дейсіз бе? Бұл бір қызық әңгіме (күліп қойды). Басында ғылым үш ұйықтасам түсіме де кірген емес. Есімді білген кезден жылқыны сүйіп өстім. Әкемнің айтуынша Мажарстанды азат етуге қатысқан бір кавалерист қазақ офицері мені керемет жақсы көріпті. Үнемі ердің қасына мінгізіп алып жүреді екен. Кейін ашамай салған тайымнан өзім де түспейтін болыппын. Келе-келе бұл атқұмарлық жылқы заводының зоотехнигі болсам деген арман туғызды.

Кішкентайымнан тағы бір қасиетім – ертеқұмар болдым. Әкем мен нағашымның айтуында Орак, Қаблан (Қобыланды емес пе екен? – М.Т.), Сағыр, Текес, Қара сияқты атакты қыпшақ батырлары туралы, олардың ел қорғаудағы ерліктері, жауынгерлік істері туралы аңыз-

әңгімелерді сағаттар бойы жалықпай тыңдауға бар едім. Осы жылқы мен ертегі мектептің үшінші класында оқып жүрген кезімнен, тоғыз жасымнан бастап қыпшақ тарихын білуге құштар еткені рас. Өйткені «нағыз қыпшақтарша атқұмар екенмін, енді тарихын біліп, тілін үйреніп алсам-ау» деген арман ұялады бала көңілге. Қыпшақ тарихы туралы ақиқатқа ұмтылам деп көп нәрсеге көзім ашылды. Бір тәуірі әкем Шандор қай талпынысымды да теріс көрмей құптап отыратын. Әйтпесе сегіз жылдық мектепті бітірген, небары 14 жастағы баласына 3000 форинт тұратын «Кодекс Куманикус» сияқты сирек кездесетін кітап сатып алып беруін немен түсіндіруге болады? Мұнша ақша табу үшін ол бес ай жұмыс істеуге тиіс еді.

Баяғы арманды қуып зоотехник болып шығу үшін Қарсақ қаласындағы мал шаруашылық техникумына түстім енді. «Бітірген соң жүйрік арғымақ тұқымын шығарамын деймін іштей. Жүрегіме одан биік арман ұяларын қайдан білейін ол кезде. Техникумда жүргенімде түркологияға байланысты қосымша оқыған кітаптардың әсерінен көкейіме көптеген ғылыми сауалдар ұялады. Оған жауап іздеймін. Білгенімді, көңілге түйген ой-пікірімді достарыммен бөлісемін. Оқуым аяқталып қалған тұста бір күні «Қой, қыпшақтың тарихын, мәдениетін, тілін зерттеумен түбегейлі айналысып жүрген ешкім жоқ екен. Арғымақтың тұқымын басқалар шығара жатар. Мен жылқыға адалдығымды бұзбаймын. Бірақ жұртыма әлдеқайда қажеттірек қыпшақ зерттеу мәселесімен айналысайын» деген тоқтамға келдім.

Техникумнан соң Будапешт мемлекеттік университетінің филология-философия факультетіне, оның түркология бөліміне мені жетектеп келген де осы байлам болатын. Бұрынғы азды-көпті оқығанға енді тиянақты білім қосылды. Ұстаздарымның ұйғарымымен 1968 жылы үздік бітіруші ретінде университетке оқытушы болып қалдырылдым.

– **Кешіріңіз, Қамбар ата тұяғына адалдығыңыз ше?**

– Бірді айтып бірге кеттім бе?! Иә, жылқы баласынан әлі күнге қол үзген жоқпын. Ұзақ жылдар ат спортымен айналыстым. Мажарстан чемпионы болғаным да бар. Алты жылдай ат спорты мектебінде жаттықтырушы болдым. Балаларды үйреттім. Кейін, 1980 жылы ғылыммен айналысуға уақыт жағынан кедергі жасаған соң жаттықтырушылықты қалдыруыма тура келді.

– **Ал қазақ тілін қалай меңгердіңіз?**

Қазаққа қазақ тілін қалай үйрендін десе күлер еді. Алыстан келген мейман болған соң бұл сұрақты әдейі қойып отырсыз ғой. Түсінем. Иә, «қазақ тілі – мен үшін қыпшақ тілі. Қазақ менің бауырым! Қазақ

тілін үйреніп шығу өмірімнің өзекті бір мақсаты болуға тиіс» деген ой ғылымға мойын бұрмастан көп бұрын мектеп қабырғасында-ақ келген. Тіл үйренуге ынтаң болса жетеді дейді ғой. Менің құлқым болғанмен айналамда қазақша білетін ешкім болмады. Сөздік тағы жоқ. Сөйтіп жиналып жүргенде көктен іздегенім жерден табылды. Карсақ қаласына командировкаға келген қазақ жігітімен кездейсоқ танысып қалдым. Мектепте үйренген орысшаммен сөйлесіп, қазақ тіліне құмарлығымды айттым. Ол Қазақстанға оралған соң қазақ тілін өздігінен үйренушілерге арналған кітап жіберді.

Артынан Алматыға, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтына хат жолдап, басқа кітаптар алдырттым. Университеттің соңғы курсында оқып жүргенімде Моңғолияға барып, сондағы қазақтармен жүздестім. Қазақ жігіттерімен етене араласу үлкен пайдасын тигізді. Сөйлеу тәжірибесі қалыптасты. Будапештегі мал дәрігерлік институтында Баян-Өлгий аймағынан келіп оқып жүрген Едіге Төлетайұлы деген досым бар еді, оның да көмегі аз тиген жоқ.

— 1980 жылдың соңында «Қазақ әдебиеті» газетінде Мажарстандағы тіл ескерткіштері туралы «Төл мұра» атты мақаланызды оқыған едік. Қазақ тілін жетік меңгергеніңіз сонда-ақ аңғарылған. Ал қазақ тілінен басқа қандай тілдер білесіз?

Әрине, алдымен мажар тілін. Тіл білу дегеніңіз екінші бір дүниеге ашылған терезе тәрізді ғой. Терезесі көп үйдің іші де жарық болмай ма?! Өз басым қазақ тілінен басқа тілдерді арнайы үйренейін дегенім жоқ. Ғылыми жұмыстарға қажет болды. Ізденіс талабымен қырғыз, қарақалпақ, татар, башқұрт, өзбек, моңғол тілдерін меңгеруіме тура келді. Ағылшын, француз, неміс, түрік тілдерінде мақала жазамын. Орыс тілінде еркін сөйлеймін. Кейде мынандай қызық та болады екен. Бухарестке барған сапарларымда өзім де байқамай румын тілін үйреніп алыппын.

Редакция тапсырмасы бойынша очерк жазу үшін белгілі ономаст ғалым Телқожа Жанұзақовпен сөйлесіп отырғанымда ол кісі бір хат көрсеткен еді. Одан мынандай жолдарды көшіріп алған екем: *« Аса құрметті Телқожа ағай! Сізбен танысуға көптен бері құмар едім... Менің аты-жөнім — Қоңыр Іштуан Мандоки, Мажар ғылым академиясында қызмет істеймін. Мамандығым түрколог. Көне және қазіргі қазақ тілдерімен шұғылданам. Мажарстанға XIII ғасырда келген қыпшақ халқының есімдерін зерттеумен көптен айналысып жүрмін. ... Келер ақырап айында Қазақ ССР Ғылым академиясына бармақпын. Жол түсіп баратын*

болсам Сізге жолығам. Сонда ақыл кеңес береді деп сенемін. 1976 жылғы тоғызыншы айдың 17-ші күні...» Есіңізде болар бұл.

– Ия, ия. Бұл менің Қазақстан ғалымдарына жазған алғашқы хатым. Оның Телқожа ағаға жолдануы кездейсоқ емес. Мұндай кеңесті университеттегі ұстазым түрколог академик Дюла Немет берген. Кейінірек Тіл білімі, Тарих, археология және этнография, Әдебиет және өнер институттарымен байланыс жасадық. Хат арқылы академик Ісмет Кеңесбаевпен таныстым.

Сол 1976 жылдың аяғында Қазақстанға, Алматыға келудің сәті түсті. Телқожа аға өзі күтіп алды. Ғылыми жұмыстарыма көп көмегі тиді. Сондықтан ағаға айтар алғысым шексіз. Содан бері Алматыға жыл сайын келемін. Бұл сапарлар ғылыми жұмыстарыма ғана емес, жеке өміріме де жаңа леп берді. Қыпшак жігіті енді Қазақстанға қайын жұрты ретінде де асығатын болды. Мажарстанға ұзатылған Мақсұмова Айша¹ деген қазақ қызы қазір Будапеште тұрады, совет баспасөзінің өкілдігінде қызмет істейді.

– Зерттеулеріңіздің басты бағыттары қандай?

– Бір сөзбен айтсам қыпшақтардың шығу тегі, тарихы, тілі, этнографиясы. Оның бүгінгі мен келешегі. Көне қыпшақтарды зерттеудің проблемалары бір емес талай ғалымға жетерлік. Мен өзі ана тілімнен тумай тұрып, бұдан бір ғасыр бұрын айрылып, есейгенде жеке дара қайта табысқан адаммын. Сол тілді қалпына келтіруде халқымның маған артқан үміті зор. Өмір жетсе жаңағы бар саламен айналысқым келеді.

– Зерттеудегі нәтижелерді – табыстарыңызды айтыңызшы?

– Табыс десем тым әсірелеу болып кететін тәрізді. Дегенмен аяқталған бір жұмысым «Мажарстандағы қыпшак тілінің ескерткіштері» деп аталады. 1981 жылы осы тақырыпта диссертация қорғадым. Қыпшак тарихына, тіліне, этнографиясына байланысты өзімізде және шет елдерде 70-тен астам мақалам жарияланыпты. Бұл мақсат еткенімнің тамшыларындай-ақ.

– Ғылыми ізденістеріңіз қалай жалғасады?

– Зерттейтін нәрсе қаншама. Тіпті жәй мысал. Түркологияға байланысты көне әдебиеттерді қарап отырғанда жер-су аттары қазіргіден өзгеше аталатындығын байқайсың. Айталық Венгрия – Мажарстан, Польша – Лехистан, Болгария – Бұлғарыстан, Германия – Жәрмен, Грузия – Гүрджістан, лезгін – ілезім. Осыларды жүйелеп шығу да ізденгендерге бір міндет. Өзімнің басты тақырыбым бойынша зерттеулерімді қорытындылап іргелі бір еңбек жасасам деймін.

¹ Мақсұмова Айша : ол Мақсұмқызы Оңайша, Мақсұмқызы Айша Мандокине.

- Енді газет оқырмандарына бір ауыз тілек жазып берсеңіз.
- Жақсы.

Қолына қалам алып төмендегі сөздерді жазды.

*«Лениншіл жас» газетінің құрметті
оқырмандарына!*

*Мажарстандағы қыпшақ халқынан
бауырластық сәлем жолдаймын!
Табыстан табысқа жете беріңіздер.
Қоңыр Іштуан Мандоки.
1984-жылғы Желтоқсан айының 4-күні.*



ШЕРМАНБЕТОВА Бахтыгүл
(Кыргызстан)

КӨБӨЙӨ БЕРГИЛЕ ТУУШКАНДАРЫМ¹

Бул киши Кыргызстанга бир нече жолу келип кеткен. Азыркы келишинде да өзүнүн ишине байланыштуу тарыхчи, этнограф, тилчи – окутуштуу катары келип отурат. Венгриянын көрүнүктүү илимдери, Мажар Илимдер академиясынын кызматкери Мандоки Конур менен аңгемебиз да мына ушул багытта болду.

– Кыргыз элинде бир сонун лакап бар, эсимен чыгып кетиптир, ал мындайча – деп сөзүн баштады. – «Биз өткөндөн үлгү алып, ошонун негизинде жашайбыз» дегендей. Анын сыңарындай, тарыхсыз эл жок. Тарыхты ойдон чыгарып, аны божомолдоп, канча жазба баары бир чыныгы тарых калк арасында, калк казынасында жашап кала берет. Кыргыздарда жылкы бакса, мал бакса анын таза кандуулугуна карайт эмеспи. Ошондой эле кеп. Тарых да эч качан бурмаланбай, так, далилдүү, таза чындыгы менен кийинки урпактарга, муундарга жетиш керек. Өз санжырабызды, ата-баба тарыхын билбесек келечекке жол жок.

Жети атасын билбеген кыргыз эмес. Бирок, байкашымча азыркы кыргыз жаштарынын көбү түпкү аталарын билбейт. А тургай андан да жаманы өз тилин чала билип жатпайбы. Албетте, бул ыйманга сыйбаган өндүү.

Эми тарых тууралуу. Менин оюмча тарых илимдердин атасы. Анткени, ал баарын өзүне камтыйт. Ал биздин тилибиз менен келип отурбайбы. Ошон учун тил илими менен тарыхты катар алып жүрүшүбүз керек.

Миндеген жылдар бою айрым инсандар бардык илимдер боюнча илимпоз болуп келсе, сонку жылдарда гана илимдердин адистик жолу ачылды. Муну тарых менен байланыштырып айтып жатам. Ар бир тарыхчы өзүн эң мыкты тарыхчы деп атай албайт. Жакшы тарыхчы болуу үчүн ошол элдин, мисалы, кыргыздын үрп-адатын каада-салтын эң жакшы билиш керек. Кай бир учурда айрым тарыхчылар кыргыз тарыхын изилдейбиз деп эле орус элинин тарыхына таянып жазган учурлары болот. Бул туура эмес.

– Сиздерде. – деди наарызылана, – тарыхты окутуу да дурус эмес экен. Кыргыз элинин тарыхы доорлордун өзгөрүшүнө карата кытайча, фарсча, грекче, арабча жана кийинчерээк орус тилинде жазылып калган. Бирок, анын баарын үйрөнүүгө кимдин чолосу тиет? Ошентсе

¹ Кыргызстан пионери. – 1989. – 9 август.

да ошол тилдерди үйрөнүүгө кимдин чолосу тиет? Ошентсе да ошол тилдерди үйрөнүүгө аракеттенүү керек. Чыныгы тарыхчы болуу үчүн да бул өтө зарыл.

Жашоо расимин, каада-салтын, өнөрүн (этнографиясын) да жакшы билүү абзел. Анын сыңары кыргыз тарыхын билиш үчүн эң биринчи «Манастан» башташ керек. Айта кетчү нерсе, азыр силердин Илимдер академияларда бул боюнча жаш тарыхчылар жакшы өсүп келатыптыр. Мен аларга ыраазы болдум.

– Кыпчак эли Орто кылымдардан мурда эле болгон. Буга кытай тарыхында жана Орхон-Енисей эстеликтеринде жазылгандар далил. X–XIII кылымдарда бугунку Венгрияга чейин барышкан.

Качан гана Чыңгыз хан басып келгенде, бөлүндү-бөлүндү болуп, туштарапка чачырап кетишкен. Азыр кыпчактар ар кайсы улуттардын ичинде бар. Тил жагынан болсо кыпчак тили – тектеп түрк тилдерине кирет. Өкүнүчтүү нерсе, биз Венгриядагы кыпчактар тилибизден айрылганбыз. Анткени, саныбыз аз. Орто кылымдардагы согуштарда венгер элин душмандардан коргодук. Анда бир тобу кырылды. Андан кийинки согуштарда да кыпчак элинин бир тобу жоголуп кетти. Элибиздин саны азайып, мыктылары кайтыш болгон соң тилден да айрылдык. Эки кылымдан бери тилибиз жок. Кагаз жүзүндө бар дегилечи. Бирок, ал өлүү тил да. Биз өзүбүздү кыпчакпыз, Ата Мекенибиз Орто Азия деп сыймык менен айта алабыз. Орто Азия элдериндеги колдонулган айрым сөздөр бизде да колнолулган. Мисалы «атала» деген сөз кыргыз элинде эң сонун пайдаланылат. Ал эми кыргыздарда унутулуп калган сөздөр бизде «кагазда» бар. Мен буларды эмне учун айтып жатам? Не дегенде сиздерде баары бар, өз эне тилиндер, өз жериндер, улуу Чыңгыз Айтматовго окшогон дүйнөгө таанымал адамдарыңар ...

– *А сиз окумуштуу катары биздин элден өз улутуңарга байланыштуу бир нерселерди таба алдыңарбы?*

– Ооба. Бул биз учун пайдалуу. Анын үстүнө кыпчак менен кыргызларда этнография боюнча да көп жакындыктар бар. Айыл-кыштактагы жашагандар менен байланышсам дагы көп нерсени билет элем. Мал чарбачылыгы, салт-санаа, үрп-адат боюнча далилдерди чогултсам деген оюм бар.

Баса, бир байкаганымды айта кетейин. Ушул эле Фрунзе шаарында көчөлөрдүн аттары жөнүндө урунттуу пикирлерим бар. Өз элиндердин тарыхый окуялары, топонимдери, баатырлары көрүнүктүү адамдары азбы?

Жаштарыңдар ошо тарыхый окуялар, наамдар, адамдардын ысмы аркылуу көп нерсени, элинин таржымалын жакшыраак билишмек. Бул

өзү сиздерге жүрүп жаткан кайра куруу талабына ылайык эмеспи. Венгер балдары өз элинин баатырларын сыймык менен айтышат. Баатырларга арналган эстеликтерди бардык жерден көрүүгө болот. Силерде ал да аз.

Жер-суу аттары да көп нерсени чагылдырат. Ар бир коюлган аттын өзүнүн мааниси, тарыхы болот. Бирок, сиздерге колхоз-совхоздордо жөнү жок эле коюла берген аттар көп экен. Мисалы, Лениндин ысымын туш келген жерге кое беришкен. Андан көрө анын эмгектерин окуп үйрөнүш керек. Ошондо гана улуу адамдын осуятын сыйлаган, урматтаган болобуз. Сиздердин элге бир мүнөздүү нерсе фамилиялар туура эмес колдонулат «ов» – деген бул славяндарга ылайык. Ушунун өзүнөн эле кыргыз дагы бир улуттук нерсесинен аттап кеткени билинип турат. Ошондай болсо да күмбөздөрдө «баланча кызы», «баланча уулу» деп жазылгандарын көрдүм. Бул туура. Ушул жерде казактарды мисал кыюгым келет. Алар күмбөзгө каза болгон кишинин уруусун, түпкүлүгүн толук жазат. Бул эң сонун тарых салт.

Конур ага ойлуу тартып, бир саамдан кийин мындай деп калды.
– Венгер жери мейкин түздүк. Силердики тоолуу, кооз жер. Эмнегедир ушул жерге келген сайын өз ата-бабаларыбыздын жергесине келгендей сезим жаралат. Анткени, биздин жомоктордо жаратылыш так ушул кыргыз жергесинин жаратылышындай сүрөттөлгөн. Ошондон улам болсо керек, өзүбүз негедир ушундай жерге ээ болбой калганыбызга өкүнөбүз. Ал гана эмес. Орто Азиядан барган өкүлдөр менен жолугушканда алар өз жерлерин сүрөттөп айтып берсе, карыларыбыз ошол жакка кетебиз дешет. Бирок, кайдан...

Аңгеме аягында ал биздин төмөндөгүдөй каалоо айтты:
– Кыргыздардын салты боюнча бир кездерде бала тарбиялоо эң мыкты деңгээлде болгон. Улууну урматтап, кичүүнү ызааттоого үйрөтүшкөн. Бирок, шаар жерлеринде, башка улуттар аралашкан жерлерде, балдардын тарбиясы бузулууда деп угуп жүрөм. Андыктан балдарды ата-бабалардын салты боюнча тарбиялоо керек. Өзүңөрдүн бабаларыңыздын салтын, үрп-адатын сактап, ыйык туткула. Дегинкиси кыргыздар көбөйө берсин.






«ҚАЗАҚ МЕНІҢ БАУЫРЫМ...»

Қоңыр Іштуан

**(Мандоки Қоңыр Иштванның
ғұмырнамасынан)**



«ҚОҢЫРДЫҢ ЕКІ ХАЛЫҚТЫҢ АРАСЫНДАҒЫ
ҰЛЫ ТАРИХИ ҚАНДАСТЫҚТЫ ЖАН-ЖАҚТЫ
ДӘЛЕЛДЕП ҚАНА ҚОЙМАЙ,
ЕЛ МЕН ЕЛДІҢ БІРЛІГІ, ОРТАК
МӘДЕНИЕТТІҢ ГҮЛДЕНУІ,
ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАРДЫҢ КЕМЕЛДЕНУІ
ЖОЛЫНДА АЯНБАЙ ЕҢБЕК ЕТКЕНІН
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ МАҚТАНЫШПЕН ЖАДЫНДА
САҚТАЙДЫ, ҮЛГІ-ӨНЕГЕ ТҰТАДЫ»

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

МАНДОКИ ҚОҢЫР ИШТВАННЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

МАНДОКИ ҚОҢЫР ИШТВАН Мажарстанның Қарцаг қаласында 1944 жылы ақпанның 10-да дәулетті жер иесі Мандоки Шандор мен Кочкор Караси Ержебеттің кенже баласы болып дүниеге келді

1955 жж.дан түркі тілдеріне аңсары ауып, үйренуге бел буады

1957 ж. Түркітанушы, академик Немет Дьюлаға хат жазып, түркі тілдерін үйренуге жәрдем сұрады

1958-1962 жж. Карцагтағы ауылшаруашылық техникумында оқыды

1962 ж. кәмелеттік куәлік (аттестат) алды

1961-1963 жж. Ат шабандоздары мектебінде қызмет етті және ат спорты бойынша ел біріншілігінде бас жүлдеге ие болды

1963 ж. Жерлесі құман-қыпшақ текті академик Немет Дьюланың партиялық кепілдемесі арқасында Өтвөш Лоранд атындағы Будапешт мемлекеттік университетінің гуманитарлық факультетіне түсіп, түрік бөлімінде түркітанушы мамандығы бойынша оқыды

1965 жылдан Қоңыр Иштван университет қабырғасынан бастап, студент кезінде ғылыми экспедициялармен Польша, Румыния, Бұлғариядағы түркі тілдес халықтардың әдебиеті мен тұрмыс-салты туралы деректерін жинақтайды: ол Польшадағы қарайымдар, бұлғариядағы түріктер және Румыниядағы Добружа татарлары арасында зерттеу мақсатында болды

1968 ж. Сечени атындағы Мемлекеттік кітапханада ғылыми қызметкер, Өтвөш Лоранд атындағы Будапешт мемлекеттік университетінің түркология кафедрасында ассистент болып қызмет етті

1969-1970 жж. Көрөши Чома қауымдастығында ғылыми координатор болып қызмет етті

1970 жылдан бастап Мажарстан Ғылым Академиясының Алтаистика зерттеу орталығының ғылыми қызметкері қызметіне ауысты

1971 жылы «Добруджа татарларының тілдік зерттеулері» тақырыбында университет докторы жұмысын *summa cum laude* дәрежесімен үздік қорғап шығады

1974 жылдан Монғолиядағы көне түркі ескерткіштері мен қазақ, тува шоғырының арасында болып, фольклорлық, этнографиялық деректерді жинауды жалғастырды

1976 ж. Қоңыр Иштван тұңғыш рет Қазақ жеріне келді

1977-1992 жж. Қоңыр Иштван Орта Азиядағы Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Кавказ бен Қара теңіз

аймағындағы қарашай, ноғай, қырым татарлары, құмықтар сияқты түркі халықтарын аралай бастады

1980 ж. Қазақ қызы Онайша Мақсұмқызымен тұрмыс құрды

1981 жылдан бастап зерттеу жұмыстарын Башқұртстан мен Татарстанда жалғастырды

1981 жылы «Мажарстандағы құман тілінің ескерткіштері» тақырыбында диссертация қорғайды

1992 жылы, 22- тамызда Дағыстан Республикасының Макачкала қаласында МАНДОКИ ҚОҢЫР ИШТВАН дүниеден озды

1992 жылы 3-қыркүйек күні өз аманатымен Алматыда Кеңсай зиратына жерленді

1993 жылы ұлы Мандоки Атлан дүниеге келді

* * *

1993 жылы Мажар Ғылым Академиясының үкімімен оған ерекше еңбегі үшін Постумус сыйлығы берілді.

1993 жылдан Үлкен Құмания өлкесіндегі туған қаласы Карцаг муниципалитетінің және бірқатар қорлардың қолдауымен «Шығыстық тектеріміз» атты ғылыми серия ұйымдастырылып, Мандоки Қоңырдың еңбектері жарық көре бастады.



Булат КУМЕКОВ
академик НАН РК, доктор
исторических наук, профессор

КАЗАХИ И ВЕНГРЫ: ОБЩИЕ ИСТОРИЧЕСКИЕ КОРНИ¹

Посвящается памяти Конгура И. Мандоки.

Общая картина исторического процесса становления казахской и венгерской народности свидетельствует о чрезвычайной его сложности, о специфике сути и направленности этнического развития на протоказахской и протовенгерской территориях. Вместе с тем исторические реалии далекого прошлого подчас рельефно обнаруживают взаимосвязанность такого процесса и общность исторических судеб двух народов. Об этом же говорит и единство ряда этнокомпонентов, вошедших в состав казахов и венгров, равно как имеющие у них место лингвистические, топономические, антропономические и антропологические параллели.

Этнический аспект взаимосвязей двух народов рельефно проявляется, прежде всего, на примере групп мадьярских, куманских и кыпчакских племен, сыгравших существенную роль в процессе формирования казахов и венгров. Как известно, средневековые тюркоязычные кыпчаки явились основным ядром в образовании казахского народа, а мадьярские племена стали консолидирующей основой при сложении венгерского народа.

Казахско-венгерские взаимосвязи своими корнями уходят в глубь веков и ассоциируются с историческими процессами, которые протекали на территории Западного и Северного Казахстана и в смежных с ними областях Западной Сибири, Приуралья и Поволжья. На просторах этой обширной лесостепной и степной полосы в эпоху древности и раннего средневековья наблюдались этногенетические процессы, основным содержанием которых было взаимодействие и смешение сарматоаланских, угорских, прототюркских и тюркских племенных групп.

На различных этапах исторического процесса и в разных географических областях этническое развитие казахского и

¹ Қазақстанның ғылыми әлемі. Научный мир Казахстана. Scientific World of Kazakhstan. International scientific journal. Shimkent. – 2008. – № 1. – С. 62-74

В Кумании и в ее окрестностях применяются нижеследующие слова. Доктор Коныр Иштван собирал одну из групп этих слов: акош (agis) — на казахском агыс — течение реки Ыайса — паиза (официальное разрешение), baqag- на казахском барак — высокий, длинношерстный пес пастуха; csollag — (шолак) одноногий, хромой и много десятков слов лексики. Среди других слов можно указать на эти: docku, kangjiga на казахском канжыга — для украшения седла; gaqambel — калампыр — гвоздика; ajnas — любимый (оинас) (ojnas) и др.

Коныр всесторонне разъясняет значение имен собственных, происхождение которых не изучалось в контексте куманских слов.

Фамилии на куманском языке. Автор собственноручно собирал их в куманских городах, из протоколов городских собраний, из семейных записей или из куманских семей, с которыми ему случалось общаться: **Agbura** (Ag Bura – белый бура)¹, **Kada** (Qada-колышек), **Karacs** (Qarac), **Karaszan** (Qarasin, Qarazun- глядеть), **Kuvandar** – **Куандар** (Поверили, надеялись, обрадовались), **Köszömös** – дорогой, вождь (это фамилия матери Дьюла Немета, всемирно известного венгерского тюрколога. В качестве фонетического эквивалента приводит фамилию **Kocskor** (Кочкар), **Tokszoba** (Tog Saba – полная глотка) и **Qasagac** – Қос ағаш – дерево с двойным стволом и т.д.

Раскрывает тайну географических наименований, которые широко распространены во всей Венгрии, ранее остававшиеся неразгаданными: **Аткар**, географическое название произошедшее от человеческого имени, название рода, но оно используется как антропоним и топонима. Такие названия тоже происходили от имен собственных. **Тугел** (по кумански – тугел-целостный) географические названия от возможно печенежского языка, **Токол** – географическое название от имени человека, **Баяндур** – название рода, но использовалось как имя собственное. **Шивак** (Шуак) – название от имени собственного. **Ербуга** – географическое название от имени собственного, **Печене** (маленький сокол) и т.д.

Мандоки Коныр собирал богатый фактологический материал по многовековой истории тюркских народов, культуре, их цивилизации, руководствуясь передовыми научными методами того времени он собирался написать большую работу о тюркских народах, подытоживая все накопленное после своего пятидесятилетнего возраста. И он об этом говорил откровенно. Но преждевременная смерть лишила его этой возможности. В 1992 году 22 августа от сердечного приступа в городе Махачкале покинул этот мир яркий представитель тюркологии, который мог бы еще многое поведать этому миру о том, кто такие тюркские народы. Он был похоронен 3 сентября на кладбище Кенсай города Алматы Республики Казахстан, рядом с великими сыновьями казахского народа. «Он ушел из жизни, находясь в пути среди живой культуры, которую изучал в течение всей своей жизни, а не рядом со своей богатой библиотекой». Значительное время своей жизни Коныр тратил на сбор духовного наследия среди азиатских народов и на чтение лекций в европейских университетах. Его также часто приглашали университеты США и Турции, предлагались дипломатические должности, но он не разменивал свои научные поиски ни на что другое.

¹ Ак бура – белый племенной самец двугорбого верблюда

Коныр особо выделялся в среде и без того редких ученых, которые имели глубокие, конкретные, реальные познания о тюркских народах. Академия Наук Венгрии удостоила его премии Постумус в 1993 году.

Горы возвышаются все выше, чем они дальше. Это свойственно и великим людям, похожим на горы. Хоть он и не успел до конца поделиться плодами своего титанического труда, но путь под названием «След Коныра» он оставил. Венгерский народ и все тюркские народы еще долго будут изучать его наследие с тем, чтобы как следует освоить их.

Мечтой Коныра было возрождение былого величия всех тюркских народов, и он, не скрывая, говорил об этом вслух на каждом шагу. Он на эту свою мечту смотрел с большой верой. И он не ограничивался только ею, а делал все, что было в его силах, чтобы приблизить забытое прошлое, помирить поссорившихся для благоденствия тюркских народов. Но то, что наследие Коныра остается неосвоенным, закладывается в долгий ящик является огромным минусом для нас, казахских граждан, чьи земли он выбрал в качестве колыбели вечного покоя. Разумеется, нелегкое дело – осмысление научного наследия Коныра, которое является трудом высочайшего уровня, пропагандировать его, перевести на русский и казахский языки. Издание работ Коныра на соответствующем уровне вместе с научными комментариями и разъяснениями – это громадный труд, который возможен только при государственной поддержке. Надеемся, что это доброе дело ожидает нас впереди со всей своей сложностью и радостью, которых оно несет.

Литература:

1. Ökrösné Bartha Júlia. Magyarországi turkológia és Kunság kapcsolatai. (előadás) // Қазақ елі. – 1996. – 6 қырк., №25. (Қазақ тілінде).
2. Agoston Gabor-Makszumkizi Ongajsa. Mándoky Kongur István emlékere // Jaszunksag.
3. Henryk Jankowski. In memoriam István Mándoky Kongur // Journal of Turkology. – Winter 1993. – Vol.1, Number 2. – P. 327–332
4. Zsuzsa Kakuk. Kun nyelv magyarországi emlékei // Journal of Turkology. 1993. – Vol.1, Number 2. – Winter. – P.327–332.
5. Торма Йозеф. Последнее путешествие Мандоки Конгура в Турцию // Столичное обозрение. – 1996. – 14 декабря, №50.
6. Саламат Өтемісұлы. Ұлы құштарлық // Парасат. – 1996. – №8.
7. Қинаятұлы Б. Қоңыр Дала, Қоңыр ұл // Азия апталығы. – 1994.

МАЖАРЛАР МЕН ҚҰМАНДАР ЖАЙЛЫ АЗ СӨЗ¹

Мажарстан шығыстану ғылыми мектебінің дамуы мен қалыптасуы ел аумағында жүрілген тарихи оқиғалар мен мәдени, этникалық үрдістермен тығыз байланыста туған. Б.з. ІҮ ғасырында Еуропаға қоныстанған Еділ (Аттила) бастаған хұндар, 670 жылы Баян бастаған түркі тілді аварлар қазіргі Мажарстан аумағынан қоныс тапқан. ІХ ғ.да Карпат таулары қойнауына қоныс тепкен мадиярларға ХІІІ ғ. орта тұсында барып қосылған печенег, қыпшақ тайпалары мадияр халқының қалыптасуындағы түркілік пластын арттыра түсті. ХҮІ ғ.дан Осман түріктері Мажарстан жерін (ол тұста ел аумағы әлдеқайда көлемді еді) иеленгеннен кейінгі уақытта тілдік, мәдени әсерлері жан-жақты күшейе түсті.

Сондықтан да мадиярлар үшін шығыс тек географиялық ұғым емес, онан да кеңірек, яғни тарихи, мәдени аймаққа саналатындықтан елдің көптеген оқымыстылары шығысты жиі бетке алып сапар, саяхат ұйымдастырып тұратын үрдіс қалыптасқан. Яғни, шығыстану ғылымы мадиярлар үшін ұлттың өзін-өзі танып білудің мұраты ретінде жолға қойылған. Ондай өз ұлтының этногенезі ең түптамырын іздеу мақсатындағы алғашқы сапарлар қатарында 1235 жылы Юлиан фратердің бастауымен шығысқа саяхат жасап, Еділ, Кама бойынан туысқан жұрттарды тапқан және ол аумақ мадияр тарихында “*Magna Hungarica*” (Прородина венгров—Мадиярлар атақонысы) атпен аталады.

ХҮІІІ-ХХ ғғ.да шығысқа қарай, соның ішінде түрік халықтары арасына ондаған мәрте мадияр ғылым экспедициясы жіберілді: алғашқылардың бірі болып әйгілі Көрөчи Чома (мадиярлардың есімдері мен жер су атаулары слав тілінің ықпалымен қазірге дейін қазақ тілінде бұрмаланып таңбаланып келді-авт) 1819 жылы Үндістан, Тибетке жол тартса, оның ізімен Вамбери Армин тіл зерттеу мақсатымен түркі жұрттары ортасында болды. Бұлардан кейінгі лекте Уйфалви, граф ағайынды Сеченилер, Алмаши, Хунфалви қатарлы ғалымдар бірнеше зерттеу сапарларын ұйымдастырып, нәтижесінде

¹Шетелдегі қандастардың мәселесі. Қоғам қайраткері, қаламгер Қ. Найманбаевтың 60 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда оқылған баяндама. Алматы, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы. 2004.

түркі халықтары жөнінде жағымды, нақты деректер мен мәліметтер Еуропа, батыс әлеміне таныла бастады...

Ұсынылып отырған әңгімем қазақтармен өздерін етене жақын санайтын шалғай Еуропадағы туыстары – мажарлар туралы ғылыми баяндама емес. Себебі мен тілші де, тарихшы да емеспін, тек Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының жәрдемімен мажар ағайындары арасындағы ынтымақтастық пен байланысты нығайтуға атсалысып жүрген азаматпын.

Барлығымызға белгілі, мажарлар мен шығыс жұрттары арасындағы тамыры терең байланысты зерттеп, зерделеу өте ертеден басталған және біздің халқымыздың ежелгі аңсар мұратынан туындаған және өте жоғары әспеттелетін ұғым. Кейінгі кездер екі халықтың, дәлірек айтсақ қазақтар мен Мажарстандағы құман-қыпшақ жұрты арасындағы тарихи, тілдік, мәдени, рухани байланыстар мәселесін зерттеп, зерделеуде Мандоки Қоңыр Иштван ерен еңбек тындырып, үлкен соқпақтың сорабын салып кетті. Сол сара жолмен марқұм Қоңырдың қайта түлеткен ұлы бастаманы жандандыру, үлкен биіктерге көтеру мақсатында Мажарстандағы құман-қыпшақтар одағы Дүниежүзі қазақтар Қауымдастығымен орнатқан іс бабындық нақты байланыстар мен оның жәрдеміне үлкен үміт артамыз. Сонықтан да мен бүгін құман-қыпшақтардың Мажарстан тарихы мен мәдениетіндегі атқарған міндеті мен қазақ-құман байланыстарының маңыздылығына қысқаша тоқталмақпын.

Әмбеге аян, өткен тарихтағы бір үлкен ортақ мақтанышымыз бар. Ол – қыпшақ деп шартты түрде аталған әлеуетті жұрт XI ғасырға дейін Еуразияның апайтөс даласының толыққанды иелері болып, қуатты империя мен одақтар құрып, адамзат тарихында үлкен із қалдырғандығы. Кескілескен шайқастар, соғыс, саяси, әскери сойқандар барысы олардың іргесін батысқа қарай кеңіте түсті.

Еділ мен Дунайдың төменгі сағасы аралығында дүниеге келген империяның недәуір бөлігі Дон мен Днепр аралағында қыпшақ—құман одағы түрінде салтанат құрды. Алайда олар 1223 жылы Қалқа өзені бойында моңғол қолдарынан күйрей жеңілуі мен 1239 жылы моңғолдардың қайта шабуынан есеңгірей, тізе бүгеді де, бір тобы сол кездегі Мажарстанға бас сауғалай қашады. Құман-қыпшақтар онда көп байырқалай алмады. Себебі олардың билеушісі Көтеннің (слав деректерінде көбіне Котян атауымен белгілі) қастандықпен өлтірілуі құман-қыпшақтарға елді тастап кетуге апарды. Бірақ, кейіндер мажарлардың хан тағына келген IV Бела оларды қайта шақырып, иен қалған жерлерге қоныстандырады. Осылайша құман-қыпшақтар аздаған уақыт ішінде мадиярлардың бір бөлігіне айнала бастайды.

Құман-қыпшақтар мажарлар үшін еркіндік пен азаттықтың үлгісі болды. Кең далада еркін сайрандаған олар Мажарстанда да сол қалыбын жалғастыра түсті. Олар негізінен хан ордасының сенегі, сенімді нөкерлеріне саналды. Мажарлардың Тұрыл тайпасынан шыққан билеуші ханы лақап атпен құман (кун) Ласло аталды. Мұндағы құман, яғни, қыпшақ атауы Ханның әйелі қыпшақ болғандығымен емес, керісінше ол қыпшақтардың мәдениет қалыбы мен өмір салтын ұстанып, құман кеңесшілерді таңдауы мен құмандардың арасында өмір кешкендігімен тікелей қатысты. Құман Ласлоның құман-қыпшақтарға осыншама жақындасуы мен оларға иек артуы Ханға деген ниеттің батыс тарапынан қарсылықтарды шиеленестіре түсті және құмандарға қарсы үздіксіз шабуылдарды күшейте түсті. Рим католиктері де оларға аса жиіркенішпен қарады. Шынымен-ақ, құман-қыпшақтардың мажарлар құрамына келіп қосылуы оларға өздерінің шығыстық тектен екендігін тағы бір жаңғырта есіне салып қана қоймай, мәдениетіне де үлкен тың серпін әкелген айтулы оқиға болды.

Бұл кезең моңғол—татар шапқыншылығы тұсымен дөп келуі батыс мемлекеттеріне үлкен үрей туғызды. Себебі енді ғана христиан дінін қабылдай бастаған мажарлар батысты моңғол—татарлардың қатерін қорғамақ түгілі олармен тізе қосып, қол біріктіре отырып, батыс Еуропаны басып алады деп қауіптенді. Алайда тарих ағысы олай болмай шықты.

Отансүйгіш мадияр жұртының өзегін өртейтін бір өкініш бар: ол — 1526 жылы мадиярлардың дербес хандығы құлағаннан кейінгі дәуірлерде өз ықпалын жүргізген өгей империялар мен одақтар саясаты кесірінен мадиярдың көне тарихы мен мәдениетіне қатысты жазбаша және материалдық деректер мен жәдігерлерді құртып жібергендігі еді. Бұл саясаттың мақсаты айқын,— мадиярлардың санасынан шығыстық тектамырына қатысты ортақтастық пен сабақтастықты ардақтаушы сезімді өшіру болатын. Бағымызға қарай мұндай жымысқы саясаттар өз дегеніне жете алмай, опық жеді, мадиярлар өзінің нағыз бет-бейнесімен, өзіндік қадір-қасиетін мейлінше сақтауға тырысып бақты. Мадиярлардың осы бір мақтаныш сезімін мен бүгінгі құрметті мінберден сөз ете отырып, қазақ тарихшыларын мажар, құман-қыпшақтардың көне тарихын тереңірек, кең көлемде зерттеуге күш біріктіреді деп үміттенемін.

Бұл орайда, біздің тарихымызға қатысты деректердің көп қырлы екендігін бір ғана мысалмен айтқым келеді. Өте сирек бір деректе Кавказда Құманмадиярия (Кунмадиярия) мемлекеті салтанат құрғандығы жайында баяндалады. Алайда мадияр тарихына қатысты

жәдігерлерде бұл жайында айтылмайды. Мемлекет астанасы Мадияр аталған және Эльбрус шыңының іргесінде үлкен Сылынжык өңірінде болған. 1395-1396 жылдары ақсақ Темір әмірімен құманмадиярия құлатылып, астанасын жермен жексен еткен делінеді. Кунмадиярия аталған елдің билеушілері де мадияр аристократтарының шыққан тайпасы-Турулдан (Тұрұл мифтік құс*-ауд) тарайтындығын ескерсек олар сөз жоқ Карпат бассейніндегі мадиярлармен туыстық байланыстары болған деуге негіз бар.

896-жылдары Карпат бауырайына Арпад императордың басшылығымен қоныс тепкен мадиярлардың үлкен бір бөлігі Азиядағы туыс жұрттардың ортасында қалып қоюы әбден ықтимал. Бүгінгі кез келген мадияр өзінің ата-бабаларының шығыстан келгендігін мақтаныш тұтады және қадір қасиетінше әспеттейді, сол арқылы шығыс жұрттарымен рухани ынтымақтастықты, туысқандықты, сан қырлы байланысты дамытуға аса мүдделі.

Адамзат тарихында үлкен империялар мен өркениетпен мәдениеттің бесігі саналып келген кең байтақ Қазақ жерінде біздің ортақ тарихымызға қатысты мыңдаған құпиялар бүгіліп жатқандығы сөзсіз, және сол телегей теңіздей тарихты бірлесе игеруде атқарылар істер көп.

XX ғасырдың соңғы онжылдығында бүкіл әлемді қамтыған өзгерістер нәтижесінде соңғы бірнеше жыл ішінде екі мемлекет арасында ғасырлар бойы армандаған мүмкіндіктерге қол жетті. Көнеден келе жатқан бауырмалдық пен туыстық сезіміміз жанын пида еткен ата-бабалармыздың өрлігі мен өжеттігінің өтеуіндей әлі сайрап тұр. Бағзы дәуірден бері әділет пен азаттықты ардақ тұтқан екі халықтың бүгінгі ұрпақтары үшін тамыры тереңнен бастау алатын тарихи сабақтастықты дамытып, аялай отырып, оны берік баянды етуге күш салу үлкен болашақтың жарқын көрсеткіші бола алмақ. Мәдени және экономикалық салада екіжақты ынтымақтастықты мейлінше нығайта отырып, өте сенімді серіктестікке қол жеткізудің мүмкіндігі бар.

*Мадияр тілінен аударған:
тарих ғылымдарының кандидаты Бабақұмар Хинаят*






**«СІЗ БЕН БІЗ
ТУЫСҚАНБЫЗ»**

Қоңыр Иштван

(Мандоки Қоңыр Иштванның
таңдамалы еңбектерінен үзінділер)



ТАРИХ – БІР ҒАЛАМАТ
АЛТЫН КӨПІР
ҰРПАҚТЫ ҰРПАҚТАРҒА
ЖАЛҒАЙТУҒЫН.

Ж.Молдағалиев

МАНДОКИ ҚОҢЫР ИШТВАН
«Зерттеу нысанымның негізгі бағыттары»
(марқұмның өз жазбасы бойынша)¹

1. Көне және бүгінгі қыпшақ жұрттарының тарихы, тілі, мәдениеті мен әдебиеті, фольклоры және этнографиясы;

2. Моңғолиядағы түркі және ұйғыр руникалық жазба ескерткіштеріне қатысты деректерді жинақтау және зерттеу;

3. Моңғолиядағы тува, сондай-ақ (бұрынғы) Кеңес Одағының өзбек, түркімен және Романия мен Бұлғариядағы гагауздарды этнографиялық, лингвистикалық және фольклоралық тұрғыдан зерттеу;

4. Түркі – мадиярлардың көне тарихи байланыстарын зерттеу (мадияр тіліндегі көне түркінің кірме сөздері, печенег-қыпшақ кірме сөздері, сондай-ақ башқұрттар мен мадиярлардың тарихи және тілдік байланыстары).

* * *

1.1 Ертедегі және бүгінгі қыпшақ жұрттарының тарихы бойынша: қытай, араб, парсы, грузин, армян, слав, латын, мадияр, роман, араб тілдеріндегі дереккөздер мен жәдігерлерден (біздің жыл санауымыздан бұрынғы) бастап бірінші мыңжылдықтың орта шегіне дейінгі аралықтағы құман, қыпшақ жұрттары мен этностарының тарихы және XV–XVI ғасырлардағы дәуірлеуі, ірілі-ұсақты тайпалық одақтары мен мемлекеттерінің құрылуының тарихи жағдайы. Атап айтқанда, XI–XIII ғғ.-да шығыс Еуропа – Орта Азиялық ұлы Қыпшақ тайпалық Одағы; Дешті Қыпшақ империясының құрамындағы жұрттарының және XII–XV ғасырлардағы Мысыр және Сириядағы Мәмлүк Сұлтандығының тарихы; Мажарстан мен Балкандағы құмандардың тарихы туралы зерттеулер зерттеуімнің бір бөлігін құрайды.

Сондай-ақ, Алтын Орда тарихымен шұғылданумен бірге Қырым, Қазан, Қасымов хандықтарының тарихтары мен оған қатысты хан жарлықтары мен пайзі, деректерді зерттеу болады. Алайда, бір әріптесім (Вашари Иштван) аталмыш бағытта белсенділікпен іздене бастаған соң соңғы аталған бағыт бойынша зерттеу жұмыстарымды тежей тұруға тура келді.

¹ *Мажарстан Ғылым Академиясының Іргелі ғылыми зерттеулер бағдарламына арнап ғылыми-зерттеу жұмысының есебі ретінде мадияр тілінде жазып, басу машинкасымен терілген жазба Қоңыр мұрағатында сақтаулы. Қазақшаға, орысшаға аударған Бабақұмар Хинаят.*

1.2 Мажарстандық және Балқандық (Румыния, Бұлғария, Югославия, Греция, Түркиядағы) құмандар мен ұсақ этностардың тарихын, тілін, мәдениетін зерттеу – зерттеу нысанымның негізгі бір бағытының бірі.

Көптеген мақалалар мен ғылыми жарияланымдарды Мажарстандағы құман-қыпшақ тілдік ескерткіштері мен іздеріне арнадым. Онда құмандардың санамақ, көк тәңіріміз киесіне арналған дұға, халық әндері мәтінінің фрагменттері, діни ән-жырлардың аудармасының мәтіні, құман текті антропонимдер мен топонимдер, мадияр тіліндегі құман кірме сөздері, құман диалектілері қамтылған.

Сонымен қатар құмандардың тарихы мен этнографиясына қатысты мәселелер (құмандардың тайпалық құрылым жүйесі, құмандардың Мажарстанға қоныстануы және олардың киіз басу, баспана дайындау үлгілері, ұзақ жылдар бойы сақталған шаруашылық түрлері (типі) – мал шаруашылығы, оның ішінде жылқы мен қой өсіру мәселелерін кеңінен, кешенді түрде зерттеу) төңірегінде де кеңінен қалам тербедім және зерттеу нәтижелерін көлемді монография түрінде жарыққа шығару өз кезегін күтіп тұр.

1.3 Қыпшақ жұрттарының тарихы мәселесі бойынша. Ең әуелі Кеңес Одағындағы, Қытай мен Ауғанстанда тұратын қыпшақ жұрттарының, атап айтсақ: қазақ, қарақалпақ, қырғыз, ноғай, балқар, құмық, қырым татарлары, Добружа татарлары, Еділ бойы башқұрты, Қазан татарлары тарихымен шұғылдандым. Он жылдай бойы Алтай-Саян-Абақан өңіріндегі түріктердің тарихымен белсене шұғылданып, аталмыш тақырыпқа арнап бірнеше мақала жарияладым.

1.4 Қыпшақ текті халықтардың жана заманғы тілі мәселесі тақырыбында 1965 жылдан бері өз тарапымнан жылына 2-3 мәртеден (қазірге дейін 42 мәрте) тілдік-этнографиялық-фольклорлық экспедициялық зерттеуді Румынияда, Бұлғариядағы Добружа, Дели орман өңірінде, өткен ғасырдың екінші жартысында қоныс аударылған татар шоғыры ортасында жүргізіп келемін. Аса көлемді лингвистикалық белгілеулерім мен деректерімнің сыртында 40 мыңдай сөзден тұратын татар диалектологиялық сөздігін дайын еттім. Оны жуық арада Мажарстанда, бәлкім Түркияда баспаға ұсынбақ ойдамын.

Бұған қоса заттық этнографиялық мәдениетке қатысты көлемді деректер мен татар фольклорының бірнеше томға жүк боларлық – халық ертегілері, батырлар жыры, халық әндері, айтыс үлгілерімен, жұмбақ, мақал-мәтел, шешендік сөздер үлгілерін жинақтадым. Бұл тақырыптар бойынша 6 мақала жарық көрді.

1.5. Қыпшақ текті халықтарды кешенді зерттеу мәселесі бойынша 1966 жылдан бастап 13 мәрте Батыс Моңғолиядағы Баян-Өлгий, Қобда аймақтарында тұратын қазақ шоғыры ортасында кешенді түрде экспедициялық зерттеулер жүргізіп келемін. Нәтижелері көлемді лингвистикалық деректер, диалект сөздер жинағы, бірнеше томға жетерлік батырлар жыры, ертегілер, қара өлең, айтыс, мақал-мәтел, жұмбақ, шешендік сөздер қатарлы сирек кездесетін, құнды ауыз әдебиет үлгілерін жинақтадым. Бұған қоса көшпелі болмыс пен оған негізделген салт, сана, ойын мен спорт түрлерін және көшпелі мал шаруашылығы жағдайындағы түйе, жылқы, қой, сиыр бағу, өсіру тәсілдеріне қатысты жеке арнайы деректер жинақтап, ол турасында бірнеше мақала жариялап үлгердім. «Моңғолиядағы қазақтардың жұмбақтары» атты бір томдық жинақты ағылшын тілінде «Дәптер» деп аталатын серияға арнап дайын еттім.

2. Моңғолиядағы түркі және руникалық жазба ескерткіштерін зерттеу мәселесінде қазірге дейін белгілі ескерткіштер мен дереккөздерін зерделеп саралай отырып, жанаша талдауды ұсындым.

Аталмыш мәселеге қатысты жасаған 12 мәрте экспедиция барысында қазірге дейін беймәлім болып келген 8 ескерткішті, моңғолиялық әріптесіммен бірге 4 ескерткішті таптым және олар туралы зерттеу нәтижелерін жуық жылдарға жоспарлап отырмын.

3. Моңғолиядағы тувалар ортасында 2 мәрте ұзақ мерзімді экспедицияда болдым және болашақта әлі де болса жалғастыра түсу ойымда бар.

Осыған ұқсас мақсаттағы экспедициямен Өзбекстан, Түркменстанда қыпшақ-өзбек, түркімендер ортасында 2-2 мәртеден болып олардың өзіндік диалектісін фольклорымен және этнографиясымен қоса зерттедім.

Біршама фольклорлық материалдарды Бұлғария, Румыниядағы гагауздар арасынан жинадым. Бұлар жүйеленбеген белгілеулер болғанымен өте сирек кездесетін құндылығымен ерекшеленеді.

4. Көне мадиярлар мен түркілер байланысы тақырыбы бойынша: біріншіден, мадияр тіліндегі көне түркілік кірме сөздерін зерттеп, біршама сөздердің этимологиясын (*бір, бөрту, бүту, дионик, каптань, козма, тилт және т.б.*) шештім. Көбі жарыққа шықты, әлі де болса зерттелу үстіндегі біраз италдаулар бар. Екінші кезекте башқұрт пен мадияр тіліне ортақ саналып жүрген топонимдер мен этнонимдер тақырыбында белсенділікпен іздендім. Қазірге дейін ғылымда қабылданып, екі тілге ортақ саналып жүрген Иәнә, Нәмән, Кеше, Йуламан қатарлы башқұрт есімдері мадиярдың Иена, Кеси, Ньек,

Диула этнонимдерімен лингвистикалық және тарихи негіздерге байланысты ортақ байланыста деп қабылдаудың ағаттық екенін дәлелдей білдім. Керісінше, башқұрт-мадияр байланыстарына қатысты әлі де назар аударылмаған тың жағдаяттарды ашып көрсетуге ден қойдым.

Осы аталған негізгі зерттеу нысандарым бойынша 60-тай жазбаларым жарық көрді. Оның 40-қы ғылыми, 20-сы ғылыми-танымдық мақалалар.

Аударма саласында Добружа татарлары, ноғай, татар, қарашай, балқар, құмық, қырғыз, башқұрт, қарақалпақ, Қазан татарлары, алтай, якут, өзбек мәдениеті мен фольклорына қатысты көптеген аудармалар жасадым. Және жоғарыда аталған халықтардың әдебиетіне, фольклорына қатысты көп томдық жинақ, алғашқы аударма, контроль аудармалар жасадым, қайсыбіріне алғысөз, түсініктеме жаздым және редакторладым. Олардың жалпы саны 50-ге жақын.

Мандоки Қоңыр

(соңына Мандоки Қоңыр деп қолын қойған)
Будапешт, 1985 жыл, 25 наурыз.

Мадияр тілінен аударған:

тарих ғылымдарының кандидаты Бабақұмар Хинаят

Ескертпе: *Марқұмның өзі машинкаға терген бұл жазбаны қазақшаға аудару барысында түпнұсқаны мейлінше сақтауға тырыстық.*



«ҚҰМАН КОДЕКСЬ» («КОДЕКС КУМАНИКУС») ЖҰМБАҚТАРЫ¹

Валенциядағы Марсиан (Әулие Марк) кітапханасының бай коллекцияларындағы көптеген, қызғылықты, көне қолжазбалары арасында біз үшін өте маңызды құнды ескерткіш бар. Ол – «Кодекс куманикус» деген атпен белгілі еңбек. Бұл кодекс Еуропаға кіндік Азиядан халықтар миграциясының соңғы толқыны ретінде келіп қоныс тепкен құман жұртына қатысты ең үлкен, ең маңызды тілдік және мәдениет тарихының айтулы ескерткіші. Бір кездегі қыпшақ-құман тайпалар одағының құнбатыстағы бөлігі Мажарстанға [Венгрия] және Балқанға көшті. Ал, басқалары Қыпшақ Даласында, яғни Қара теңіздің теріскейіндегі (далалы) алқапта, Қырым түбегінде және Каспий теңізі мен Арал теңіз аралығындағы өңірлерде қалды. Солайша, Codex Cumanicus немесе Құман Кодексі, яки Қыпшақ кодексі, осында [Венгрия аумағында] бір кездердегі Құмания – қыпшақ елінің жерінде дүниеге келген.

Кодекс Куманикустың бізге жеткен варианты 82 хаттық парақтан (хат жазуға арналған қағаз форматы) тұратын, яғни 164 беттік мәтіннен, екі бөлімнен тұрады. Оның бірінші бөлімі латын-парсы-қыпшақ тілдерінің сөздігін қамтиды. Түпнұсқасы 1284–95 жж. Қырым түбіндегі Солхат қаласында, ондағы итальялық қоныстанушыларға арналып дайындалған. Оны 1303 жылы Еділ дариясының төменгі ағысындағы Сарай атты қыпшақ қаласында немесе оған жақын жердегі Әулие Янош монастырына қайта көшірілген.

Бүгінге жетіп, бізге мәлім болып отырған «Кодекс куманикус» сол нұсқаның 1330 жылдары қайта көшірілген варианты. Аталмыш вариант кейін неміс сопыларының қолына тиіп, оның бос беттеріне қыпшақ (құман)-неміс және қыпшақ (құман)-неміс-латын сөздігін қосып жазған. Мұнан кейін Кодексті бір уақыт бойы итальялық саудагерлер иемденді. Сол кезде Кодекстегі бұрынғы қателерді түзеткен, бос беттеріне аздаған парсы-қыпшақ (құман) сөздерді (глосса), ұйғыр қарпімен бір қыпшақ сөзін («бітік»- жазу, кітап, сөздік – деп Мандоки Қоңыр мадияр тілінде түсініктеме берген – Ауд.) және бірнеше итальянша тақпақ мәтінін жазған.

Кодекстің екінші бөлімінде, көбіне, қыпшақ (құман) тіліне аударылған христиандық уағыздамалар мәтіндерді, әсіресе, литургия, предикация, гимн және діни құлшылық мәтіндері келтірілген. Сонымен бірге басқадай белгілемелер де сонда ұшырасады. Айталық, екі латын-

¹ Jászkuşág. 1976. XXVII. (3). P.131–134. нұсқасынан аударма

қыпшақ, бір қыпшақ-неміс сөздік, қыпшақ тілінің морфологиясына қатысты латынша жазылған дерек, қыпшақ тілінің «англарман - intelligio» – түсіну, андау мағынасындағы етістіктің жіктелуі, сондай-ақ қыпшақ тіліндегі тағы бір фольклордың түпнұсқа мәтіні және бір толық парақта қыпшақ жұмбақтары бар. Бұл екінші бөлімді италиялықтар құрастырмаған және ол Қырымдағы италиялықтардың иелігіндегі елді-мекендердің тұрғындары үшін дайындалмаған. Оны қыпшақтарды өз иелігіне алмақ болған, яки алуға ниет еткен немістер отарлаушылары сопыларының ісін жеңілдету мақсатында жасаған. Латыншадан қыпшақ тіліне аударған діни уағыздар мәтіні жазылған парақтарды XIV ғ-дың қыркыншы жылдары немістердің францискан бағытының өкілдері Қырымда емес, керісінше Қара теңіздің айналасындағы жақын өңірдің бірінде жазып дайындаған.

Немістер мен итальян тұрғындары, саудагерлерінің қолына алмакезек ауысқан мұра 1350 жылдар шамасында басқа неміс миссионерінің қолына тиеді. Олар еңбектің екі бірдей бөліміндегі бос парақтарды жоғарыда аталған сөз тізбелерімен, сөздікпен, грамматикалық мысалдармен толықтырған. Тіптен, олар Кодекстегі жұмбақтарды да жазған. Ақыр соңында, неміс және италия тіліндеріндегі жеке-жеке жүрген мәтіндердің басын қосып, бірге түптеген. Осылай біріктірілген «Кодекс» нұсқасы қайтадан италия саудагерлерінің қолына өтеді. Сол кезде оның бірінші бөліміндегі жоғарыда аталған азды-көпті түзетулер мен парсыша-қыпшақ сөз тізбесі қосылған. Кодекстің ең соңғы иесі италиялық Антонио де Зиуам (немесе Зинале) болған. Валенцияға XIV ғ. соңы және XV ортасы аралығында келіп түскеннен бері сондағы кітапханада сақтаулы.

«Кодекс куманикустың» 60-шы парағында немесе 120 және 121 беттерінде көне түрік фольклорының аса құнды мәтіні 46 дана құман-қыпшақ жұмбағы жазылған. Халықаралық ғылыми қауымдастық 60 жыл бойы үлкен қызығушылықпен аталған көне қыпшақ ескерткіштерінің құпиялары мен қыр-сырын зерттеумен айналысып келеді. Және оның нәтижелері көңіл қуантарлықтай. Бүгінге дейін қыпшақ жұмбақ мәтіндерінің төрттен үш бөлігінің ғана қыр-сыры ашылды. Қыпшақ (құман) тіліндегі түпнұсқа фонетикалық негізі әлі де қалпына келтіріледі. (Мақала 1976 жылы жарық көрген-Ауд.). Дегенмен, оны зерттеу зерттеушілерге көп ретте ауыртпалық тудырған жоқ. Себебі, 650 жыл бұрынғы құпияның қыр-сыры түркі халықтарының, әсіресе, қыпшақ тілі тобына енетін халықтардың халық ауыз әдебиетінің бүгінгі үлгілерімен өте жақын, тіптен дәл [Кодекс Куманикустағы] мәтіндермен өте ұқсас немесе онан сәл-сәл ғана өзгеше түрлерін кездестіруге болатындығында. Бірақ, өкінішке орай, кейбір түсініктемелерге қарсы даулы пікір айтатындар да бар.

Кодекстің көп бөлігі көмескі тартып, тіптен қайсыбірі мүлдем жыртылып қалған. Сондықтан да, зерттеушілер бірқатар мәтінді дәйекті түрде қалпына келтіре алмады. Кодекстің көп тұсындағы мәтіндер оқылмайтындай күйге түсіп көмескі тартып кеткен. Кей тұсы мүлде жыртылып қалған. Себепті ескерткіштің кей тұстарына зерттеушілер әлі де болса сарабдал пікір айтып, реконструкция жасай алған жоқ. Керісінше, кей тұста жазуы бүтін, оқылуы анық болғанымен, оның сыры ашыла берген жоқ. Түркі халықтарының фольклорлық мұрасын зерттеуге Кодекстегі жұмбақтардың әзірге дейін үлкен септігі тиген жоқ. Тек, олар құман тілінің заңдылықтарын анықтауға таптырмас құнды айғақтар ретінде қаралып отыр.

Құман жұмбақтарын халықаралық дәрежеде зерттеуде мадияр (венгр) ғалымдарының орны ерекше деуге болады және ол кездейсоқтық емес. «Кодекс Куманикус» жұмбақтарын ғылыми зерделеуде үлкен прогреспен алға озып, айтулы жетістіктерге қол жеткізсек, оның көшбасшысы ретінде Үлкен Құманияның (Надькуншаг) тумасы, академик Немет Дьюланың еңбегі ерен. Төменде біздің сөз етіп отырған «Кодекс» жұмбақтарының дені оның (академик Неметтің) филологиялық және фольклорлық зерттеу нәтижелерін арқау еткен құлшыныстың нәтижесі.

Біз бұл жарияланымызда 15 жұмбақты беріп отырмыз. Мадияр оқырмандарының қызығушылығын еске ала отырып, жұмбақтардың құман түпнегізді деп айтуға қиындық туғызатындарын да сөз етеміз. Бұл құман тілі мен ауыз әдебиетін тікелей таныстыра аламыз, әрі оның кемелденген түп-нұсқасының өзгермей, ұмытылмай жеткендігі мен аударманың дәлдігін көрсете алатындығын баса айтамыз.

Құман жұмбақтарының ғажайып құрылымын, алғырлық түрдегі ойын, тұрақты және жиі қайталанатын (тақпақ) жолының басталуы мен буын аяғындағы дыбыстардың қайталанып келуі, тақпақ жолдарының ішкі (рифма) ұйқасын сақтай отырып, жұмбақтардың мағынасын сәл-пәл түрлендіре (мадияр венгр тіліне – Х.Б.) отырып беруге тырыстық. Бірақ, ең әуелгі мақсат оның мағыналарын дәл аударуға тырыстық.

Аудармаларымызды оқығанда [мадияр оқырмандарына] түсініксіз жайлар да ұшырасады. Айталық, қына (мадиярша-henna) туралы жұмбақтың шешімі біздер үшін түсінуге қиын ұғымдар қатарында. Бұл – оңтүстік (оңтүстік сақтар) өңірінде өсетін шілік, бұта тектес, өсімдіктану ғылымында *Lawsonia inermis* атпен белгілі өсімдіктің қаражасыл жапырағынан дайындалатын, шығыстағы халықтар арасында кең таралған [кірпішке ұқсас] күреңқызыл түсті, тырнақ, шаш, мұрт, сақалды бояуға арналған бояу түрі. Қына (хна) жапырағын қайнатып,

қоюлатқан соң сынаппен жақсылап араластырып бұлғап, аталған бояуды алады. Оңғақ көк жібек дәл сол қынаның көкшіл реңкті қаражасыл жапырағынан дайындалып боялған. Бес қырлы (өрнекті) ағаш таяқша туралы айтып түсіндіру қиындау екені белгілі. Алайда, ертедегі көркем әрлеуді жақсы түсінетін құман қыздары қынаны жақсы танып білгені аян.

Тағы бір жұмбағымыздың шешуінде «батман (батпан)» деген салмақ өлшемі ұшырасады. Мұны біз мадияр тіліне аударғанда дауыссыз дыбыс үндестігін, яки аллитерация мақсатында онымен өлшем бірлігі өзгеше болса да «фунт» сөзімен алмастырдық. Осы тәрізді «ақындық мәжбүрлікті» құман мәтіндерінен де байқаймыз. Айталық, [дәл сол жұмбақта] «батман» (батпан) сөзі оның алдындағы жолдың «таласман» (ұры, сотқар, қарақшы мағынасындағы – түсініктемені берген Мандоки Қоңыр – Ауд.) сөзіне ұйқас ретінде алса, «бар» және «беш» сөздеріне ұйқас (аллитерация) үшін жұмбақ мәтініне енгізілген. Осылайша [мадияр тіліне] аударған кезде «беш батман (батпан)» орнына «жетпіс фунт» деп алуға тура келді. Ал, керісінше, тұлкінің құйыршығы туралы жұмбақта аталған салмақ өлшемі маңызды міндет атқаратындығын байқаймыз.

Сөз соңында, жұмбақтардың түпнұсқа мәтіндері туралы және оның берілуі туралы аз-кем тоқталып өтелік. Оқырмандарымыз құман тіліндегі мәтіндерден мадияр тіліндегі көптеген сөздермен дыбысталуы жағынан да, мағынасы жағынан да аса жақын, өте ұқсас сөздерді ұшырастыра алады. Айталық, олардың қатарында – *көнесу* (*кенешө*) – сынап, *иувур* (*дьур*) – жұмар(лау); *иүгүн* (*дьонон, дьокинт, дьоген* деген формалары да ұшырасады) – мағынасы жүген; *түнгілік* (*тиннег*) – түндік; *чанақ, көген* (*когинь*) – (саулық қойларды сауарда бір-бірімен қайтарластырып матнынан байлауға арналған жіп-автордың ескертпесі); *улак* (*кечкеолло*) - қайшы, ешкі қырқатын қайшы) автордың ескертпесі- Ауд.) және т.б. Бұл лексикалардың бір бөлігі мадиярлардың отанға орнығу, яғни Карпат қойнауына көшіп келерден бұрынғы лексикалық қордан жеткен, бірқатары оларға кейін келіп қосылған құмандардың тіл диалектісінен мадияр тіліне ауысқан.

Жұмбақтардың құман тіліндегі мәтіндерінің ғылыми транскрипциясы мадияр тілі үшін көп қиындық туғызбайды, керісінше дәлме-дәл беруге мүмкіндік туғызады. Тек қана, «ы» дыбысын (*i* мен *y* аралығындағы) беру мүмкін емес. Сонымен қатар «а» дыбысын басқаша, дәлірек айтсақ біраз құмандық диалектісімен палоч фонологиясымен айту (дыбыстау) қажет.

Тап тап тамызық
тама тұрған тамызық
көлегесі күмістен

күйе тұрған тамизик
ол көбелек

тап тап тамызық
тамып тұрған тамызық
көлеңкесі күмістен
күйіп тұрған тамызық
ол көбелек

Біті біті бітідім (жаздым)
бес агачка бітідім
кәнесувум йувурдым
көк йибегим чирмадым
ол қына дир

біті біті бітідім
бес ағашқа битидим
Сынабымды иледім
көк жібекті шырмадым
ол қына

Йитип ийтип ырғалмас
ішіндегі чайкалмас
ол уру (ұра)
итеріп, итеріп ырғалмас
ішіндегі шайқалмас
ол ұра

Сенде менде йок
сенгир тавда йиок
үтлү ташта йиок
кипчек талда йиок
ол күш сүт тир
сенде менде жоқ
Сенгір тауда жоқ
Қатты таста жоқ
Қыпшақта жоқ
ол құс сүті

Ақ күйменін авзу йиок
ол йумуртка
ақ күйменің аузы жоқ
ол жұмыртқа

Акча кайда кышпамыш

канлайе кышламыш
кани нечик йукмамыш
хеп ортада кышламыш
ол карын иаву дір

акша түсті қайда екен
қанлы жерде қыстайды
сол ортада қыстаса
каны қалай жүкпайды
қарын(арасындағы) май

Тав үстінде талашман
тайағы бар беш батман
ол түлкішектің құйрығы
тау үстінде таласқан
таяғы бар бес батман
ол түлкішектің құйрығы

Көкче улагим кагенде семірір
ол көвун
көк лағым көгенде семірер
ол қауын

Кече барыр кара улак
ерте келір кара улак
ол түңдік (түңзілік)
кешке барар қара лак
Таңертең келер қара лак
ол түндік

Олтурганим оба йер
басканим багыр чанак
ел ейер біле үзенги

отырғаным – оба жер
басқаным – бақыр шанақ
ол ер мен үзеңгі

Чапчачик үстүнде чапчачике
ол қамыс тір
шылапшын үстінде шылапшын
ол қамыс

Йазида йеңи келін йүгунедир

ол камыс басы дир
жазықта жас келін жүгіреді
ол қамыстың ырғалуы

Йазида йавли токмак йатир
ол кірпі дир
жазықта шашты тоқпақ жатыр
ол кірпі

Салпи кесим
сансиз огум
ол көк біле йилдиздар
маңқиған дала
сансыз оғым
ол көк пен жұлдыздар.

Мадияр тілінен аударған:
тарих ғылымдарының кандидаты Бабақұмар ХИНАЯТ

Бұл аудармада Қоңыр Иштванның ескертпелері мен мадияр тіліндегі транскрипциясы бойынша, әрі Құман жұмбақтарын зерттеген басқа авторлардың пікірін ескере отырып бердік – Ауд.



ЭТИМОЛОГИЯ ДВУХ ВЕНГЕРСКИХ СЛОВ ТЮРКСКОГО ПРОИСХОЖДЕНИЯ¹

Bütü

1. Слово, которое имеет смысл “конец, крайность, стрелка, угол чего-нибудь” в фонетической форме *bütü* является более часто употребительным словом в диалектах секлеров и венгров Трансильвании, Буковины и Молдовы. Кроме того, оно применяется в научном стиле этих языков в качестве технического термина.

2. Древние письменные источники относительно слова *bütü* предоставляют следующие сведения – источники 1688 года: “Az Havas hágóban az *Bütün*” – в снежном пике в *Bütü*» (Adatok Háromszék történeti helynévanyagának ismeretéhez – Материалы исторической ономастики Харомсека: Nyelv és Irodalomtudományi Közlemények II [1958], 215), где *bütü* означает ‘a hegy töve-“подножие горы” – на немецком же языке – “Fuß Berges = pied du mont” (A magyar nyelv történeti-etimologiai szótára’ (далее TESz) I, 404); Далее перечисляем подобного рода информации по источникам:

1767: *bütü* «finis, ende» (G.Szarvas – Zs.Simonyi. *Magyar nyelvtörténeti szótár a legrégebb nyelvemlékektől a nyelvújításig* – Исторический словарь венгерского языка от древних языковых источников до языковой реформы [далее NySz.], Budapest I [1890], 334);

1784: *Bütü* «vége v hegye valaminek» – конец, кончик, острие чего-нибудь (D.Erdélyi Baróti Szabó, *Kisdéd Szótár, melly A’ ritkább magyar szokat az A.B.C. rendszerint emlékeztető versekben előadja*-Словарь редких венгерских слов по алфавиту с цитатами, Kassan 1784, 15);

1792: *Bütü* “valaminek a’ tompa vége, p.o. a’ kés nyele vége – конец или острие, шпиз чего – нибудь” (D.Baróti Szabó, *Kisdéd Szótár. Második kiadás, megbővítve*. Kassan – Второе издание вышеназванного словаря, 1792, 29);

1807: *Bütü* “конец, затупляющий чего-нибудь, например, конец ножевого черешка на немецком обозначает – die stumpfe Spitze von etwas” (J. Márton, *Német-magyar és magyar-német lexikon, vagyis szókönyv I*. Венгерско-немецкий словарь, Bécs 1807, p. 245);

1838: *bütükert* “сад, расположенный в конце (участка) собственности (земли)». (В диалекте секлеров “Magyar Tájszótár”-Диалектологический словарь . Pest 1838, p. 57);

¹ Оригинал: *Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae*. – 1972. – Tomus XXV. – P. 391–403 (1972) – Пер.

1847: *Bütü*: Rakván rakva volt itt hegy betüje, где *Hegy Bütüje* = «*hegy töve, alja*» – подножие, подошва горы, диалектное слово секлеров из Дьердио» (*Nyelvészeti Füzetek. Sorozat. Серия языкознания, 76 [1913], p. 48*);

1862: *Bütü*, [*büt-ü*): «A székelyeknél a m.valaminek elvágott vége, mintegy lebotolt, leütött csúcsa; továbbá rovat, metszet, például fán; *bütükert*, (*bütü-kert*) Háztelek végén levő kert» – У секлеров это слово означает прерванный конец или затупленный чем-нибудь, отрубленная или отсеченная макушка, также зубцы, надрез, нарубка, резьба, например, из дерева; *Bütükert*, сад, расположенный в конце участка собственности земли. (G.Czuczor–J.Fogarasi, *A magyar nyelv szótára-Словарь венгерского языка. Pest 1 [1862], p. 869*);

1863: *bütü* «*betü és böte v. Büte* valaminek – “конец чего-нибудь” (*Vadrózsák. Székely népköltési gyűjtemény. – Собрание народного фольклора секлеров. Ed. J. Kriza. Kolozsvár, 1863, I. P. 233*);

1872: *bütö* – *harangütü, harangnyelve* – “язык колокола или бьющий в колокол” (*Deésaknai szók: Magyar Nyelvőr (далее: Nyr) I, p. 381*);

1927: *Bütü* – “Чтобы указать на экстремальное – состояние в кристаллографии, венгры Трансильвании пользуются архаичным словом *Bütü*. (Z. Szilády, *Természettudományi műnyelvünk fejlesztéséhez – К развитию терминологии естествознания: Magyar Nyelv (далее: MNy) XXIII, p. 425*);

1928: *Bütü* – “*fa keresztmetszete*” – поперечный разрез дерева (*Technikai lexikon. – Техническая энциклопедия. Ed. E. Lósy–Schmidt, V.Barát, Budapest 1928, I, p. 361 Favizsgálat – раздел деревообработки*).

Производные от него (слова): 1792: *Bütüzni* – *egyenetni, egyenessé tenni*» – выровнять, подровнять, выпрямлять, сделать ровным и прямым» (D. Baróti Szabó, *Названный труд, 29*); 1838: *Bütüzni* “*bütüzni*” – *p.o. fat, annyi mint a' fa' végét egyenesen ketté rózni, vagy könnyebben mondva róni*. В диалекте секлеров означает конец или макушку дерева, разрубленного на две части. (*Magyar Tájszótár-Диалектологический словарь, p. 58*); Производные *bütüs* (*bütü-ü-ös*) – прилаг. *Bütüs-t* – множ. число. 1862: *Bütü* Aminek *bütüje* vagyis *levágott vége van*. *Bütüs* *fa, gerenda* = **Bütü** означает срезанный конец чего-нибудь. Дерево с *Bütü*, балка; *bütüz* “резать прямо конец дерева, диалект секлеров»; *bütüzés* 1. «*Elvágás, különösen a fa végének egyenesre metszése, rovása* – Срез, зарубить макушку дерева прямо.» 2. См. *bötüzés, betüzés* «перечисление» (это последнее значение не принадлежит этому слову, но в производном от одноименного *betü* “буква”; Czuczor–Fogarasi, I, p. 870); 1863: “*Megbütüzni a végét. B ü tü s' végü* – срубленный, прерванный конец.” (Kriza, p. 233); 1879:

“Mintcsem veled táncolnék, Inkább tőkét *bütülnék* ! = Вместе танцевать с тобой, я предпочел бы прервать пенек!” (Фрагмент народной песни, Nyg, p. 325); 1893: *bütüs* “плоском” (J. Szinnyei, *Magyar Tájszótár* I [1893], p. 210).

Древние формы слова *bütü* представляют собой также первый элемент составных слов: 1838: *bütükert* – “сад, расположенный в конце земельной собственности, слова в употреблении секлеров” (*Magyar Tájszótár*, p. 58); 1862: *Bütükert*, (*bütü-kert*), сложное слово, “сад, расположенный в конце местности, где будут строить, слова в употреблении секлеров” (Czuczor–Fogarasi, p. 869).

3. На народном языке слово *bütü* имеет формы слова в следующих значениях:

В регионе секлеров: *bütü* – “vége valaminek – конец чего-нибудь (напр. Конец балки). A padlasgerenda *bütüjere*, azaz végére jön a koszorfa” – в *bütü*, то есть к концу потолочины установленная перемычка, венец деревянной стены”. (A Néprajzi Múzeum Értesítője, Az Országos Történeti Múzeum Néprajzi Tárának Értesítője – Известия этнографического музея (Népr.Ért) XXXIII, p. 56), *bütü* – “alja, vége, éle valaminek – основа, конец, острие чего-нибудь”; De bezzeg elcsoldálkozott az inas, amikor látta, hogy a hordók mind *bütüre* vannak állítva “Сколько слуга был удивлен, видя, что бочки все установлены на *bütü* – острие” (Az Új Magyar Tájszótár Kéziratos anyagából – Рукописные материалы нового диалектологического словаря (далее ÚMTSZ); J. Faragó, *A szegény ember vására*. Bukarest 1955), *bütü* ‘a levágott gabonaszár töve – корневище резанного стебля пшеницы” (Népr. Ért. IV, p. 6.); В диалекте области Харомсек: местность Икафалва и Надьбазон (по румын. Icafaláu, Batanii-Mari): *bütü* ‘a ház vége – край чего-нибудь (например дома)” (Nyg LXXXII, p.359); Шепшисентдьердь (Sfontul-Gheorghe): *bütü* – “a ház vége, sarka; a fejsze foka, éle-край, угол дома; обух или острие топора” (ÚMTSZ); Фаркашлака (Lupeni): “... külső *bütüjével*, vagyis keskenyebbik falával a csürge néz a ház - дом с внешней стеной (с *bütü*), то есть более узкой стеной, выходящей на сарай” (Nyg LXXIX, p. 255); Бозод (Bezid): *bütü* – ‘vége valaminek – конец чего-нибудь” (ÚMTSZ), *bütü* “ягодицы, задняя часть” (ÚMTSZ); Область Удвархей (Bágy-Badeni): *bütü* – “valaminek a vége – конец чего-нибудь” (ÚMTSZ); Секейвариаг (Várság): *bütü* ‘ valaminek a vége, ládának, háznak a keskenyebb oldala, “конец чего-нибудь, узкая сторона коробки или дома” (Népr. Ért. XXXIII, p. 97); Левете (Lueta): *bütü* ‘vége valaminek –конец чего-нибудь” (Népr. Ért. XXIII. P. 56); Область Чук: *Bütü házgered-*

название угла дома” (Nyr XXXIV, p. 266); Дьордьвидек: *bütü* “valaminek a vége – конец чего-нибудь” (Nyr XLIII, p. 333);

Чиксентмихай (Mihaileni): Bétettem a ruhácskámot az ágy *bütüjibe* “Я клал мою рубашку у подножья *bütü* постели” (Nyr XXX, p. 494); Дьемешфелшолок (Lunca de Sus): *bütü* – széle, vége valaminek-берег, край чего-нибудь (например, стола) “(Ethnographia (далее: Ethn.LVII, p. 87); Область Марош-Торда: Мезобанд: *bütü* – крайность, угол” (ÚMTSz); Область Брашио: Зайзон: *bütü* “прерванный конец или угол чего-нибудь” :.... a ki a (lónak) farkát fogta, annak adta a seprü *bütüjét* a kezébe “кто держал хвост лошади, тому в руку дали кончик метелки” (ÚMTSz); Область Хуньади: Дева (в деревнях чанго): *bütü* “конец чего-нибудь (например балки, потолочины, сарая и т.д.)” (Népr.Ért. TV, pp. 211, 220); Область Солнок-Добока: Балваньошбаратиа (Únguras): *bütü* “az ág kihegyezett vége – заточенный конец ветки” (Ethn LVIII, p. 192);

В языке секлеров Буковины: *Bütü* – ház vége, sarka – край, угол дома; a szekér, kocsi tengelyének vége – “конец осевой балки тележки” (ÚMTSz); Область Ердовидек, Харомсек, Удвархей: *büt* ‘valaminek vége, alja, fekeke» конец нижней части, основа чего-нибудь «(ÚMTSz); Удвархей: Хомородалмаш (Meresti): *büt*» край, угол чего-нибудь (дома), крыши и т.д. «(ÚMTSz); Бауд (Bágy): *büt*» конец чего-нибудь» (Népr. Ért. XXV, p. 19), elvágom *bütbe* – я его разрезаю поперек» (ÚMTSz);

Производные: В регионе секлеров: *Bütüs fedél* – tűzfalas födél – кровля с общей стеной, которая разделяет два владения (Nyr. VI, 325); *bütüs fedél-nyeregtető* – седловина (ÚMTSz); *bütüllik* – sarkallik, valahová dül a végével – “понукаль, валиться концом” (J. Szinnvei. Cit., p. 209); *lebütül* – tompavégűre vagyis *bütüre* lecsont – отрезать на тупа (наприм.Брус) “(ÚMTSz); *bütüzni* – egyengetni – “выправлять, уплощать конец балки, бревна” (ÚMTSz); Область Чик: Дьердиовидек: *bütülni* – haránt egyenesen vágni – резать прямо поперек “(ÚMTSz); Вашарчи: *bütült* – ‘a hegyen lecsípett fül; ha fül hegy kiszakadt s egyenesbe vágták – ухо, надкусанное в конце, если верхняя часть уха была разорвана, срезали напрямую; *bütüzni* – egyengetni a gerenda végét – подравнивать концы балки (ÚMTSz).

На народном языке слово *bütü* существует как начальный и конечной слог в следующих производных словах: языке секлеров: *bütükert* “ограда, загородка, которая закрывает конец поля” (ÚMTSz); Область Чик, Касоналтиз (Plaesii Jos): *bütüdeszka* – saroglyadeszka – “носильная дощатка, задняя палка повозки” (ÚMTSz); Область Удвархей: *bütülésza* – deszka vagy vesszőfonásos lap a szekér első és

hátsó végén – “доска (коробка), переплетенная из ивы, изгородь, которая находится в передней или в задней части тележки” (ÚMTSz); *Область Харомсек: Надьбацон: bütkoszorúfa* “a ház két végén levő gerenda – венец и перемычка в двух концах дома”. (Nyr LXXXII, p. 259); *büddecka (bütdeszka)* – a szekénderék elejét és végét záró deszkarekesz – “отгородка, загородка, которая закрывает переднюю и заднюю часть коробки тележки” (Nyr LXXXII, p. 358); *Область Удвархей: Шуклод: ágybüti* “ножка кровати”; *borítékbüti* – ‘a mestergerendán nyugvó oldalgerenda – “боковая балка, опирающаяся на главную балку” (Népr. Ért. XII, p. 108).

4. В венгерском языке слово *büti* ~ *bütü* ~ *bütö* ~ *bütü* или *büt*~ *böt* означает “конец чего-нибудь” и является заимствованным словом из древнетюркского языка. Основную идею решения этимологии вводит в 1870 году Армин Вамбери, который происхождение слова разъяснил достаточно точно. В своей статье «Magyar-török-tatár szóegyezések» (Сходство и сопоставление венгерско-тюркских и татарских слов), которая вышла в «Nyelvtudományi Közlemények» (Известиях языкознания) (далее NYK. VIII, pp. 109–189), на странице 134, Вамбери дает следующее объяснение: «*büt-ü* (острие, вершина, маковка, конец чего-нибудь); уйгурский *Bütkü*» конец, верхушка» происходят от глагола *bütmek* «заканчиваться». На наш взгляд, это поверхностное объяснение, недостаточность в методах не могла раскрыть полное значение смысла. Буденц, в своей критике на статью Вамбери (Buden. Vambergy A. Magyar-török szóegyezéseiről: NYK. X, p. 95. II) отмечает, что «очевидных сходств, где сопоставление не одобряемо как с точки зрения фонетики, так и смыслового значения, пожалуй, в обоих случаях» не согласуется с этимологией, созданной Вамбери». По мнению Буденца, «венгерское слово *büti* является диалектом секлеров, которое означает “срезанный конец чего-нибудь”; слово *bütkü* как представитель уйгурского языка не встречается в «Кутадгу Билиг», но аффиксальное образование означало бы только «végződés – окончание». Такое значение не помешало бы согласиться с ним, однако, в самом деле, это слово не находим в «Кутадгу Билиг». Даже если Буденц прав, когда он заметил, что слово *bütkü* означает «végződés-окончание, крайность», Вамбери в этом случае здесь был очень близок к истине, как и во многих своих гениальных открытиях, касающихся этимологии. Однако, со временем эти сведения не подтверждаются по другим тюркским языковым источникам касательно современных тюркских языков. В противном случае, даже если это слово существует в «Кутадгу Билиг» или в других тюркских языках встречается слово

bütkü «végződés-окончание, крайность», фонетически очень трудно восстановить в варианте венгерского слова *bütü*. Действительно, именно в тюркских языках мы должны искать этимологию венгерского слова *bütü* ~ *bütü*, и мы находим его среди производных от глагола *büt* «кончать, заканчиваться».

«*Magyar etymológiai szótár*» – Этимологический словарь венгерского языка (далее ETSz; I, p. 595), составленный З.Гомбоцем и Я.Меличем, исключает также идею Вамбери, говоря, что это слово “не имеет приемлемой этимологии”. Словарь ссылается на Буденца, который констатировал, что слово *bütkü*, цитированное по Вамбери, не существует в «Кутудгу Билиг».

«*Magyar nyelv történeti etimológiai szótára*» – Историко-этимологический словарь венгерского языка, (далее: TESz; I, p. 404), опубликованный в 1967 году, пишет про это слово *bütü* ~ *bütü* и дает ему неизвестное происхождение, и не признает его тюркизмом.

5. Этимология данного слова восходит к тюркскому слову **bütük*, означая «конец, острие чего-нибудь, крайность», или точнее слова древне-чувашского языка **bütüγ*. Слово **bütüγ* ~ **bütük* “конец, крайность” производное, образованное при помощи суффикса имени дивербал производного из глагола – (ü)γ (< - [ü]g) и - (ü) k от глагола *büt* “кончать, заканчивать” общее, распространенное слово в тюркских языках. (Для суффиксов –γ – [i]γ, - [i]γ – [u]γ – [ü]γ – g, - ğ – [i] ğ, - [i] g, - [u] ğ, -[ü] g,; и - q, [i] q, - [u] q, -k, -[i]k, -[ü] k. Смотрите. Von Gabain, Aittürkische Grammatik, Leipzig 1950, pp. 70 [§ 109], 74 [§ 127]).

Что касается глагола *büt*, мы находим следующие данные в тюркских письменных источниках или в диалектах современных тюркских языков: в «Кутудгу Билиге» – QB, TT, Suv, Rach, Мамлюк кыпчакском-МК *büt* обозначает – кончаться, заканчиваться, завершиться, исполняться, совершаться, осуществиться, зарастать, зазывать, проходить (о ране, болезни); истощаться, иссякать (о силе), теряться (о голосе), сыпнуть перен. Одеваться, сбрасывать лохмотья (Древнетюркский словарь. С. 133); ВМ бит – “skończyć się gosnać; заканчиваться, кончаться” (Zajaczkowski, 47); Tarj. Hit “beendigen” (Houtsma, 60); древн-узб. *Büt* – закончится, быть законченным (Фазылов, 290); НŠ *büt*- skończyć się, być załatwionym – заканчиваться, быть законченным (Zajaczkowski, 39); кирг. *Büt* – кончать, заканчивать; кончаться, заканчиваться, (Юдахин, 1965, 169); узб. *bit* – кончаться, заканчиваться, завершаться, истекать (УзбРСл., 1959, 76); каз. *bit* – закончиться («РказСл., 1954, 203); каракалп. *Pit* – то же. (РккалСл., 1967, 247); ногайс. *Bit* – кончаться, заканчиваться, оканчиваться,

завершаться (НогРСл., 1963, 83); кумыкс. *Bit* – то же самое. (КумРСл., 1969, 78); карачай-балкар. *Bit* – закончиться « (РкарБалСл., 1965, 177); башкир *böt* – то же. (БашРСл., 1958, 114); казанский татарс. *Bet* то же. (ТатРСл., 1969, 69); якут. *Büt* там. (РЯСл., 1968, 173); чуваш. *Pet* то же. (ЧувРСл., 1961, 275), *pat*, *Szp. Pöt* “endigen, ausgehen, verloren gehen” (Paasonen, 97); туркмен. *Bit* – “заканчиваться” (ТуркРСл., 1968, 105); османс. *Bit* – “come to an end, finish; be exhausted; be ruined or destroyed; sprout, grow” (С. Hony, Turkish-English Dictionary, Oxford 1957, p. 44).

Это слово – так же, как его производные, существует и в монгольском языке, кажется, таким образом, что оно принадлежит к общим элементам вокабуляра системы гласных звуков тюрко-монгольских языков; См.: лит. Монгольс яз. *Bütü* “bytj sdelanu, soversenu, ispolnenu, prigotovienu – быть сделанным, закончен, совершен, выполнен, готов.” (Kowalewski II, 1231); калмыцк. *Büt* “geschehen, sich voliziehen, ausgeführt warden” (Ramstedt, 69).

В тюркских языках понятие “конца, крайности чего-нибудь” очень часто выражено одним из производных от глагола *büt, bit* – “заканчиваться, завершиться”; во многочисленных случаях формы совпадают с формой венгерского слова *bütü ~ bütü*; Так, кирг. *Bütüü* (*bütüw*) – “конец, окончание” (РкиргСл., 1944, 319); ногайс. *Bitüw* – “завершение” (РногСл., 1956, 183); башкир. *Bötöü* (*bötow*) – конец (завершение чего-л.), окончание (завершение) (РбашСл., 1964, 312, 418); Казан. Татар. *Betü* (*betüw*) окончание, завершение (ТатРСл., 1966, 69); якут. *Bütüü* (*bütü*) – конец, окончание (конец чего-л) (РЯкСл., 1968, 235, 363). Эти слова – производные от глагола *büt, bit*, образованные при помощи суффиксов дивербальной субстанции – (*ü*) *w*, – (*ö*) *w* « – [*ü*] (< [*ü*]g (< [*ü*]

Следующие слова – также производные от глагола *büt ~ bit* -, образованные при помощи других суффиксов дивербальной субстанции, но означают “конец, крайность”; чувашс. *Pétni* – конец, *pétměš* то же самое. (РЧувСл., 1960, 153); Казан. Татар. *Beteš* то же. (РТатСл., 1938, 357); алтайс., *büder* – завершение (РАлСл., 1964, 166).

В нескольких тюркских языках это производные суффиксы фастифит – *r, dir, ker*, означающие “заканчиваться, заканчивать” глагола *büt ~ bit*, которые служат для того, чтобы указать следующие понятия. См. якут. *Büterii* (*büterii*) – завершение (РЯкСл., 1968, 164); кирг. *Bütürüü* (*bütürüw*) то же. (РкиргСл., 1944, 216); ногайс. *Bitirüw* то же. (РногСл., 1956, 183); каз. *bitirüw, bitiriw* то же. (РКазСл., 1954, 191); кумык. *Bitdirüw* то же. (РКумСл., 1967, 231, 570).

6. Слово *bütü* ~ *bütü* ~ *bütö* ~ *bütü* венгров происходит, таким образом, вероятно, от чувашско-тюркского слова *bütüy* "конец, крайность, конец чего-нибудь", которое, в свою очередь, восходит к более древней форме *bütük*. С фонетической точки зрения, можно объяснить это слово и также из *bütük*, однако, зная историю тюрко-венгерских отношений, мы должны предположить, что этимология венгерского слова восходит к *bütüy* из древнечувашского языка; если принимать во внимание сведения о том, что до завоевания страны венгры поддерживали отношения с тюрками, которые говорили на диалектах близких к чувашским диалектам. -у- в конце слова *bütüy* из древневенгерского языка *bütül*, изменился *ü(w)* в древневенгерском языке (в случае до завоевания страны) (См.: Barcsi Géza, Magyar Hangtörténet-Историческая фонология венгерского языка. Budapest 1958, p. 90), затем, уподобленный предыдущей гласной, он дал удлинённый звук. Этапы фонетического развития могли бы выглядеть следующим образом: древнетюркский язык *butuk* > древнечувашский язык *bütüy* > древний венгерский язык *bütüy* > *bütüü* > средневековый и современный венгерский языки *bütü* ~ *bütü* и т.д.

Удлиненная гласная, которая находится в первом слоге *bütü*, упомянутая среди популярных форм, образовалась, вероятно, под влиянием акцента, если принять во внимание, что ударный слог, произнесенный с более большой интенсивностью, подвергается также количественному изменению. Удлинение производилось более часто в слоге открытом, главным образом, если следующий слог содержал долгую гласную. В этом случае, количественная ассимиляция благоприятствовала также удлинению гласных (Barcsi, Указ. труд. p. 67).

Популярная форма *bütü*, где *ü* в конце слова, которая заменена на *u* требует также объяснения. В средневековом венгерском языке изменение *ü* > *ö* происходит чаще всего от дифтонгов, причина этого изменения *ü* > *ö* относится к тенденции удлинения, к открытию или к закрытию дифтонгов (Barcsi, Указ. Труд., p. 150-151).

Так как указывают данные популярного языка, названные в параграфе 3, в наши дни то слово, которое представляется чаще всего в форме *bütü*, то есть *ü* удлинённое оригиналом, оказалось заменённым коротким *ü*. Известно, что группа секлеров, которая использует форму *butü* имеет практически только короткие гласные, место бывших удлинённых гласных, таким образом, *ü* вместо *ü* (B.Kálmán, Nyelvjárásaink - Наши диалекты. Budapest, 1966, p. 3-1.).

Слово *bütü* (*butü*) имеет также формы *but* ~ *böt*, которые являются результатом сокращения. Это явление проявляется также в случае других слов заканчивающихся *ü*, наприм. *Becsü* – *kostbares Deposit (um)*, *Maß*; *Maßgefäß*; *Schätzung*; *Schätzungswert*; *Verehrung* ~ *becsü* ~ *becs*, *gyürü* “*hauptsächlich Ahorn oder Hartriegelstrauch*” ~ *gyür* и т.д..

7. В принципе могли бы предположить, как этимология обсуждаемого слова форма *bütüt*, которая существует, действительно, в древнетюркском языке (даже если о ней свидетельствует только единственное данное, то есть “*Yar Xoto – Книга пророчеств*”, в смысле “завершение, окончание” (См. *Древнетюркский словарь*, С.135). Это слово представляет также производное от глагола *büt* “заканчиваться, заканчиваться”, образованного при помощи суффикса имени дивербала (*ü*)*t* (что касается этого редкого суффикса: М. Räsänen, *Materialien zur Morphologie der türkischen Sprachen*, Helsinki, 1957, p. 117). Так как в венгерском языке аккузатива *-t*, темы венгерского выражения рассматривали это как окончание аккузатива, объяснение случая исчезновения *-t* конечной в слове *butüt*. В соответствии с тенденцией к удлинению *ü* > *ǖ* *ǖ*, ставшему конечным изменился в *ǖ* (Várczi, op. Cit., p. 63). Форма *ö* была бы, таким образом, результатом изменения *ǖ* > *ȫ*, о котором мы уже упомянули.

Полностью предполагая возможность такого ответвления, мы хотим рассмотреть как этимология обсуждаемого слова не влияла на форму *bütüy*, а скорее *butü*. О слове *butüt* свидетельствует только единственная данная древнетюркского языка, таким образом, это неточное мнение существовало в тюркском языке, имеющем близкое отношение к чувашскому, отсюда создается впечатление, что значительная часть древних слов венгерского языка, заимствованная из тюркских языков. Кроме того, в наши дни, не возможно обнаружить слово *bütüt* в словаре современных тюркских языков. К тому же необходимо взять во внимание то обстоятельство, что с точки зрения семантики форма *bütüt* относительно удалена от формы *bütüy* и венгерского слова *butü*, последние два слова означают “конец, крайность, конец чего-нибудь”, а первый имеет значение “окончание, выполнение”.

8. В заключении можем, таким образом, констатировать, что венгерское слово *bütü* ~ *bütǖ* ~ *bütö* ~ *bütü* ~ *büt* ~ *bot* произошло от древне-чувашского слова и что оно восходит к гипотетическому слову *bütuy* – конец чего-нибудь, конец, устремленный к крайности. В фонетическом плане не только ответвление венгерского слова, начиная с формы *bütüy* не создает проблемы, но его значение

совпадает со значением первого слова от древне-чувашского слова, так как оба означают «конец, конец чего-нибудь, крайность», и что вторичные значения венгерского слова объяснялись этим первым значением. Данные словаря тюркских языков свидетельствуют полностью об этом ответвлении, существовании гипотетического слова *butil*.

Kozma

1. Слово *kozma* [kozma] «Anbrand-пригрелый» является общеизвестным словом в литературном венгерском языке. В толковом словаре венгерского языка определяется его значение в следующем виде: 1. 'zsír tartalmú ételnek, különösen tejnek és rántásnak az edényhez égett, kesernyés ízű, kellemetlen szagú, élvezhetetlen része – несъедобная часть жиросодержащей пищи, особенно блюда и пригарка молока с горьким вкусом, со жженым и неприятным запахом, образующаяся на стенах посуды; 2. (tájny.) a pipa falához égett bagó mocska – (диалект) остаток табака, сожженного внутри трубки. (A magyar nyelv értelmező szótára. VII, Budapest, 1959–1962, IV, 358)

Производные: *kozmas* 1. подрумяненное, жженное блюдо, которое подгорело из-за недосмотра и стало горьким и с неприятным запахом; 3. (иронический) влюбленный, жених, невеста < люди, вовлеченные в процесс помолвки; *kozmasodik* (étel) – «сжигать (пищу), подрумяниваться, подгореть» (Вышеназв. Труд. IV. 358) > *lekozmasit* – сжигать по недосмотру, сжигает; *kozmasodik* – «сжигает < слишком подрумяниваться, блюдо на дне посуды; жженный» (Указ труд., IV, 695); *megkozmasodik* < (étel) > «подрумяненная (пища) < подгоревшая на дне сосуда, имеющая неприятный вкус и запах» (Вышеназв. Труд IV, 1095).

2. Что касается слова *kozma*, то у нас есть следующие данные: источник XVII века: *Végy egy néhány tikmonyat... főzd meg a tejbe, megoltalmazd a kozmától* – возьми несколько яиц, свари их в молоке, но осторожно, «не прижигать» (Magyar Történelmi Tár-Венгерский исторический сборник, Budapest, 1881, p. 581), в этом случае слово *kozma* означает «Anbrand; das Angebrannte; Brand Geruch в den Speisen»; 1792: *Kozma: égetéstől, v. Füsttől való szag* – «сажа, запах от сожжения или дыма» (Baróti Szabó, Назв. Труд 124); 1865: *kozma, (koz – ma v. Koszma). Tulajdonképp azon kozsféle folt az ételen, amely az által támad, ha a füst igen meglepi, vagy a tüzes edénytől megpörkölődik, mely esetben kellemetlen kesernyés ízt kap, ez szintén kozmának mondatik* – На самом деле, грязеобразное пятно в пище, которое появляется, если она

захвачена дымом, или охватывает кастрюлю сильным огнем, впоследствии блюдо имеет горький вкус, который называется *kozma*-вкус жженный («Czuczor-Fogarasi, Назв. Труд. III, 1038).

Производные: 1708: *kozmas* “adustus cibus” (Páriz Pápai. Dictionarium manuale Latino-Ungaricum et Ungarico-Latinum, II, Dictionarium Hungarico-Latinum. Lőcse 1708, p. 124); 1767: *Kozmás étel* “Adustus cibus, Adustum u fuum sapit, abgebrennte [abgebrannte] speise- (жженная пища, загорелым вкусом и дымным запахом)” (Dictionarium Latino-Hungaricum.... Collectum, et a hoc corpus coactum á Francisco Páriz Pápai... Nunc vero... locupletatum intentione ac labore Pétri Bod(вынужденное чужое, в самом деле перед трудом напряженный зажаточный) [II] – Официальный таможенный бюллетень, Dictionarium Hungarico-Latinum ... Novae huic Editioni nunc Primum folerfiá Typographi addita est Lingva Germanica. Cibinii 1767, p. 191); 1792: *Kozmás étel. Megkozmasítani. Kozmásodni, v. Kozmásulni* – “блюдо жженое, подрумянивать, сжигать” (Szabó Baróti, op. Cit., p. 124.); 1838: *kozmas az étel, midőn a pörkölődés által kedvetlen ízt szagot nyer*-блюдо жженое из-за перегрева, имеющее неприятный вкус и запах. Диалект окружности Балатона (Magyar Tájszótár-Венгерский диалектологический словарь, Pest 1838, p. 118); 1865: *Kozmás. Mondjuk ételről, melyet a kozma megfogott, e miatt kellemetlen, kesernyés ízű* – подрумяненный; о блюде, которое было сожжено, впоследствии чего имело “неприятный и горький вкус”, *Kozmás kása, kaposzta* – каша жженная, капуста жженная; *Kozmásit, Az ételt kozmássá teszi* – подрумянивать, перегревать блюдо; *kozmasítás, kozmasítás. Kozmássá tevés* – поднятые, подрумяненное; *Kozmásodás. Kozmássá levés* – «действие прилипнуть, обжиг»; *kozmasodik* – прилипаться»; *Ételről mondják, midőn meem tüzes edénytől megpörkölődve, vagy a füsttől lepve kellemetlen ízt kap* – говорить о блюдах, которые готовились в посуде на обильном огне и потому приобретали пригорклый вкус и запах гари» (Czuczor – Fogarasi, III. P. 1039).

3. Это слово в венгерских диалектах, главным образом, в форме *kozma* обладает упомянутыми значениями. Но есть единственное данное о том, что в районе Кишкуншага, где слово отличается морфологически и в смысловом значении от общеизвестной формы и значения *koszma* – «rossz tej- плохое молоко» (J. Szinnyeı, I, p. 1199).

4. Несмотря на многочисленные попытки разночтения, до настоящего времени слово *kozma* относится к слою неизвестного происхождения в венгерском языке. Одно из первых дериваций находим в словаре Чучора и Я.Фогарачи, где цитированная фраза определяет значение слова *kozma* как “пятно грязи”, дополнено

следующим объяснением: “*Maga a jelentett dolog természetete mutatja, hogy e szó eredetileg koszma a kosz gyöktől, t. i. az sz és z mint legközelebbi rokonok gyakorta fölcseréltetnek, különösen m előtt a keményebb sz lágyabb z-vé változik, mint csizma (a. M. Csiszma) szóban is.*—сама этимология слова указывает, что в самом начале это слово было *koszma [kosmá]* образованным от *kosz [kos]*, потому что *sz* и *z* как созвучные звуки и часто взаимозаменяют друг друга, главным образом, перед звуком *m* более твердый *sz* изменяется на более мягкий *z*. Например, слово *csizma [cizmá]* встречается в разных формах, но исходной формой которой является *csiszma [cismá]*” (Назв. Труд, III, р. 1038.). Согласно этому толкованию слово *kozma* считается производной от слова *kosz* – *piszok* – “грязь”, которая невозможна, по нашему мнению. Авторы словаря были правы, что древняя форма слова была бы *koszma [kosmá]*, о чем свидетельствуют также данные диалектологии, но они не смогли доказать аргументированно истину этой констатации.

По предположению Буденца, этимологию данного слова можно приблизить к глаголу лапландского языка в форме *kvosmo, guosma*, который означает “*aduri, anbrennen*” (пригореть) (A Magyar-finnugor nyelvekbeli szóegyezések. Сходство венгерского и финно-угорских языков: NYK VI, р. 389).

Доводы Вамбери Армина, схожие с мнением Буденца, но они не доказывают этимологию слова *kozma*, которое сравнил с тюркским словом *kos* следующим образом: “*kosz* ’Schorf, Grind ~ тюркское *kos* сгорание, тлеющий, каленый уголь/ *köz* сгорание, обжиг, плавление, к которым относится венгерское слово *kozma* ’Brandgeruch in den Speisen”

Барци тоже искал этимологию данного слова в финно-угорском направлении, но относился более скептически, чем Буденц на финно-угорское происхождение слова и выражал свое мнение более осторожно, таким образом: “наверно, это слово – может быть финно-угорского происхождения. Например, лапландский *kuössmi* “пригореть”. Однако, единственное далекое совпадение, не являющееся убедительным доказательством (цитированные слова не имели общего с венгерским обсуждаемым словом с ним родственным языком вогулов и остяков), кроме того, фонетическое сближение дает повод к критике и возражению (*разрядка Мандоки И.-Пер.*). Слово, скорее всего, его производное – [š], прилагательное *kozmas [kozmaš]* (Magyar szófejtő szótár-Венгерский этимологический словарь, Budapest, 1941, р. 174). По мнению Барци,

слово *kozma*, вероятно, отвлеченная (абстрактная) форма от прилагательного *kozmás*".

Этимология данного слова в новом историческом этимологическом словаре рассматривается неизвестным (TESz II, 599), который оспаривает невозможность этимологической связи с существительным *kosz*, также считает ошибочным его финно-угорское происхождение.

5. После этих предпосылок мы пытаемся дать новое этимологическое объяснение слову *kozma*. По нашему мнению, это венгерское слово восходит к тюркскому языку, вернее, к древнечувашскому языку. Мы можем сравнить его со следующими словами тюркских языков: осман. Тюрк. *Qasmaq ~ qazmaq* «ateşin çoklugundan kabin dibine yapışan yemek artığı- обильная часть пищи, которая из-за сильного огня прилипает ко дну посуды» (Atalay, 186—7, 190). Кроме этого, ранних фактов по этому поводу пока нет, тем не менее, можем процитировать, много данных по современным тюркским источникам: чуваш. *Xisma* — 1. пленка (на топленом молоке), пригар, нагар; пригоревшая пленка; 2. сок дерева, стекающий после надреза коры (ЧувРСл., 1961, 518); пригарок (ЧувРСл., 1960, 307); башк. *Qaŋmaq* — пенка; 2. поскребки (наприм. Каши) (БашРСл., 1959, 329); казан татар. *Qasmaq* — посребки (напр. Каши); накипь, нагар (всякие остатки, прикипевшие, пригоревшие на стенах котла) 2. корка, корочка (ТатРСл., 1966, 238); was an den Kesselwänden nach dem Kochen sitzen bleibt — то, что остается после варки на стенках котла» (Radloff. II, 359); казак. *Qaspaq* — осадок на дне котла перекипевшего молока (КазРСл., 1954, 438); ногай. *Qaspaq* — гребень, кряж, возвышенность, склон 2. пригар (осадок на дне кастрюли или котла, образующийся при варке плова, каши (НогРСл., 1963, 153); кумык. *Qasnaq* — перхоть; 2. табачный осадок, приставший к стенкам мундштука, трубки ядовитый осадок табачного дыма; 3. осадок на стенках кухонной посуды (Кум РСл., 1969, 194; 146).

На основе цитированных данных из тюркских языков, первичное значение которых означает "пригоревший, обожженный, поджаренный, жженный и прилипший слой (пищи) на дне посуды предполагаем, что этимология венгерского слова *kozma* восходит к древнетюркскому, вернее, древнечувашскому слову *qasmau* то же. Исчезновение в конце заимствованных слов (в данном случае в слове *qasmau*) звука —у считается совершенно нормальным явлением, которое отмечается в нескольких венгерских заимствованиях от древнетюркского или древнечувашского языков. Например, *csípa* < *čapaу*, *csúnya* < *čunau*, *dara* < *tariу* (См. TESz — Исторический этимологический словарь

венгерского языка I. 536, 573, 593). Это явление состоит в вокализации от спиранта $\gamma >$ на вокализацию u [w] и потом лабиальные суффиксы – дифтонги *au* непосредственно упрощаются – редукция на *a* (Bárczi, Magyar hangtörténet – Венгерская историческая фонология, р. 96); в конечном итоге, где-то в XIII веке изменился в *a*, в результате редукции и лабиализации (Bárczi, Названный труд, р. 80).

В принципе, по исследуемой лексике предполагается, что слово берет свое начало не от древнечувашского слова *qasmau*, наоборот, от общеизвестного тюркского слова *qasmaq* звук *q*, стоящий в конце слова после заимствования в венгерский язык произошло явление спонантизации, т.е. перешел в свистящий звук. На первом слоге древнетюркских заимствовании венгерского слова звук *a* из древнетюркского языка превращается в звук *o* под действием лабиализации. Это изменение происходило также в других венгерских словах тюркского происхождения: наприм., *boszorkány* < *basırqan*, *oroszlán* < *arışlan*, *bojtorján* < *baltırğan* и т.д. (Bárczi, Названный труд, pp. 55-7, – 76). На последнем этапе фонетического развития, звук *sz*, который встречается в середине слова озвончился (произошел процесс соноризации) и изменился на *z*, которому благоприятствовал также звук *m*, который следует за ним. Тенденция к озвончению наблюдается в период всего фонетического становления венгерского языка, но однако не стало закономерным явлением. Именно тем объясняется существовавшая форма слова *koszma* [kosmá] в Кишкуншагском диалекте венгерского языка. Таким образом, предполагаем развитие слова *kozma* следующим способом: древнетюркский язык *qasmaq* > древнечувашский *qasmau* > древневенгерский *kásmáy* > *kásmáu* > *kaszmá* > средневековый венгерский *kaszma* > *kásmá* > *koszmá* > ~ *kozma*.

6. Следующие слова тюркского языка имеют морфологические и семантические связи с тюркским словом *qasmaq* ~ *qaspaq* ~ *qasnaq* « – прилипший, жженный слой ко дну посуды, подрумяненный; уйгур. *Qas* – кора, кожура; мамлюко-кыпчакский-МК. *Qası* – загон для скота, связанный из прутьев; уйгур. *Qasiy* – нижняя часть живота, пах «; мамлюко-кыпчакский-МК. *Qasiy* – внутренняя сторона щеки, челюсть; уйгур. *Qasiq* – кора, кожура; мамлюко-кыпчакский-МК. *Qasiq* – кора дерева, мех, бурдюк, турсук из конской шкуры (Древнетюркский словарь. С. 430-1); чуваш. *Xisa* – покатошь, пологи; 2. выступ; 3. край (напр. Лавки); 4. низ, сруб под печкой; 5. лобок (ЧувРСл., 1961, 518); *xis* – лобок; башкир. *Qaıa* – 1. крайняя плоть; 2. мошонка (БашРСл., 1958, 329); осман. Тур. *Kasik* – 'groin' – крестовый свод» (Hony, 187); *kasnak* – rim of hoop (of tambourine, sieve); embroidery-frame; embroidery any

contrivance for stretching tight; pulley; drum of a *cupola* – оправа обруча (бубена, решета), рама для вышивки; любое приспособление для вытягивания напряженной вышивки; “барабан купола” (Hony, 187-8); *kasnak* “Davulum iki yanındaki derileri birbirine bagliyan üstüvane biçimindeki ağaç tabaka (Çukurova) – деревянная цилиндрическая рама, соединяющая кожу бубена с двух сторон; 2. *Elek ve kalbur kenarian, tahtadan* (Avsar «Ankara») – деревянная рама сита и решета; 3. *Degirmenlerde taşların mahfazası* (Avsar «Ankara») – защитная обшивка, обертка мельничных жерновов; 5. *Davul, zuma, zilli maşa, bağlama gibi çalgıların refakatinde oynanan bir halk oyunu* (Bergama ve köyleri); “популярный танец-игра в сопровождении струнных инструментов и барабана, лиры, свистульки с колокольчиками” (Anadilden Derlemeler II [1952], p. 84); *kasım* – oda süprüntüsü (Kütahya) – сор из комнаты; *kasın* – “sellerin getirdiği kum ve mil (Kütahya; Anafarta, Saricali, Çanakkale”); Müstecer «Samsun»; Eskisehir; Nallihan “Ankara”) – песок и грязь, принесенные паводком; *kasunk-* derelerin getirdiği mil (Kurşunlu, Saraycik “Çanakkale”) – нанос, наплыв ручья; *kaskam* – taş haline gelmiş killi toprak (Zigan köyü Torul-Gümüşane); “глинистая почва, крепкая и застывшая” [Türkiyede Halk Ağzından Söz Derleme Dergisi II. Istanbul, 1941], p. 844); бараба. Таранчи. *Qasmaq* – “чесь рыбы – die Fischschuppe” (Radloff. II, 359); азерб. *Gasnay* – затвердение, твердый слой корки, образующийся после поливки; *gasay* (Salyan) ~ *gasnaç* (Tovuz, Şamxor, Gazax, Kirovabad) “araba təkərində dändänälärlä şinin arasındakı ayaj hissä – деревянная часть обода-колеснойковки тележки между спицами и ободом (оковкой или оплеткой)”; *gasmaç*, (Gazax) сборки, складки (на платье) (Azərbayjan dilinin dialektoloji lüyati, Bakı 1964, p.121); туркмен. *Gasın-* “1.yığirt – складка, сгиб, морщинистый; äpın, äplem (geyimde); складывать, сминать (платье)”; *gasıq* (*gasıq*) – *garniň aşaq ategi* – нижний слой снега; *gasnaq* – 1.железная оковка-обруч колесного косяка тележки (обод); 2. *gat gat kir* – грязь пластинчатая (Türkmen diliniň sözlügi. Aşgabat 1962, p. 154.); ногай. *Gasnaq* – деревянный обруч (у сита) (НогайРСл., 1963, 153).

7. Принимая во внимание перечисленные данные, предполагаем, что слова *qasmaq, qasnaq, qasıq, qasıq, qasoy, qasıy, qası, qasu, qas* и т.д. – производные от гипотетического глагола *qas*, который означает «наложить: накладываться, нагружать, прилипнуть к чему-то, осаждаться, отстаиваться, приклеиваться на чем-нибудь, сжигать; образовывать на дне чего-нибудь, быть на краю чего-нибудь, охватывать, обнимать, окружать что-нибудь. Глагол, имеющий подобные, схожие значения существует также в современном туркменском языке: *gas* (<*gas*) – закладывать складки (при шитье)

(ТуркмРСл., 1968, 162); “gasin gasin edip tikmek, äpin tikmek - складывать, делать сборку одну на другую” (Türkmen diliniň sözligi, p. 154). Слова, которые мы перечислили, производные, образованные при помощи суффиксов, которые образуются от дибербал: *ĩ* ~ *-и*; *q* ~ *у*; *-т*; *-т*; *таq*; *паq* и т.д. (Относительно для суффиксов а képzésmódra Von Gabain, AlttürkGr. 62 [§ 57], 73 [§ 120, 124], 79 [§ 147]). На основании данных древнетюркских языковых памятников и словарей современных тюркских языков, можем предположить, что исходная форма слова есть глагол *qa*, обозначающий “покрывать, прилипать, приклеивать, образовывать (нижнюю или верхнюю) поверхность чего-нибудь и т.д.” От него происходит глагол * *qas*, который существует во многих тюркских языках. Кроме того, встречается общеизвестная лексика в производные тюркских языках, такие, как *qar-befed*- прикрывать, накрывать, устилать, укрывать; *qaz* – ‘*kapar*-почесывать, соскабливать, расчесывать; *gaši* – ‘*vakar*-скрести, соскабливать, чесать; *qaytaq* – *tejföl*- крем « и многие др. общекоренные слова тюркских языков. Однако, здесь разъяснение этой проблемы увело бы слишком далеко от нашей темы, которой пришлось бы посвящать отдельное исследование.

9. В свое время Вамбери Армин этимологию венгерского слова *qasmaq* сопоставлял с чагатайским словом, означающим «оскреб остатков пищи, соскребленные со дна кастрюли». Он и сопоставляет это слово, например, с глаголами *gaši* – “*vakar*-скрести, соскабливать, оттирать, натирать”, *qaz* – “*kitöröl, ás, bevés* – вытирать, рыть, закопать, вычеркнуть, углубляться, вырезать” (A török-tatár nyelvek etymologiai szótára. NYK XIII, p. 282), хотя и это сопоставление поверхностное и все-таки оно было близко к правде. Но Вамбери не довел свою идею до конца, объяснив этимологию данного слова следующим путем: древнетюркский *qasmaq* ~ древнечувашский *qasmau* > венгерский *kozma*.

Из вышеизложенного видно, что Вамбери правильно сравнивал этимологию венгерского слова с тюркской лексикой *qasmaq*, прежде всего с глаголом *gaši*- почесывать, соскабливать, расчесывать. Он в такой же семантической форме встречается и в монгольском языке. Действительно, в монгольском языке существует слово, близкое по значению с венгерским словом *kozma*, производным от глагола *gaši*- почесывать, соскабливать, расчесывать. Например, в литературном монгольском языке: *qusu* – “*rachler, ratisser, nettoyer les fibres de la peau*-счесывать, баранить, очищать волокна кожи” (Kowalevski II, 902b); калмык. *Xusx* – “*abschaben, ab kratzen*” (Ramstedt, 199); халха. *xusaх* – скоблить, соскабливать, очищать скоблением, скрести

(Лувсандэндэв, 1957, 568) Исходя из этого при помощи дивербального суффикса *-m* образовались (Подробно См.: Poppe, *Grammar of Written Mongolian* 47-8 [§ 164]; Szabó Teréz Mária. *A kalmük szóképzés* – 45 [§ 109]) следующие производные: на калмыцком языке: *gusum* (*yusum*) – пригарина (Позднеев Калмыцко-русский словарь. С.101), калмык. *Xism* – “Brandspane, Brand Geruch” (Ramstedt, 199 b); халха *χusam* – пригорелая корка на дне котла при кипячении молока; накипь (Лувсандэндэв, 568).

Перевод сделан к.и.н. Б. Хинаятом



ҚҰМАН-ҚЫПШАҚТАРДЫҢ УЛАШ ТАЙПАСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮРКІЛЕРМЕН БАЙЛАНЫСЫ¹

Бірінен соң біріне ұласқан халықтар миграциясы дәуірінде бірқатар Ішкі Азиялық² салт атты көшпелі халықтар шығыстағы Атажұртынан қопарыла көшіп, бірте-бірте батысқа қарай ойысты. Бірнеше мың жылға жалғасқан, бірде орасан үлкен толқын тудырған, бірде көптеген халықты қатарынан қамтыған халықтардың жойқын миграциясы Еуразияның аридтік (куаң) зонасының батыс шебі — Карпат қойнауы мен Дунай бойының төменгі жазығына дейінгі аралықты қамтыған.

Алайда, көшпелі жұрттың барлығы да бұл қияметті ұзақ жолды басып өтті дей алмаймыз. Олардың арасынан көптеген тайпа өз атақоныс-мекенінен сәл ғана жылжыды. Миграцияның басталар тұсында қолайлы мекенге кез келсе, сол аумақта-ақ көшпелі мемлекетін құруға әрекеттенді. Әр түрлі тектен таралған, тіптен тілі де ұқсамайтын көптеген тайпалық одақтан құрылған көшпелі империяларға жиі өзгеріс пен тұрақсыздық тән. Мұндай одақтар бір күшті билеуші арқасында мүлдем беймәлім түрде, елеусіз дүниеге енеді де, күтпеген жерден күшейіп, билігі мен өктемдігін мейлінше ұлғайтуға тырысады. Сонан кейін адамның жаны мен қанын құрбан етіп, бірнеше ғасыр бойы гүлденіп тұрады да, ақырында кенет немесе баяу үдеумен қауқарынан айырыла, күйреп тынады. Бір одақтастықтың осылайша бытыраған тайпаларының орнын шығыстан жанадан келген басқа бір тайпа басады: оны өз тайпалық одағына сіңіреді немесе жайылымы мен қонысын тартып алып, өздерін батысқа қарай ығыстырып қуады. Осылайша, кезінде үлкен империяларға тоғысқан көшпелілердің тайпалық одағының бірқатар жекеленген тайпалары мен рулары өзінің ту бастағы мекенденген аумағынан мүлдем алысқа, мекеніне айналған байтақ куаң даланың ең соңғы шебіне дейін қоныс аударуға тура келді.

Көшпелілердің батысқа қарай бет алған кейбір тобы жекедара тайпа, жұрт ретінде емес, керісінше бір халықтың ядросын (мәйегін) құраған ең үлкен және ең әлеуетті тайпа әу бастан бірге қозғалып,

¹Аударма түпнұсқасы: *A Hantos-széki kunok (With a German summary // Székesfehérvár Évszázadái 2. Középkor. (Секешфехервар дәуірлері 2. Орта ғасыр). -- Székesfehérvár, 1972. — P.73–82.— Ауд.*

²Батыстық тарихнамада Еуразияның Хинган тауларынан басталып, Карпат қойнауына дейін созылған куаң арид зонасын шартты түрде *Inner Asia* - «Ішкі Азия» деген жағрафиялық-мәдени аймаққа топтастырады. Бұл идеяның алғашқы ғылыми тұжырымын ұсынған америкалық мадияр текті алтаист-галым Денис Синор.— Ауд.

батысқа қарай көшу, жылысу жолын бірге (ынтымақта) өткізеді. Бір сәт толастамайтын шабыс пен тартыс барысында олар азды-көпті руынан, мүмкін бірлі-екілі тайпасынан айырылады. Бірақ, оның есесіне басқа халықтың үлкенді-кішілі бөлігін өзінің құрамына ілестіріп, қосып алады. Осылайша, олар күшпен жаулаған немесе өздігінен ілескен жаулаушы тайпалық одақтың құрамына еніп, толығымен сіңісіп кетеді. Дегенмен, бір кездері өздерінің шығу тегі туралы мәлімет беретін тайпа мен ру аттарын ұзақ уақыт бойы жадында сақтайды. Жаулап алу арқылы бірте-бірте күшейе түскен көшпелілер ұлысы шығыстағы көршілерінің оқтын-оқтын тұтқиыл шабуылына қарсы тұрып қана қоймай батысқа қарай канат жайып ұлғая түседі.

Бұл ұлғаю, канат жаюдың өзі-ақ ары қарайғы олардың шекара шебін анықтайды: көшіп-қонып жүрген салт атты, мал өсіруші көшпелілер үшін ендігі кезекте батыс өңірде тек **Карпат қойнауы** ғана қолайлы қоныс мекен деп танылды. Онан әріге, батысқа қарай олжа табу мақсатында жорық жасау ниеті тым аз болды. Осылайша, халықтар миграциясының көптеген дәуірінде көшпелілер қолайлы қоныс ретінде Карпат қойнауын таңдады. Дәл осында бірнеше ғасырға жалғасқан, ұзақ та, қияметті миграциялық жорықтың аяқталар тұсында өздерінің ұлысын, дәлірек айтсақ, мемлекеттілігін дүниеге әкелді. Олардың қатарында скифтер, сарматтар, кейінгі Атилла (Еділ) патшаның ғұндары, онан кейінгі Баян хаған бастаған аварлар, ақыр соңында осы жерге біржолата қоныс тепкен мадиярлар бар.

Арпад Патша бастаған мадиярлардың Карпат қойнауына ауа көшіп қоныстануымен көшпелі жұрттардың бұл өңірге бағытталған миграциясы толыстаған жоқ. Мадиярлардан соң іле-шала бұл үрдісті Леведиядағы (мадияр тілінде-Етелкөз) қоныс-мекенінен Мажарстанға, бір бөлігі Балқанға жеткен печенектер жалғастырды. Онан кейінгі лекті (Карпат қойнауына) азғана топпен жеткен **уздар (оғыздар)**, кейін **бөсермендер (мұсылмандар)** мен **кализдар** миграцияны жалғастырды. Ең ақырында Ішкі Азиядан шығып, Қара теңіздің теріскей жағалауындағы қуаң даланы басып өтіп, Карпатқа дейін келіп жеткен **құмандар** бұл өңірге қоныстанған халықтардың ең соңғы толқыны болды. Бақташылықпен шұғылданатын атты көшпелілер – құмандар мемлекетінің батыс шекарасы XIII ғасырдың басында Дунайдың төменгі ағысына дейін жетті. Осы тұста шығыстан қауіп төндіріп келе жатқан жаулаушыларға қарсы тұруға қауқарсыз, олардың тегеуірініне төтеп бере алмайтынын сезген құмандардың бір бөлігі Мажарстан елінен сауға табады.

Құман тайпалары мен дәйекті түрде жаңара түскен тайпалық одағының тарихын қазірге дейін *(мақала 1976 ж. жарық көрген – Х.Б.)*

толығымен саралап үлгерген жоқ. Көне тарихнамалық жазбалар аз болғандықтан құман жұртының негізгі арқауын құраған тайпалардың шығу тегі, қоныс-аудару мәселелерінде тек болжамдар ғана бар. Жеңіске жеткен шайқастары мен жорықтары барысында олар бірқатар бөгде тайпаларды өзіне қосып алды. Бірақ, жеңіліске ұшыраған кездерде олардың құрамынан үлкенді-кішілі тобы бөлініп қала берді. Сондықтан ежелгі дереккөздер өзгерістер мен құбылыстарды дәлме-дәл баяндап бере алмайды.

Кейбір араб дереккөздері бойынша құман тайпалық одағы тоғыз, басқа бір жазбаларды он бір, тіптен он төрт тайпадан құралғандығы туралы айтылады. Ал отандық (мадияр – Х.Б.) дереккөздері құмандардың жеті тайпасы туралы баяндайды. Бірақ, бұл мәліметтерді саралап, сын тезінен өткізбестен сол қалпында қабылдауға жарамайды. Аталған сандар көне және қазіргі халықтарда бірдей бақ, құт әкелетін сиқырлы сан деп есептеледі. Біршама көп тайпалардың одағынан құралған олар өздерін үнемі жеті, тоғыз немесе он бір тайпадан тұратындығын әспеттейді. Бұл, Карпатқа қоныс тепкен мадиярлар тайпаларына байланысты да байқалады. Дәстүр бойынша мадияр тайпалық одағын жеті тайпа құрайды. Сондықтан да бір-бірінен шығу тегі мүлде бөлек Күрт және Диармат тайпаларын Константин Перпирогенитос (Богородный) жазбаларында ортақ атпен беруге мәжбүр. Дәл солай мадиярлар келіп қосылған түрік тілді кабарлардың үш рудан құралатын жұртын мадиярлардың сегізінші тайпасы ретінде атайды. Оның себебін сиқырлы жеті санының киесіне қалмау деп түсінеді.

Жоғарыда айтылғандай, латын тілінде жазылған отандық құжаттар – шығыстық жазбаларға қарама-қайшы, яғни Мажарстанға қоныстанған құмандардың жеті тайпасы туралы баяндайды. Бірақ, жетеуінің атын бірдей тізбелей алмайды. Бар болғаны, бұл деректерден құмандардың төрт тайпасының ғана атын кездестіреміз: *Борчул, Олаш, Чортан, Коор* немесе *Коол*. Басқа тайпа аттары туралы жазба құжаттар ешқандай мәлімет бермейді. Сонда басқа тайпалардың аты қалай және мажарстандық құмандар шынымен жеті тайпадан ғана тұрды ма? Мадияр тіліндегі көне жазба құжаттар бұл сауалға әзірше жауап бере алмайды. Оған бола көне жәдігер құжаттарды жазушыларды кінәләй алмаймыз. Себебі, жазбаларда аты шулы, даулы істерге араластығы бар тайпалардың аты аталады дегенмен дауласушы, жауласушы жақтың құжаттары толығымен бізге жетті деп айту қиын. Егер бұл мәселеде бізге бір нәрсе жәрдем етсе, ол – құмандар тұратын аймақтағы жер-су атаулары мен адам есімдері, фамилиялары. Халық, тайпа, ру атаулары, әсіресе, түркі тектестер

арасында көбіне жер атауларында сақталып қалатыны баршаға аян. Үлкен аймақ немесе белгілі кішкене өңірге ат беруде ең оңайы – сол жерді иемденген, мекендеген тайпа мен ру атауын беру. Мадиярлардың қазіргі қонысындағы жер-су атауларынан ондағы алғаш халықтың арқауын құраған тайпалардың атауын байқаймыз. Айталық, Каполнашник, Белмедиер, Фузешдьюрмат, Тисакүрт, Дьондештариан, Будаиенө, Самошкер, Дунакеси және т.б. Бұл атаулар аталған тайпалардың бір кездегі қонысы немесе олардың қай жаққа, қалай бытырап, тарап кеткені туралы хабар береді.

Дәл солайша, құман тайпаларының атаулары, мекен-қонысы туралы толығырақ мәліметті жазба жәдігерлер, құжаттық материал, және құмандар мекендейтін аумақтағы жер-су аттарының көмегіне сүйене отырып анықтай аламыз. Бірақ, Құманиялық¹ жер-су атаулары арасынан тек мына жағдайда ғана тайпа мен рулардың шығу тегі туралы егер олар Мажарстан аумағына қоныстанар алдындағы мәліметтерде кездессе немесе құмандармен көнеде байланыста болған жағдайда ғана сөз қозғай аламыз. Бәлкім, құмандардан кейін келген түркі тайпаларының атауынан (мүмкін қыпшақ текті) алынған жер-су аттарын құман текті делінуі мүмкін. Құмания өңірінен мұндайлардың бірқатарын кездестіре аламыз. Мысалы, Үлкен Құмания (түпнұсқа тілде Надькуншаг Х.Б.) өңірінде құман текті ру, тайпа атауын алған Карцагтағы *Салгор* (қазіргі атауы *Задор*), *Токсаба*, *Конгрулу*, Кунмадараштағы *Жалайир*, Кишуйсаллаш шекарасындағы *Баяндор*, *Печене*, ал Кіші Құманиядағы *Төртел*, *Тазлар*, *Бодоглар* және т.б.

Бұл мақала аты аталғандар туралы емес, керісінше жазба деректерде сөз болған, дәлірек атап айтсақ Үлкен Құманиялық Олаш тайпасы туралы әңгіме қозғаймыз. Бұл тайпаның аты алғаш рет 1328-жылғы (1328 – 1329 :. «... Demeterius... iudex Cumanorum genere Olas...») мадияр құжат хаттарында, кейін 1344 жылғы (1344: «... capitaneus Cumanorum generacionis Olas...») жазбада ұшырасады. Шын мәнінде Олаш құмандардың көне тайпасына ұқсайды. Бұл туралы XII ғасыр басындағы орыс жылнамаларында өте жиі сөз болады: Мысалы, 1103-жылы *Улаш*, 1184 жылғы жылнамада *Улашевичи* (Улаш ұлдары, Ұлаш тайпасының ұлдары) түрінде аталады. Бұл атаудың түпнұсқа формасы Улаш сөзінің алғашқы мағынасы «ұласу, бірігу, одаққа топтасу» деген мағынаны білдіреді және түркі тілдерінде де осыған ұқсас мағына береді.

¹ Қазіргі Мажарстан (Венгрия) аумағының негізінен алғанда Тиса мен Дунай дариясы арасындағы тарихи мәдени-географиялық аймақ Куншаг (Cumania, Cumania) Құмания деп аталады. Азгантай ол аумақ Кіші және Үлкен Құманияға бөлінеді. (Түпнұсқа тілде Кишкуншаг және Надькуншаг) –Ауд.

XIII ғ. екінші жартысында түркі және моңғол жұрттарының шығу тегі туралы аңыз, шежіре туралы жазған парсының әйгілі жылнамашысы әрі дәрігер Рашид-эд-дин еңбектерінен көп мәліметтерге қанық боламыз. Оның еңбектеріндегі түркілерге қатысты бөлігінде *Салгур* тайпасынан тараған Улаш бек туралы баяндалады. Ол – Оғыз хағанның шөбересі Див-Иавгу хан әскербасшыларының бірі.

XVII ғ. екінші жартысында түркімендердің шығу тегі, шежіресі туралы жазған еңбегінде Әбілғазы Баһадүр (Хиуа әміршісі) хан бұл айтылған атауларды дәлме-дәл, бірақ сәл ғана құбылтып келтіреді. Ол Диб Бакуй хан әскерінің басы, *Салур* (бұл *Салгур* атауының түркіменше варианты) тайпасынан шыққан Улаш бек деп келтіреді. Сондай-ақ, түркімен, Анадолы түріктері мен әзірбайжандарға ортақ қаһармандық дастаны – «Деде Қорқытта» Улаш пен Салур атауы бірге аталады.

Тарихқа сүйенсек, оғыздар – б.з.д. 209–174 жылдар аралығында салтанат құрған Оғыз хан құрған Ішкі Азияның кең байтақ аумағында әрлі-берлі ойқастап жүрген, көшпелі түркі тайпаларының бас қосып бірігуінен пайда болған жұрттардың мұрагері еді. Оғыздардың атақты қолбасшысы Салур Қазан ханның әкесі Улаш хан еді (сөз арасында айта кетер жайт, эпос бойынша Салур Қазан ханның қайын атасы Байандор хан. Мажарстандағы Кишуйсаллаш шекарасында Байандор атты мекен бар. (*Ескертпе Мандоки Қоңырдікі – Б.Х.*)

Бұл дәстүрлерде, генезистік аңыз-әпсаналарда және қаһармандық дастандарда көне тайпа атауы ретінде барлығы, персонификациялана (тұлғалана) отырып, тарихи бейнелер (образдар) біздің заманымыздың адамдарына түсті. Мұндағы әке-бала-немере және басқадай түрде аталған ежелгі тайпа, ру атаулары осылайша ауыздан-ауызға беріле отырып ғасырлар бойы өз жүлгесін үзбестен санаттан да, санадан да өшірмей әспеттеп келді

Сондықтан да, бұл аңыздар мен тарихи баянды ештеңеге тұрмайтын, қарабайыр ертегі ретінде емес, керісінше тарихи дереккөзі бола алатындығын тарихи бастаухаттар және ономастикалық зерттеулер растай түседі. Айталық, XIV- XVIII ғғ. Кіші Азиядағы Тарсус өңірінде өмір сүрген түркімендердің жетекші бір тайпасы Улаш аталады. Бұл тайпа туралы 1469 жылғы хатқа түскен дерек бойынша Салур руы 10, Байандур руы 41 атадан құралатындығы туралы мәліметпен қоса олардың атаулары тізбеленеді. Бұлар Венгрияның Үлкен Құмания өңіріндегі *Улаш*, *Задор*, *Байандор* атауымен сабақтастығын байқатады. Немесе XIV ғ. Кіші Азиялық *Чукур* – *Оба* өңірін жаулап алған Үш-Ок (үш ок, үш жебе) атты түркімен тайпалық одағының бір тайпасы Улаш екендігі көп мәселені

анғартып тұрғандай. Тіптен, Улаштарды алеппелік түркімендер арасынан да кездестіреміз: Бегділі тайпасының бір руының атауы Улаш, Дұлқадыр тайпасының құрамында Улаш та, Печенек руы да бар. (Мұндағы соңғысы тағы да үлкен Құманияда кездесетін атау: Кишуйсаллаш қаласының жиегінде Девавания күре жолынан батысқа қарай Мариалапош және Мариалака арасындағы аумақ Печене немесе Печене аралы деп аталады).

Улаш атауы Түркияда ауыл (көй) атауы ретінде де ұшырасады. Бұрынырақта, тіптен ежелде Тракия мен Дрина (Дрипополи) аймағын мекендеген түріктердің бір бекетін (деревнясын) 1488 ж, дәлірек айтсақ 1540 ж. Улашлар деп атаған екен (Бір кездегі бұл тарихи атау бүгінде басқаша аталады).

Бірақ, Түркияда Улаш деп аталатын бірқатар көйлерді (ауылдарды) кездестіреміз. Бұрындар олардың атауы онан да көп болуы мүмкін, бірақ олардың қазіргі атауы біршама өзгеріске ұшыраған. Ондай тұпнұсқасын сақтағандар арасында, Ичел, Анкара, Родосто (Текірдағ), Токат, Муғла, Артвин уалаяттарында бір-бір, Мардсен уалаятында үшеуі, тіптен Сивас уалаятында бір ауданның әкімшілік орталығы Улаш деп аталады. Ал, Улашлы (лы, лі түрік тіліндегі жер-су атауларында жиі кездесетін суффикс) түріндегі ауыл атаулары өте көп деуге болады. Айталық, Қожаелі, Невшехир, Мардин, Газиантеп, Сиирт уалаяттарында ұшырасады. Улашлар аталатын ауыл екеуі ғана – Болу және Күтахиа аймағында мұндай бір-бір атаулар бар.

Улаш атауына ұқсас тарихи жәдігерлерде де, эпсаналарда, шежірелік аңыз-эпсаналарда, батырлар жырында *Салгур* немесе *Салур* деген атпен мәлім. Кіші Азияда Салур атты он жеті ауылды кездестіреміз: Анталияда үшеу, Кония, Маниса, Токатта екі-екі, Болу, Испарта, Чорум, Кайсері, Чанкири, Самсун, Иозғат, Ерзінжан уалаяттарында Улаш аталатын бір-бір ауыл бар. Ал түркімендерде ең үлкен тайпасы, әрі кілем токумен және сұлу да сымбатты ат өсірумен атағы шыққан Салор тайпасы бар. Қырым татарларының бір тайпасының аты да Салгур. Оның айқын дәлелі Қырым түбіндегі жер-су атаулары. (Бұл атаудың Салур немесе Салор делінуі атаудың түрік диалектикалық варианттары). Салгур тайпасынан делінетіндер Мажарстандық құмандар арасынан да ұшырасады және Улаштар тәрізді қазіргі Надькуншаг (Үлкен Құмания) жерінде орналасқан: Карцаг қаласына жақын жердегі *Задор* атауы (бұрындар көне варианты Загор, немесе Залгор түрінде ұшырасады) көнеде *Салгур* атауынан пайда болған. Құман тайпалар одағының ішіндегі Улаш және Салгур тайпаларын Кіші Азиялық түркімендердегідей өзара бір-біріне тығыз туыстық сабақтастық байланыстырады,

сондықтан да Надькуншаг (Үлкен Құмания) өңіріне бір-біріне жақын орналасқан болуы ықтимал.

Олар шамасы құмандардан Орта Азияда қыпшақ (құман) – уз (оғыз) соғысы кезінде айырылысқан «кейін кіші Азияға көшіп кеткен Улаш тайпасының мұрагерлерінің көп ізін Түркия жерінен табамыз. Олардың кейінгі ұрпақтары бүгінде де бір кездегі құман қауымының дәстүрін, туыстығын, халықтың өнер мәдениетінің бірқанша элементін сақтап қалған. Бұл туралы Барток Бела халық әндерін жинақтау мақсатымен Түркиядағы зерттеу сапары кезінде 1936 жылдың қараша айында Улаш тайпасының құрамына енетін иүрүктүріктер арасынан мадияр халық әндерінің кейбір үлгілеріне ұқсас түрік музыкалық фольклорының үлгілерін хатқа түсірген. Ары қарай Барток Беланың өзін сөйлетсек: «Қай жерде де бізге үлкен ізгі құрмет көрсеткендігін зор тебіреніспен еске аламыз. Оңтүстік Анатолияда, Сирия шекарасына жақын өңірде Иүрүктердің қыстауы орналасқан. Иүруктер – көшпелі түрік тайпасы. Қыста оңтүстікте жазық делінетін таулы-дөңес өңірді қыстаса, жазда Таурус биік тауларына қарай көшеді. Мұндай аса көне тіршілік формасын сақтап, бүгінге жалғастырып отырған адамдар музыкадағы көнелікті де тамаша сақтаған деуге болады. Сондықтан да, алғашқы түрік халық әндерін жинақтауға осы өңір таңдалып алынды... Адана қаласы тірек нүктесі болды. Онда алғашқы екі күнді өткізіп, жемісті нәтижеге көп жеткіздік.

Алғашқы жоспарымыз бойынша сапардың төртінші күні Аданадан 80 шақырымдағы Османие атты үлкен ауылға жеттік. Османие мен оған көршілес бірнеше ауылдың тұрғындары осыдан 70 жыл бұрын қандай бір себеппен мәжбүрлі түрде қоныс аударған «Улаш» атты тайпаның өкілдері екен.

Түстен кейін Османиеге келген біз сағат төрттер шамасында бір шаруаның ауласынан бірақ шықтық. Өз басым қатты қуандым. Ақыр соңында армандаған мәлімет берушіні тапқандай болдым, әрі сол мәдениетті сақтап отырған шаруаның үйіне бас сұққанымға қуандым! Отағасы 70 жасар Әли Бәкір.

Отағасы 70 жасар Әли Бәкіроғлы Бәкір аса қонақжайлылықпен қарсы алды. Оның жас шамасын сұрағанымызда, ол тәкаппарлықпен тісі жоқ болса да, нені де болса шайнайтындығын, 70 жасар болса да тау мен таста қоянша жортатындығын мақтана жеткізді. Ол кеменге деп аталатын көлемі скрипкадай, бірақ контрабас тәрізді ұстап ойнайтын шекті аспапты меңгерген. Аспаптың құлақ күйі де скрипка тәрізді тек «e» ішегін «d» - ге көктеу қажет. Қария ешбір қысылып-қымтырылмастан өзінің кішкентай ауласында саз аспабын заулатып

ойнай жөнелді. Бейнебір көне заман тұңғиығында соғыс, шайқас туралы күй шерткендей...

Мен өз құлағыма өзім сенбедім: бейнебір мадиярдың көне әуенінің бір варианты тәрізді. Қуанышқа кенелген мен Бекір ақсақалдың әні мен күйін таспаға түсіріп алдым... (Барток мұнан кейін мәлімет берушінің Улаш тайпасынан екендігін айтты да, мадияр халық әніне ұқсас сазды ойнады. Мен оның құмандардың ауылы туралы жырланатын Саллокөз өңіріндегі Хонрузешдьяарматтық халық әніне ұқсатқандығын айттым – *Мандоки Қоңыр ескертпесі – Х.Б.*)

...Күн еңкейген соң ісімізді аяқтауға тура келді. Қарияның отбасындағылар да кешкі асын ішуі керек. Әрі бұл кезде Рамазан айы еді. Күннің атысынан батқанға дейін бір ай бойы ішу, жеуден бас тартатын нағыз діндарға «Құранның» әсем шешен тілімен айтқанда кара жіп ақ жіптен айырылмайтындай қараңғылық түскенде ауыз ашуға болады. Бұл өңірдің тұрғындары аса діндар, кердендеген мырзалар да ораза тұтады...

Бекір ақсақалдан естіген екінші әуенім – тағы да мадияр әніне ұқсас екендігі мені қайран қалдырды. Әуен еркектер бөлмесінен шықты, оған әйелдерге кіруіне болмайды. Кейінірек ақсақалдың ұлы және онда жиналған жандар бір-бірлеп ән шырқады. Жаным сүйетін іспен айналысып, олардың ән әуенін жинап, мен бұл кешті ерекше ләззатпен өткіздім...

Келесі күні.... Жуық мандағы ауыл – Чардакка арбамен жөнелдік. Ондағылар Бекірдің әуенін білетін болып шықты. Бұл мен үшін маңызы зор мәлімет болды. Себебі, бұл әуендер кездейсоқ сақталған сиректік емес, керісінше осы өңірде кең таралғандығы белгілі болды... Ғылыми тұрғыдан аса құнды, әрі мәнді нәтижеге қол жеткізгендеймін.

Сапарымның тағы бір олжасы – өзім жүріп өткен 80 км шарадағы аумақта белгілі бір сипаттағы ерекше ән әуенін таптым. Жинақтаған 90-дай әннің 20-сы көне әуен түріне жатады. Бұл ән әуенінің құрылымы мадиярдың көне әуендерімен туыстас екендігі байқалады, яғни әуеннің бәсең құрылымымен ұқсас. Немесе әуен жоғарғы дыбыспен басталып, бірте-бірте бәсендей отырып, ән аяқталар тұста төмендей береді.

Ал, қалған 70 әуен бірегей емес, әр түрлі сипатта. Араларында мадиярлардың әуеніне ұқсас «өзгермелі нүктелі» деп атап кеткен ритм де кездеседі... Анкарада болған кезімді 13 жасар қызметші қыздан жазып алған 6 әуеннің екеуі мадиярлардың «он бірінші ритм» аталатын ырғағына өте жақын екендігін байқадым...

Бүгінгі Түркия жері қазіргі Германия аумағынан екі есе үлкен. Мұндай үлкен аумақтан жиналған 90 әуенді негізге ала отырып, қорытынды шығару үстірт болатындығы белгілі. Бірақ, бұл қол жеткізген азғана олжамыздың 20 пайызы мадиярдың көне деректерімен шендестіруге жетерліктей. Бұл дегеніміз, болашақта осы бағытта жүйелі түрде біршама материалдар жинақтасақ, әлдеқандай көп ұқсастықтар мен ортақтастықтарды анықтауға мүмкін болатындығын көрсететіндей. Мұндай ұқсастықтар мен ортақтастықтар кездейсоқтық емес екендігі белгілі. Айталық, югославиялықтар мен оңтүстіктегі және батыстағы славяндарда, гректерде мұндай ән әуені ырғағының ізі де жоқ, керісінше бұлғарлардан оның кейбір элементін кездестіруге болады. Ән әуенінің мұндай құрылымы мен ырғағы тек мадиярлармен бірге Трансилваниядағы және Молдавиядағы мадиярлармен аралас-құралас румындардың арасында, тіптен черемистерде ұшырасады. Әсіресе, солтүстік түрік халықтарында кең таралғандығын ескерсек бұл әуендер өте көне, мындаған жылдар бұрынғы түрік музыкасының стилінің сорабтары екендігі белгілі (Népdalgyujtés Törökországban: Bartok Béla Összegyűjtött írásai I., Budapest, 1966. 507-517 old / Түркиядағы ән зерттеулер. Барток Бела жинағындағы әндер).

Барток Беланың 40 жыл бұрынғы жүріп өткен сапарында жинаған азғана дерегінің негізінде жасаған қорытындысын сонан бері оның ізімен Түркияда болған мадиярдың көптеген зерттеушілерінің мындаған жазбалары қуаттап отыр. Бартоқтың ізбасарларының зерттеуі арқылы мадиярлардың халықтық музыка қазынасында «өте көне, мындаған жылдар бұрынғы түрік музыкасының стилімен» қоса басқадай салыстырмалы түрде жас, жаңа стилдегі түрік музыкасының пласты да бар екендігіне көз жеткіздік. Мадияр музыка фольклорындағы бұл пластыны 730 жыл бұрын Мажарстанға қоныс аударған құмандар арқылы жетіп, мұраға қалған. Барток Беланың зерттеуі арқылы тарих тұңғығыда бір-бірінен ажырап қалған туысқандар қайта табысып, үлкен жаңалыққа кенелді. Осылайша, уақыт пен кеңістік аясынан тыс 800—900 жыл бұрынғы дәстүр қайтадан тіріліп, көне қыпшақ әуені Түркиядағы Чукур Овада және Мажарстандағы Үлкен Құманияда қайта асқақтады:
УЛАШ !!!

*Мадияр тілінен аударған:
тарих ғылымдарының кандидаты Бабақұмар Хинаят*

ХАНТОШСЕКТИК ҚҰМАНДАР¹

Мандоки Қоңыр: Әрине, бар! Бәріміз ат үстінде өстік, біраз жылқымыздан, аттарымыздан айырылдык, жүзден оны ғана қалған. Жегіміз келгенін жей алмаймыз, себебі, аттарымыз азайып кетті, аяймыз. Қалған аттарымызды ең мықтыларын спортқа қосамыз. Жылқыдан айрыла бастасақ та, біраздан бағытымыз бар, көбейтейік деп, ескі дәстүр бойынша қыпшақ боламыз деп қайтадан.

Жүргізуші: Бір кезде бізде де жылқы мен түйеге, әсіресе, мына жылқы баласына бір залал төнген. Қазір шүкір деп айтуға болады, көзқарас өзгерді. Атқа байланысты, ат спортына байланысты біздегідей теңге алу, бәйге, көкпар, қыз қуу секілді ұлттық ойындарыңыз бар ма?

Мандоки Қоңыр: Тура қазақтың қыз қууы бар, «қыз қуар» дейміз, «көкбөрі» деп көкпар тартамыз, бәйге де бар, «ат шабыс» дейміз, теңге алу бәрі бар, бәрі де бар. Қазақта не болса бізде де соның бәрі бар. Қазақтарда жылқы әлі де өте көп, бізде азайып кетті. Бір уақытта

елуінші жылдары жылқының бәрін құрту керек, ол артта қалғандықтың белгісі, қараңғылықтың бір негізгі себебі жылқы деген өтірік ұғым пайда болған.

Жүргізуші: Сіздерді қазіргі кезде ақсақалдарыңыз айта ма, мысалы, бізде жеңгелері, жалпы әйелдер қайнысының, қайын сіңілісінің атын атамайды. Ат қою, сәлем салу секілді рәсімдер бар. Сол рәсімдер сіздерде қалған жоқ па?

Мандоки Қоңыр: Бізде сол тозып кеткендіктен, тілден айрылғаннан кейін бұл рәсімдер туралы тек кітаптан не ақсақалдарымыздың айтқан әңгімесінен ғана білеміз. Еуропаша ашық айтамыз, кімнің болса да өз атын.

Жүргізуші: Мұсылман дінінен бұрын шаман діні болғаны белгілі. Отқа май салу содан қалған дейді. Ал сіздерде оның белгісі, ырымы жоқ па?

Мандоки Қоңыр: Бар – бар. Негізінен шамандық, бақсылыққа байланысты ұғымдар, әдеп – ғұрыптарымыз көбірек сақталған. Бізге ислам аз әсерін тигізген, өте алыстан ғана байқалады, біраз Құраннан қалған дұғаларымыз бар, бірақ оларды арабша айтпаймыз, барлығы төл тілде айтылады. Содан кейін балаларымызды сүндетке отырғызамыз. Бұдан басқа ұқсастықтар ислам дініне байланысты аз. Біздің молдаларымыз жоқ, құран оқылмайды. Мүмкін орта ғасырларда, 15–16 ғасырларда құран оқылған, сол себепті біраз арабша дұғалар әлі де айтылады.

Жүргізуші: Сонда, келін жаңадан үйге түскенде отқа май салдырады ғой?

Мандоки Қоңыр: Иә, иә.

Жүргізуші: Бізде де солай.

Мандоки Қоңыр: Бірақ бұның исламға ешқандай қатысы жоқ. Ертеректе пайда болған ырым, көне жораның сарқындысы (реликт).

Жүргізуші: Қазір мына шетелдік бауырларымызбен, жалпы шетелдік әріптестерімізбен, басқа ұлт болсын не шыққан тегі бізден болсын, неғұрлым қарым-қатынасты көбірек жасауға талпынып жатырмыз. Өнер адамдары, ғалымдар, жалпы жұртшылық, қоғам қайраткерлері осындай қарым қатынасқа дән риза. Өзіңіз осы тұрғыда тікелей нендей міндеттер атқара алар едіңіз.

Мандоки Қоңыр: Сол байланыстарды көбейту керек. Бірақ менің соңғы байқағаным, Моңғолияның қазағы келсе Алматының жастары оны «моңғол» деп айтады, Қытайдан бір қазақ келсе «қытай» дейді. Бұл дұрыс емес, оның бәрі қазақ қой. Қазақстан Республикасы өз тілі бар, өз мемлекеттік ресми қазақ тілі бар. Осы бәрін байланыстырады, Моңғолияда, Қытайда, Түркияда болсын, Батыс Еуропада немесе

Мажарстанда болсын, солардағы қазақтарды тартады. Қазақстан үлкен бір үлгі ретінде есептелсе, жақсы болар еді. Шеттегі қазақтар үшін негізгі Атамекені, темір қазығы. Қандай қазақтың баласы қайда жүрсе де әрдайым Қазақстанды ойлап жүрсін. Егер мүмкіндігі болса, келсін, өзі келе алмаса да баласы немесе немересі осы Қазақстанға бір жола көшіп келсін. Мен де басқа жердегі қазақтарға барғанда осы пікірді естігем. Егер Қазақстанның жағдайы жақсы болса, біз қосылар едік, қайтадан Қазақстанға көшіп келер едік дейді. Өте жақсы. Сондықтан Қазақстан мықты болуы керек, тартымды болуы керек, Қытайдағы, Моңғолиядағы, Түркиядағы тағы басқа Батыс елдердегі қазақтар үшін. Мысалы, жазғы университет ашылса, қазақ тілі университеті ретінде, оған жан-жақтан қазақтар ұсыныс жіберіп, келіп, бір айдай шорқақтаған тілімізді тазартайық десе, өте жақсы болар еді. Себебі батыстағы қазақтар қайда жүрсе, неміс елінде неміс тілін араластырып сөйлейді қазір, Түркиядағы қазақтар түрікшеге жақындастырады өз тілін. Қазақстан тіл тазалығы ретінде бір орталық болса екен деп тілеймін. Қазақстан картадағы үлкен бір мемлекет болып есептемей, жалпы рухани бір Қазақстан болсын. Қазақтың баласы қайда болса да жанында, рухында бір Қазақстан деп үлкен бір сезімді идея ретінде бойында алып жүрсін.

Жүргізуші: Біздің танылатын ұғымдарымызды білдіретін көптеген әдеп ғұрыптарымызды, сөздерді, психологиялық жайларды біліп отырмыз. Мәселен, атқұмарлық, ат спортына байланысты ұлттық ойындардың жайы. Жалпы ұқсастықты халық арасында сақтау, одан әрі дамытудың жайы қалай, жастардың ықыласы?

Мандоки Қоңыр: Тілден айырыла бастағаннан бері, өз ата-бабаларымыздан қалған мұрамыздан жайлап айырыла бастадық. Мысалы, тойларымызда қыз ұзату мәселесі, мүмкін, менен бұрынғы ұрпақта толығырақ сақталған. Бірақ біз қазір қаншама қыпшақ болғымыз келсек те, Еуропаның ортасында тұрамыз, жан-жақтан әсер өте үлкен, күнде бір нәрседен айырылып қаламыз. Білесіздер ғой, техникалық цивилизация деген қандай жаман нәрсе. Бір жақтан жақсы, екінші жақтан халқымыздың дәстүрін сақтау үшін өте үлкен дұшпан. Жастарымыз техникадан басқа ештеңені ойламайды. Мен сияқты кейбір жастар жылқыға, атқа өте құмар болса да, көбі машинаға жүгіреді, машинаның жан-жақты түрлеріне қарайды. «Форд» па, «Мицубиси» ма, «Тойота» ма. Сол машина үшін Америкаға, Англияға, Германияға барады. Киім үлгісіне келсек қыпшақ-қазаққа ұқсас киімдеріміз болса да, бұл тек суретте қалған немесе кейбір ақсақалдарымыз мереке, той күндерімізде киюі мүмкін. Бірақ жалпы көшелерде, Будапештке келсеңіз немесе Мажарстанның басқа

қалаларында жастарымызды әбден модалы киінген түрде көресіздер. Сөйтіп біздің қыпшақтардың, бір мен емес барлық жастары егер, қазақты айтсақ: «О-о, қазақтар бақытты халық, әлі де өз дәстүрінен айырылған емес». Мен кітаптарды көрсетем, суреттерді. «Әй, біз барсақ екен, ұмытылған нәрселерімізді қайтадан үйренуге мүмкіндік болар» – дейді. Бірақ біздең көп адам келе алмайды, мүмкін бұдан былай біраз шекаралар ашығырақ болады, онда біздің жастарымыз да, жаңағы айтқанымдай, жаздық университетке келуі мүмкін. Қазақтың дәстүрін жақыннан үйренуге, жақындасуға. Әйтеуір, әдет-ғұрыптарымыз, дәстүрлеріміздің біраздары әлі де сақталған. Бір ой: мұны ғылыми түрде зерттеу керек, егер мұны жүйелі түрде салыстырсақ жүзде жүз болмасада тоқсан пайыздық ұқсастықтар байқалады. Бұның үлкен бір мағынасы: егер Түркия түріктеріне немесе әзірбайжандарға, немесе қазан татарларына салыстырсақ, сол жерде де ұқсастықтар байқалады. Бірақ *Мажарстандағы қыпшақтардың өмірі тікелей қазаққа өте байланысты.*

Жүргізуші: Мына бізден барған көркем фильмдердің, фестивальға баратын өнер адамдарын, ақын-жазушыларын, ғалымдарын, жалпы Орта Азиялық меймандардың қарсы алынуы қалай? Мажарлардың, қыпшақтардың, жалпы туыстарыңыздың оларға деген ықыласы жақсы ма? Ал негізінен етене араласуға бола ма?

Мандоки Қоңыр: Қазір ашық айтуға болады. Бұл жақтан бұған дейінгі жағдайымыз өте нашар болды. Қазақстаннан және Қырғызстаннан ансамбль келсе, бір топ қазақтың өнер қайраткерлері келсе, оларды тікелей елге көрсеткісі келмейді, бір жерге тығып, сол беті әскерлердің гарнизонына бір спектакль көрсетеді де, болды. Мажарлардың хабарлары болмаған. Бізге хабарлайды «Қазақстанның Құрманғазы ансамблі келеді» деп, сосын біз әзірленеміз, қыпшақтарды шақырамыз немесе басқа жаққа жақсылап серуендетеміз деп сайланамыз, бірақ келді ме, келмеді ме білмейміз. Әйтеуір радиодан хабар беріледі «келді» деп, біз іздейміз, ешқайда жоқ. Сосын енді қайтадан Қазақстанға оралғаннан кейін хабар беріледі «Құрманғазы ансамблі Қазақстанға қайтіп кетті» деп. Одан кейін Құрманғазы домбырашыларынан да сұраймыз, мына Алматыға келгенде, «қайда жүрдіңіздер?» деп, сосын айтады: «осындай да осындай, совет әскерлерінің гарнизонында болдық» деп. Мажарлармен байланыстары болмаған. Бұл бұған дейінгі оқиға, мүмкін, енді кім барса да, тікелей мажар тұрғындармен, қыпшақтармен байланысы дұрыс болар. Кезінде қазақтың кинолары бірен-саран келетін. «Қыз Жібекті» біз үзіліп отырып қарадық. Мен өзім, мысалы, төрт рет көрдім. Бірақ мен он рет көрген қыпшақ

жігіттерін де білем. Қойған сайын, мысалы, екі үш айдан қайталап қойса, бара береді. Тағы басқалары, мысалы, «Қан мен тер» деген киносы да келді. Бір жаманы, орыс тілінде, астында мадиарша аудармасы жазылған, Егер қазақша болғанда, құлағымызға әбден дұрыс болар еді.

Жүргізуші: Келешекте тиісті орындар бұл жағына да назар аударатын шығар, көркем фильмдер қазақ тілінде баратын болар. Қазіргі кезде әрбір республика рухани жағынан да, экономикалық ғана емес, мәдени рухани салада да көптеген өзгерістер енгізуі мүмкін. Бұл енді біздің елдегі өзгерістерді жобалап айтып отырмын. Содан соң, енді сіздер тарапынан мажарлар, қыпшақ ағайындар да іске кіріссе, екі жақтап жұмылсақ, бірте-бірте байланыстар жандана түседі-ғой деп ойлаймын. Осыны енді үміт етейік.

Мандоки Қоңыр: Сосын Шакен Аймановтың қойған киноларын өте жақсы көреміз. «Қараш-Қараш», мысалы, шығарма Мұхтар Әуезовтікі, бірақ қойған қырғыз режиссері. Тағы басқа киноларды. Қырғыздікі болсын, қазақтікі болсын, әйтеуір бізге өте жақын. Совет Одағының түріктерінен ең жақындауы осы екі халық.

Жүргізуші: Аға, рахмет әңгімеңізге. Қазақстанға деген көңіліңіз, пейіліңіз көлдей екен, сағынышыңыз шөлдей екен. Әрдайым, осы ықыласыңызды көре берейік. Сіздің өмірдегі, ғылымдағы іс-әрекетіңіз халықтардың ынтымағына қызмет етіп жүр-ғой. Бұдан былай да сол шын көңілден жасалар ардақты қызметіңізде әрқашан биіктен көріне беруіне тілектеспіз. Қарлығаш көңіліңіз әрдайым да барлығымызды риза етсін.

Сұқбатты мәтін түріне түсірген: Ернар Мәсәлім



ӨТКЕН ШАҚТАР ІЗІМЕН НЕМЕСЕ ҚҰМАН-ҚЫПШАҚТАР ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ТОЛҒАМ¹

Ежелден Балқаш, Арал, Каспий, Қара теңіз жағалауын Ертіс, Еділ, Жайық бойларын жайлаған түркі тайпаларының мекені II-XII ғасырларда Дешті-Қыпшақ немесе Қыпшақ Даласы аталғаны тарихи деректерден белгілі. Дешті-Қыпшақтың байырғы тұрғындары қыпшақ, қаңлы, қоңырат, және тағы басқалары Шыңғысхан мен Батудың жойқын шапқыншылығынан күйрей ұрыс жүргізе отырып, Донды, Днепрді, Днестрді тастап Карпат тауларының қойнауындағы Мажар даласына жетіп қоныстанған. Бұл тайпалардың сол замандағы жалпы атауы «қыпшақ» болып қалыптасқан еді. Мажар /Венгр/ елінің тарихнамасында бүгінгі Венгриядағы қыпшақтар «ақ қыпшақтар», «командар» деп аталады. Бертін келе орта ғасырда қара қыпшақтар да, өзге түркі тілдес тайпалар /керей, найман, арғын, жалайыр т.б. тәрізді/ Алтын Орда мемлекетінің негізгі халқына айналды. Тарихи деректер бойынша, XV ғасырда қазақ елі халық болып қалыптасқан кезде қыпшақтардың бір тармағы – қара қыпшақтар да осы халықтың құрамына енген еді. Ал, Батысқа, Мажарстанға орын тепкен қыпшақтар жеті жүз жыл өтсе де, өз ана тілін, салт-санасын, әдет-ғұрпын ғасырлар бойы сақтап келіп еді. Бірақ, көптеген тарихи-әлеуметтік, экономикалық өзгерістердің нәтижесінде тегі бір мажарлармен (мадиярлармен) араласып, соңғы бір-екі ғасырдан бері олардың қыпшақ тілі әлеуметтік қатынас тілі болудан қалды. Соған орай кейбір дәстүрлерден де ада болды. Бірақ ауызды ку шөппен сүрту қате болар еді. Қыпшақ тілі күнделікті тірлік қатынасында орын алмағанмен, ауыз әдебиетінде көптеген ескерткіштер қалды. Қазір де қыпшақтар мажарша сөйлегенмен, олардың тілінде мажар тілінен бірқанша айырмашылық, ерекшеліктері бар. Өйткені қыпшақтардың мал шаруашылығына, ауыл шаруашылық кәсібіне, аңшылыққа, үй тұрмысына өсімдікке, жан-жануарға, сенім-нанымға қатысты атауларының басым көпшілігі бүгін де көне қыпшақ тілінде айтылады. Қыпшақтар мажарша ауызекі сөзінде, тілқатысында жоқ көне қыпшақ тілінің көптеген сөздерін қолданады. Бірақ қыпшақ тілінің кейбір элементерінің сақталуы жоғарыда айтылған атаулар да ғана емес, батырлар жырларында, дастандарда, жұмбақ, мақал-

¹ Қоңыр мұрағатының арасынан қыпшақтар мәдениетіне қатысты қолжазба оның зерттеу нысаны – құман-қыпшақтардың ауыз әдебиетінің реликтерін зерттеуде нені ескеру қажет екендігі туралы толғам, пікірлері жазылған. Шамасы Қоңырдың Қазақстанға алғаш келген кездерде, яғни 1977-78 жж. Шамасында жазылғанға ұқсайды. Себебі кейін бұл мәселеге байланысты бірнеше мақала жарияланымдары жарыққа шыққан-ды... ред.

мәтелдер де және балалар айтатын санамақтарда да сақталған. Мұнда бір ескертетін нәрсе, жеке сөздер ғана емес, бүтіндей ұғымдар, дастанның тұтас желісі, оқиғасы сақталған

Бұл ескерткіштердің кейбіреуін түркі халықтарының тілімен салыстырсақ көп сөздің мағынасын, мән-жайын, төркінін шешуге болар еді. Бұған дейінгі зерттеулер бойынша бұл түркі тектес халықтардың тілдерінің арасынан мажарстандағы қыпшақтар ауыз әдебиетінің ескерткіштерінің тілі қазіргі қазақ тіліне ең жақын болып келеді. Өзім осы қыпшақ тіліндегі ауыз әдебиеті өркениеті, жалпы айтқанда ата-бабаларымыздың мұрасын зерттеп жүрген маман болғандықтан, Қазақ Ғылым Академиясының Тіл білімі, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнертану мен Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институттарында жүріп жатқан жұмысымнан көп үміт күтемін. Бұған дейінгі зерттеулер бойынша бұл түркі тектес халықтардың тілдерінің арасынан Мажарстандағы қыпшақтардың ауыз әдебиеті ескерткіштерінің тілі қазіргі қазақ тіліне ең жақын болып келеді. Қазіргі осының нәтижесін көре бастаған зерттеу үшін өзіммен бірге ала келген қыпшақ ескерткіштері нұсқаларының ішінде мына бір санамақ бар:

Бірім-білеу,
Екім-егеу,
Үчiм-үзiк/қаз.-үшiм /,
Төртiм-төшек /қаз.-төсек/,
Бешiм-бешiк/қаз.-бесiм бесiк/
Алтым-ашық / қаз.-асық/,
Жетiм-жетек /қаз.- асық/.
Сегiзiм-сенек /қаз.-айыр/
Тоғызым-торсық
Құлыным –қачты /қаз.- қашты/
Жуыр –тапчы / қаз.- жүгiр тапшы/

Санамақ фонетикалық жағынан қазақ тілі фонетикасымен ептеп қайшы болса да, / «ши»-ның орнына «ч» және «с»-ның орнына «ш» айтылады/

Басқа түрік тектес халықтары балалар әдебиеті-нұсқалары арасынан осындай санамақтың аналогтары аз емес және олардың басым көпшілігі осыған ұқсас болып келеді.

Ал қазақ балалар әдебиетінде осындай екі санамақ бар. Біріншісі:

Бір дегенің –білеу,
Екі дегенің – егеу,
Үш дегенің-үскі,
Төрт дегенің- төсек,

Бес дегенін –бесік,
Алты дегенің- асық,
Жеті дегенің- желке,
Сегіз дегенің –серке,
Тоғыз дегенің- торқа,
Он дегенің –оймақ,
Он бір қара –жұмбақ.

Екіншісі:

Бірім-бір,
Екім-екі,
Үшім-үш,
Төртім-төрт,
Бесім-бес,
Алтым-алты,

Жетім- жеті,
Сегізім- сегіз,
Тоғызым-тоғыз,
Оным-он,
Он бірім,
Оны тапшы
Ай, күнім!

Егер осы екі жаңылтпашты санауды мажар қыпшақтарының жоғарыдағы келтірілген санамағымен салыстырсақ, түр жағынан да өзгешеліктері өте аз. Қазақ санамағының соңы өзге болса да, екінші санамақтың соңы үндес те ұқсас / жуыртапчы, ал қаз.- оны тапшы.

Осындай санамақтар мажар қыпшақтарында өте көп. Бұлардың бәрінің шығу тегін табу қиынға соқса да, қазақ әдебиетінің нұсқаларымен салыстырсақ, мүмкін, тағы да, кейбіреулерінің шешімін табуға болар. Сөйтіп ағайындарынан жеті ғасыр бұрын айырылған мажар қыпшақтардың тіл, әдебиет, салт-сана, әдет-ғұрып, мәдениет мұрасын қазақ халқының мұрасымен салыстыра отырып, көптеген, әлі анықталмаған мәселелерге дұрыс шешім табуға болар деген үмітіміз зор. Және де қазақ халқының ауыз әдебиеті Мажарстан қыпшақтарының мұраларына сәйкес келгендіктен, бұл мәселенің тарихи да мағынасы зор деген сөз. Тағы басқа осындай тарихи дәлелдерді болашақ ғылыми-зерттеу еңбегіміздің нәтижелері арасынан табармыз деген үмітіміз зор. Өйткені жоғарыда мысал келтірілген балалар әдебиетіндегі екі елге ортақ нұсқаның түп-тамыры бұл Дешті-дәстүрді қыпшақтармен бүгінгі қазақ халқының арғы аталарының бір тұтас ел болып тұрған кезінен яғни бұдан жеті ғасыр бұрынғы кезеңге орныққанының айғағы болып табылады.

*Қолжазбаны қазақшаға аударған Мандоки Оңайша,
Ернар Мәсәлім*

МАДИЯР РУЫ ТУРАЛЫ ҚОЛЖАЗБА

Будапештдегі Мандоки Қоңырдың 40 мыңдай бірліктен тұратын бай кітапханасындағы марқұмның өз қолымен жазған қолжазбалары мен экспедициялары кезінде келтірілген есептері мен белгілеулері аз емес. Соның арасындағы Қоңырдың құнды бір қолжазбасының бірін мұрағатты сақтаушы Вад Лашын пен Мандоки Онайша ұлы ғалымның досы, еңбектерін Қоңыр рухына бағыштаушы Бенкө Михайға оның зерттеуіне қатысты болғасын ұсынған екен. Ол – Қоңырдың шамасы 1970 жылдардың соңы немесе 1980 жж-дың бас кезінде (себебі датасы қойылмаған-ред.) жазылған ғылыми есебінің алғашқы нұсқасы екен. Қолжазба туралы Бенкө Михай «Қоңыр Иштван пайғамбарлық пайымдауында асқан сәуегейлікпен қазақ-мадияр байланыстарының маңызын және ондағы мүмкіндіктер туралы ой толғайды. Қолжазбаны кеше ғана Айша, Лашындардан алдым» (István szinte prófétai jóslatával a kazak-magyarok kutatásának szükségességéről és lehetőségeiről. Az anyagot tegnap kaptam Ajsától és Vad Lacitól.), – деп, қуанышын жасырмайды. Осыған байланысты Қазақ Ғылым академиясы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры мен Ғылыми кітапхана мұрағатында қазақ-мадиярлардың туысқандығы туралы генеологиялық аңыз болуы әбден мүмкін. Соны жинақтап, көшірмелерін алу қажет. Мадиярлардың дүниежүзілік кезекті құрылтайында Қоңыр Иштван әлдеқашан сөз еткен деректерді баяндамаға арқау етуге, қолжазбасының факсимилиесін конференция жинағына немесе ғылыми журналдарға бастыруға лайық. Осы саладағы ғылыми проблемамен шұғылданып жүрген ғалымдарға көрсетіп, басылымдарға шығарып көпшілікке ұсыну қажет. Сәлеммен Михай»

Қоңыр қолжазбасының аудармасы

“... Дәл осындай шын жүректен шығатын ілтипатты түркі текті жұрттарының қай-қайсысынан Орта Азиядағы түркі республикаларында Қырғызстанда, Өзбекстанда, Түркіменстанда немесе Кавказ түркілерінде, Еділ бойы татарларында, башқұрттарда тіптен Әзербайжанда, Түркияда да болсын байқауға, сезінуге болады. Ал қазақтарда мадиярларға деген ерекше бауырластық сезімнің өзіндік себебі, дәлірек айтсақ, ерекше назар аударатын негізі бар. Қазақтардың ру-тайпалық құрылымында саны аз емес, шамамен 100 000 жан өздерін мажар, маджар, әлбетте мадиар (madzsar, vagy mazzsar, illetőleg madjar) деп атайтын ру бар. Бұл рудың шығу тегі, шежіре мәселесін зерттеу бұған дейін жүрілмеген немесе мүлде беймәлім. Бірақ Қазақ Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында осы рудың арасынан жиналған бірқанша шежірелік аңыз

МОНГОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖҰМБАҚТАРЫ¹

Исі түркі жұрттарының ортақ төл-перзенті марқұм Мандоки Қоңыр Иштван есімі аңызға айналған тұлға. Былайша жерлестері мадиярлар айтқандай ол өлімнен соң «Мифологиялық биіктікке айнала бастады. Оны шығыс Еуропадан бастап Кавказ, Орал, кіші және орта Азия жақсы білетін. Керісінше марқұм ағамыз ондағы жұрттармен де етене жақын араласып тұратын, жақсы танитын. Ол бүгіндер Алатаудың Кеңсай баурайында мәңгі ұйқыға кетсе де, қазақ жерін аңсап армандап, тарихи отанына бас тартқан алғашқы шетелдік ретінде бір дәуірлерде әлемді дүр сілкіндірген қайқы қылыш қыпшақтың жұрағатынан саналатын халқымыздың үлкен жүректі жанашыры ретінде ұрпақтарға үлгі ұлағат болып қала бермек...»

Марқұмның артында қалған мол мұраның бірі ол жинаған қазақ жұмбақтары. Бізге ұқыптап тапсырған жұбайы Оңайша Мақсұмқызы. Мұнда осман-түрік-латын әліппесінің басқы 4 қарібі ретімен (А В С, Ы – А, б, ж, ч) терілген ұзын саны 237 жұмбақ жазылған. Жинақталған жері – Монғолиядағы қазақ шоғырының ортасы. Қоңыр ағамыз ондағы туысқандарға жиі барып тұратын. Өз жазуы бойынша 1966–1985 жылдар аралығында онда 13 мәрте барған көрінеді. Тіпті 1985 жылы ағылшын тілінде «Монғолиялықтардың жұмбақтары» атты жинақты «Дәптер» деп аталатын серия үшін дайындап та кеткен. Бұл мұраларды таныстырмақ ниетпен ықшамдап әзірлеген Бабақұмар Қинаятұлы

Ағаш арық, тұйық арық,
Жылқылар жүр жиі барып.

(Науа)

Ала бұйдам жетпес жерге жетеді.

(Көз)

Ала күшігім үйді айнала жүгіреді.

(Белдеу)

Алды қияқ, арты шалғай.

(Аттың жалы)

Алыстан көрдім көк белді,
Жарқырап жатқан көп көлді.

Ұстайын деп ойланып,

Жақындап едім, жоқ болды.

(Сағым)

¹ Монғолиядағы қазақтың жұмбақтары // Жұлдыз. – 1997. №6. – 199-200 б.

Алыстан карасаң, бір қойған,
Жақыннан карасаң, мың карайған.

(Аттың құйрығы)

Алпыс кісі аяқтасты,
Ал таңертең таяқтасты.
Бәрін бір жерге жатқызып,
Кейде ұрысып алып қаштың.

(Кірпік)

Алпыс терек,
Адамға керек.
Алпыс теректің бәрі ұя,
Тұрған орны қия.

(Алпыс басты киіз үй)

Алты ақку, он екі үйрек, бір бөдене,
Кейде толы, кейде орта бір тегене.
Шағала жалп қойып ұшып кетті,
Жок болса қанаты, о немене?

(Шолпан мен Үрке)

Ана ауылдың бурасы,
Мына ауылдың бурасы,
Желкілдейді шудасы.

(Түтін)

Ана ауылдың иті қабаған,
Мына ауылдың иті қабаған,
Маңдайына темір қадаған.

(Қырғыш)

Андарды мекендейді отыз бөрі,
Он жігіт бөрілердің қызметкері.
Салынған еттен көпір ортасында,
Алдағы қызмет етеді арлы-берлі.

(Отыз тіс, он саусақ)

Апан-апан,
Ескі шапан,
Үйір кобыз,
Жарық жұлдыз.

(Түйе)

Ары жүгір, қара қарт,
Бері жүгір қара қарт,
Тал түбінде талтандап, қара қарт.
Жылқыны қарнына қыстырған,

Түйені ерніне қыстырған,
Мұрты бар, сақалы жоқ,
Айт дегенде айалы жоқ.

(Құндыз)

Ары сарп, бері сарп,
Қара койдың құйырығы сарп,
Арты ұзын, алды қысқа,
Дәміл-дәміл қолында ұста.

(Күләпәра)

Аспаннан жауды ақ бидай,
Үйге қарай жүгірдім.
Ызғарына шыдамай,
Сүмелектеп бұрылдым.

(Бұршақ)

Асқа бармайды,
Аспазшыдан қалмайды.

(Қайрақ)

Аспай түскен,
Қайнамай піскен.

(Қымыз)

Алды ұзын, арты қысқа,
Беттері өзіне сай әрбір тұста.
Суықта да, жылы да да пана болар,
Таппасаң, басындағыны қолыңа ұста.

(Қазақ тымақ)

Аттандап бір шаһардан қалың халық,
Соғысып тыныш жүрмейді елді шауып
Жаратқан мықты қылып нәсілін,
Өзінің тауып алып жүр нәсібін.

(Құмырсқа)

Аузы оймақтай,
Ерні етектей.

(Керней, мұржа)

Аяғынан алады,
Көтеріп жерге салады.

(Үзеңгі)

Айғайлаған жау келсе,
Айыр сақал атам тоқтатады.

(Бақан)

Айуан екі аяқты, асқан батыр,
Басына о батырдың тіккен шатыр.
Шешерсің, дана болсаң бұны біліп,
Кел-кел деп, қан майданға шығысканда,
Бір айла адамзаттан болып жатыр.

(Бүркіт)

Балпаң-балпаң басады,
Адамнан қатты сасады.
Саусақтары салалы,
Қыста жылыға қашады.

(Қаз)

Бап-бап, бапанак,
Бапанак ұшты арғымақ.
Арғымақ ұшты қызыл таң,
Қызыл таң ұшты қу шұнақ.

(От, ошақ, қазан)

Бар екен бір айдаһар аузын ашқан,
Көргенде адам, пенде заһар шашқан.
Кетеді, ашуланса таудай болып,
Қайнатып қара тасты ашу басқан.

(Көрік)

Базардан алып келген ақ арғымақ,
Белінде тартпасы бар бунақ-банак.
Үстіне ашамайды артып алып,
Кетеді шу дегенде жырлап-жырлап.

(Домбыра)

Белестен шапқан бесті ат,
Бүкір келген желісті ат.
Бейқам елді іздейді,
Малдан күдер үзбейді.

(Бөрі)

Білесің ғой жарты айды,
Міне осындай төрт айды.
Екі, он екі шеге кеп,
Қойды тасқа шегелеп.

(Таға)

Бір нәрсе бес бойында тиегі бар,
Темірден салдыраған иегі бар.
Болғанда бірі қолда, бірі белде,
Адамға әрқашанда керегі бар.

(Жүген)

Бір түйем өлді майы көптен,
Жануар семірмейді жеген шөптен.
О түйем зәудегалам өліп кетсе,
Сүйегі табылмайды жерден көкпен.

(Майшам)

Бұты-бұты, бұты ұзын,
Бұтынан да колы ұзын.
Ата киік терісі,
Алтын қошқар мүйізі.

(Қамшы)

Бүкір ағашқа қар жұкпас.

(Сиырдың мүйізі)

Сидым-сидым, сидым құс,
Ши басына қонған құс.
Қарқарадай қара құс,
Қан басына қонған құс.

(Тігулі үй ағаш)

Шым шидей қотыр.

(Кесте)

Шөптен аласа,
Тамнан биік.

(Жол)



**Мажар Республикасы Мәдениет және
Оқу Министрлігі мен
Қазақстан Республикасы Оқу Министрлігі арасындағы
1991-1994 жылдары үшін бірлесіп істеуге өзара келісім¹
(факсимилие, Қоңырдың қолжазбасымен 1-ші беті берілген)**

Мажар Республикасы Мәдениет және Оқу Министрлігі мен Қазақ Республикасы Оқу Министрлігі (бұдан былай: Жақтар немесе Екі Жақ)

- біріне-бірі өзара пайдалы болып, жан-жақты бірігіп істеуді жасауға және тереңдетуге тырысып,

- ғылыми және білім беру, ағарту, оқуда бірлесіп істеу дамытуымен де Европа Қауіпсіздік және Бірлесіп Істеу Мәжілісінің қорытынды документі мен Париж Хартиясында жазғандардың жүзеге асыруына көмектеседі деген ниетпен жетектеніп, төмендегі келісімдерге келді:

1-тарау

Бітімдесуші Жақтар ағарту, білім беру және ғылымның барлық салаларында екі жақ үшін бірдей табысты және пайдалы барлық бірлесіп істеулер мен алмасуларды қолдайды.

Жақтар мемлекеттер арасындағы ғылыми және ағарту мен білім берудегі бірігіп істеудің негізгі түйіні деп облыстар, қалалар, өзіндік басқармалар, мекемелер, ұйымдар және бірлестіктердің өзара ортақ талаптары және ықылас-мүддесіне сүйенетін тікелей бірігіп істеуді санайды.

Екі Жақ табиғи және заңды хақы (правосы) бар адамдардың бірін-бірі өзара жақсы тани білу және біріне-бірі жақындасуына қызмет етуші барлық жаңа бастама мен ынтасына Заңдарына сай құптап жәрдем береді.

2-тарау

Екі Жақ білім беру, оқыту тәртіптері жөнінде мәлімет пен документацияларды айырбастайды.

¹ Қазақ Елі тәуелсіздігін жариялаған соң алғашқылардың бірі болып таныған және дипломатиялық қатынас орнатқан Мажарстан (Венгр Республикасы) екендігі мәлім. Сол кезде Мажарстан Сыртқы Істер Министрлігінде кеңесшісі болған Мандоки Қоңырдың Қазақстан мен Мажарстан арасындағы алғашқы мемлекетаралық келісім-шарттардың білім, ғылым саласына аудару қажеттігіне ерекше мән беріп, екі жақты келісімнің нұсқасын қазақ тілінде дайындаған екен. Қолжазбаның көшірмесін көпшілікке ұсынған Вад Лашын мен Мандоки Оңайша. Қоңырдың өз қолымен жазылған қолжазбаның 1-ші беті назарларыңызға ұсынылып отыр. – ред.

3-тарау

Бітімдесушілер министрліктердің мамандық басбөлімдерінің тікелей бірлесіп істеуін және маман адамдардың тәжірибе алмасуын жылына 20-20 күндік уақыт мөлшерімен қолдап көтермелейді.

4-тарау

Екі Жак мекемелердің тікелей келісімдері бойынша екі мемлекеттің жалпы және жоғарғы білім беру мен өнер білімін оқытушы мекемелерінің тікелей бірігіп істеуін, ортақ зерттеулерді, мәлімет пен басылымдардың айырбастауын, студенттер мен оқытушылардың алмасуын қонақ мұғалім-ұстаздардың шақыруын, мамандық жаттығулардың ұйымдастыруын қолдайды.

5-тарау

Екі Жак мамандық білім жетілдіру мақсатымен жылына бір ғылыми зерттеуші адамды 10-10 ай мерзімімен қандай бір жоғарғы білім беру мекемесіне қабылдайды.

6-тарау

Екі Жак 1993-жылы қыркүйек айынан бастап, Алматы Мемлекеттік университетінде бір мажар тілі лекторының жұмыс істеуін қолдайды. Әрдайым болатын мажар тілі лекторы тілді оқытумен қатар Қазақстанда өмір сүруші мажар ұлтты азаматтарға мәдени-ағарту істеріне де көмектеседі.

7-тарау

Бітімдесушілер екі мемлекет халықтарының тілі мен әдебиетінің жазғы университетіне жылына 1-2 адамды қабылдайды.

8-тарау

Екі Жак мектеп куәліктері, институт пен университеттерінің дипломдары, ғылыми дәрежелер мен атақ-шендердің қабылдауы туралы келісімнің алдын-ала әзірлігін бастайды. Бұл мақсатпен документтерді айырбастау және кеңес-консультацияларды тәртіптеу үшін жоспар мерзімінде 20-20 күн беріледі.

9-тарау

Екі Жак Қазақстанда өмір сүретін мажар ұлтты азаматтардың білім алу, оқу талаптарын қанағаттандыруы мен ұлттылық ұйымдардың ата-мекендегі мекеме және ұйымдармен болатын тікелей байланыста болуына ерекше көңіл аударып, қолдайды.

Ақша істеріне байланысты және қорытынды қарарлар, ұйғарымдар

Бірлесіп істеу келісімі және бұның негізінде жасалған тікелей (мекемелер мен ұйымдардың арасындағы) жұмыс жоспарлары жағдайында адамдардың келімі-кетімі, алмасуы девизасыз болады.

Жіберуші Жақ жолдың шығынын, ал қабылдаушы Жақ та ол жерде болатын күндердің қаражатын (қонақүй жатағын, күндік ақшасын, стипендиясын, тілмаш ақысын) көтереді.

Басқадай шаралардың нақтылы шарттары жөнінде тиісті мекемелер тікелей келіседі.

Келісім бойынша шетелде болатын адамдардың денсаулығын сақтау күтімін қабылдаушы Жақ қамтамасыз етеді.

Бұл келісім қол қойылған күннен бастап іске асырылады және 1994-жылғы желтоқсан айының 31-күніне дейін күші бар. Келісім екі түп нұсқа болып, мажарша және қазақша жазылып, екі тексі де бірдей сенімді.

*Мажар Республикасы
Мәдениет және Оқу Халық
Министрлігі жағынан*

*Қазақ Республикасы
Оқу министрлігі
жағынан*



Мақар Республикасы Мәдениет және Оқу Министрлігі
мен

Қазақ Республикасы Халық Оқу Министрлігі
арасындағы

1991-1994- жылдары үшін
Бірлесіп істеуге өзара келісім.

Мақар Республикасы Мәдениет және Оқу Министрлігі мен
Қазақ Республикасы Халық Оқу Министрлігі (бұдан былай
Жақтар немесе Екі Жақ)


— біріне-бірі өзара пайдалы болып, жан-жақты бірігіп
істеуді жасауға және тереңдетуге тырысып,

— ғылыми және білім беру, ағарту, оқуда бірлесіп істеу
дамуымен де Еуропа Қауіпсіздік және Бірлесіп Істеу
Мәжілісінің қорытынды документи мен Париж Хартиясында
жазғандардың жүзеге асыруына көмектеседі деген ниетпен
жетектеп, төмендегі келісімдерге келді :

1. тарау

Біріндесуші Жақтар ағарту, білім беру және ғылымның
барлық салаларында екі жақ үшін бірдей пайысты және пай-
далы барлық бірлесіп істеулер мен алмасуларды қалдайды.

Жақтар мемлекеттері арасындағы ғылыми және ағарту
мен білім берудегі бірігіп істеудің негізгі түйіні деп облыс-
тар, қалалар, өзіндік басқармалар, мекемелер, ұйымдар
және бірлестіктердің өзара ортақ талаптары және ықпал-
лес-мүддесіне сүйенетін тікелей бірігіп істеуді санайды.



**АЛЫСТАН
ЖАЗЫЛҒАН
ХАТТАР**

АЛЫСТАН ЖАЗЫЛҒАН ХАТТАР

Қазақ және мажар (венгр) мәдениеті бүгінгі түркологияның белді өкілі, Мажар халқының үлкен жүректі азаматы, белгілі түрколог-ғалым, Будапешт университетінің профессоры, қазақ халқының адал досы Қоңыр Мандоки Мажарстанда (Венгрияда) Ұлы Қыпшақ аймағында Қарсақ қаласында 1944 жылы дүниеге келді. Ол өзінің бүкіл саналы өмірін түркологияға арнады. Бұл жолда Қоңыр жан-жақты қабілет-дарынымен, ерекше еңбекқорлығымен көзге түсіп еді. Оның ұстазы дүние жүзіне есімі мәлім профессор Дьюла Немет болатын. 1981 жылы Қоңыр «Мажарстандағы қыпшақ тілінің ескерткіштері» деген тақырыпта диссертация қорғады. Мұнан кейінгі жылдарда ол ғылыми ізденістерін мейлінше ширатып, иісі түркі әлемінің түпкі тегіне, тарихына, мәдениеті, тілі мен этнографиясына қатысты салиқалы еңбектер бере бастап еді. Қоңыр өзінің ғылыми еңбектерін мажар, ағылшын, неміс, француз және қазақ тілдерінде жазатын. Бұл орайда ол шын мәнінде классикалық түркологияның бүгінгі Еуропадағы ең бір көп үміт күттірген өкілі болатын. Қоңыр нағыз ғалым-зерттеушіге тән еңбекқорлықпен түркі тілдес халықтар әлемін ерінбей аралайтын. Қазақстанға өзгеше бір бауырмалдықпен ден қойып, жиі-жиі келіп, көптеген достар тауып еді. Әсіресе қазақ пен мажар халқының арасындағы рухани және мәдени байланыстың нығаюына белсене араласатын. Қоңырдың тікелей ұйымдастыруымен Будапеште қазақ-мажар жастарының достық кештері тұрақты өтіп тұрды. Қазақ ертегілері мен қазақ әңгімелерінің мазмұнды жинақтарының мажар тілінде жарық көруіне тікелей дәнекер болған да Қоңыр еді. Қоңыр қазақ жұртының күйеуі еді. Бұл ретте де ол түркінің кісілікті мәдениетіне, күйеу балалық жолына қылау түсірген емес. Тіптен соңғы кезде жүрегінің мазалап жүргенін сезіп, алай-бұлай болып кетсе топырақтың қазақ жерінен бұйыруын өсиет еткен екен.

Мейірімсіз ажал ардақты туысқанымызды, аяулы досымызды арамыздан жастай алып кетті.

Марқұм Қоңыр Мандокидің жарқын бейнесін, бауырмал жүрегін, толымды еңбектерін қазақ жұрты ешқашан ұмытпайтынының дәлелі ретінде бірнеше хаттарын жариялап отырмыз. Хаттар жеке адамдарға арналғанмен жалпы қазақ халқына деген бауырмалдық жүрек жалынын аңғару қиын емес.¹

¹ *Алыстан жазылған хаттар // Жұлдыз. – 2004. – №1. – 132–134 б.; Парасат. – 1995. – №2. – 20–21 бб., және де басқа басылымдардың беттерінде жарық көрген хаттар.*

ҚОҢЫР ИШТВАН – БОЛАТ КӨМЕКОВ

Қоңыр Иштванның ҚР ҰҒА-ның мүшесі Болат Көмековке
жазған хаттары

Бірінші хат¹

Ассалаумағаликум, құрметті Болат !

Денсаулығыңыз жақсы, қызметіңіз алда ма?

Егер сіз рұқсаттасаңыз, мен Сізбен танысқым келіп, осы бір сәлемді сізге арнап жазып отырмын.

Ал, енді өзім туралы жазайын. Мен қыпшақпын, біздің ата-бабаларымыз XIII-ғасырда Мажарстанға келіп мекен еткен. Қазір отанымызда шамамен 200 мың қыпшақ өмір сүреміз. Барлығымыз өзіміздің қыпшақ ана тілімізден айырылып мажар тілімен сөйлесеміз, бірақ ескі қыпшақ салт-санасының көп түрін осы күнге дейін сақтаудамыз.

Мен Сізді жазған еңбектеріңіз, кітаптарыңыздан білемін. Бақытыма қарай, мені-мен бірге жұмыстайтын мамандасым Қара Дьөрдьден (Kara György) Сіздің адресіңізді тауып алып өте қуандым.

Маған алдағы қараша айында Мажар Ғылым Академиясы атынан Сіздердің Қазақ ССР Ғылым Академиясына жолдама беретін болды. Егер жолдама бітетін болса, мен Сіздердің Тарих Институтында болып кеңес алмақ ойым бар. Сонда Сізбен де бетпе-бет кездесемін деп аса қуаныштамын.

Сіздің, мажар отанынан бұйымтай шаруаңыз болса, қараша айының басына дейін хат арқылы жазыңыз. Мен бәрі-бәрін қуана қарсы алып орындап барамын.

Деніңізден саулық, жұмысыңыздан табыс күтіп, осы хатымды аяқтаймын.

Қош-сау болыңыз.

Сәлеммен Қоңыр (Mándoky Kongur István).

Будапешт, 1976 жылы 9 айдың 19-күнінде.

H-1364, Budapest,

Pesti B u. 1

ELTE Belső-ázsiai Tanszék

(ELTE университеті Ішкі Азия кафедрасы мекенжайы көрсетілген – құр.)

¹ P.S. Ескерту: Академик Б.Көмековтің қолында сақталған хаттың тысының шетіне 19 қыркүйек 1976 ж. Алматыға келерінің алдында жазған хаты. Қоңыр 1976 ж. қазан айында бірінші рет Алматыға келіп кетті деген бұрыштама белгілені- ред.

Екінші хат

Ассалаумағаликум, құрметті Болат !

Денсаулығыңыз мықты, үй-іш, бала-шағаларыңызбен бірге күнделікті өміріңіз бір қалыпта көңілді өтіп жатқан болар.

Мен Сіздермен ажырасқан соң Москвада да аздап жұмыс істеп артынша Мажарстанға жеттім. Мұнда келгелі Қазақстанды қаламдас достарым Сіздерді ойлаумен болсам да, жұмыс басты болып хат жазуға уақыт шықпай кешіктім. Кешірерсіз?

Алматыға барған алғашқы сапарымда уақыт тапшы болса да, жұмысым сәтті болды. Бұл сапарым 20 жылдан бері менің көксеген арманым еді. Алматыда және қазақ отанында бір мейрам емес, бірнеше жыл болсам да, мен үшін аз болар еді. Біздің тамыр-таныстық, жолдас-жоралығымыз тұрған шақта қазақ пен қыпшақ мәселесі жөніндегі зерттеу жұмыстарымыз беки береді деп сенемін. Бұл мәселелер жөнінде Сіздің Мажарстанға келіп танысып білуіңіз әлдеқашан оңтайлы болар еді. Сіз қалай ойлайсыз?

Қонақжай қазақ халықтың әдет-ғұрыпын сақтап қонақ етуіңізге және де көптеген кітаптар бергеніңіз үшін қайталап рахмет айтамын. Мажарстаннан сізге не қажет болса да, толық көмектесе аламын деп сенемін.

Жоспарымыз бойынша мажар отанындағы қыпшақтардың мәселесі жөнінде (тарих, руластық, салт-сана, дәстүр с.с.т.б.) қажеттіңіз болса, хат арқылы жазыңыз.

Осымен хатымды аяқтайын. Мәриям жеңгейге және де балаларға менен дұғай сәлем айтыңыз. Сіздің өміріңізден де зор денсаулық күтіп, жұмысыңыздан табыс тілеймін. Өзіңізден асыға хат күтем.

Хош-сау болыңыз

Көп-көп сәлеммен Қоңыр.

Будапешт, 1976 жылы қараша айының 8-күні.

Үшінші хат

1977-жылы қараша айының 26-күні

Сәлеметсіз бе, қадірлі Болат !

Хал-ахуалыңыз мықты, үй-іш бала-шағаларыңыз аман-есен болып, қызметіңіз табыстармен мол болар! Жас нәрестелеріңізді ата-бабаларымыздың дәстүрі бойынша бесік жырымен өсіріп келе жатқан боларсыздар. Олай болуына қуанышта екенімді білдіріп, өмір жасы ұзақ болуын тілеймін!

Алматыдан қайтқан соң жұмысбасты болып, хат жазуға мұршам болмады. Арада мемлекеттік түркология конференциясын өткізіп, онда баяндама оқыдым. Онан кейін де Академияда, университетте Қазақстандағы сапарым туралы баяндамалар беруге тап келді (Академияда өткен баяндаманың шақыруын ескерткіш түрінде, міне, Сізге жолдап отырмын).

Алматыдағы көрсеткен құрметіңізге, достығыңызға, қонақжайлығыңызға, көптеген жәрдем көрсеткеніңізге қайталап үлкен рахмет айтамын! Қазақстандағы сапарымда көп табыстарға жетуім тікелей өзіңізбен байланысты. Екі мейрам уақытыңызда өз жұмыстарыңызға емес, маған арнағаныңызға рахмет айтып қана қоюым жеткідіксіз болар деп ойлаймын. Бірақ менің жұмысымның жемісті болуы мен үшін ғана емес, сіз үшін де, қазақ, қыпшақ, мажар, жадпысы түрік халықтары үшін де ғылыми мәнісі зор.

Сіздің Мажарстанға келмек болған сапарыңыз жөнінде Czegledy (Цегледи) профессор, Кара Дьердь екеуімен ақылдасып едім, олар 1979-жылы өзіңізге жарайтын мезгілде келуіңізді қуана қарсы алып шақыратын болды. Бұл туралы өз пікіріңізді жазатын болыңыз.

Сізге болып Мәриям жеңгейге және бала-шағаларыңызға, туған-туысқандарыңызға, қаламдас пен достарыңызға зор денсаулық, бақытты өмір тілеп, қызметіңізден таудай табыс күтіп, сағынышты сәлем жолдаушы

өздеріңіздің Қоңырыңыз

ҚОҢЫР ИШТВАН – КЕҢЕС НҰРПЕЙІСОВ

Қоңыр Иштванның ҚР ҰҒА-ның мүшесі Кеңес Нұрпейісовке жазған хаттары¹

Түркітанушы, венгр ғалымы Иштван Мандоки Қоңыр есімі республикамыздағы ғылыми ортаға жақсы таныс. Ол ХХ ғасырдың 70-ші жылдарының ортасынан бастап біздің әдебиетші, тарихшыларымызбен, тіл білімі мамандарымен байланыс орнатуға ерекше құштарлық танытқан жан. Иштван Қоңыр 80-ші жылдардың аяғында бұл арманына жетті де. Бірақ кенеттен келген ажалдан көз жұмды. Төменде біз оның ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Кеңес Нұрпейісовке жазған хаттарын жариялап отырмыз. Бұл венгр ғалымының біздің елімізбен байланыс орнатуға тырысқан 70-ші жылдардағы алғашқы талпынысынан хабар бергендей.

Бірінші хат

Будапешт қаласы
1976 жылы қарашаның 30– күні

Ассалаумағалейкум, аса қымбатты Кеңес ағай!

Денсаулығыңыз мықты, қызмет шаруаңыз алда ма? Үй-іші, бала-шағаларыңыз барлықтары аман-сау ма? Дендеріңіз аман, жұмыстарыңыз жемісті болар деп сенемін де үнемі тілеп жүремін.

Будапештке келгелі жұмыстан қол босамай кешіктіріп хат жазғанымға кешірім сұраймын. Сізбен бірге болған кезімді, үнемі еске аламын. Маған ұсынған кітабыңыз үшін тағы да көп-көп рахмет айтамын! Бізге қазақ тарихын және мәдениетін әңгімелейтін кітаптардың өте қажет екенін түсінетін боларсыз. Бірнеше ғасырдан бұрын өз қандастарымыз қазақтардан айырылып, Мажарстан жеріне қоныс тепкен қыпшақтар, бізге, ұмыт қалған ана тілімізде сөйлеп білім алуымызға қаншалықты таңсық екеніміз айқын ғой. Сол себепті мен сіздермен байланыста болуды бала кезімнен армандап едім. Ол арманымға 22 жылдан соң биылғы күзде Алматыға барған сапарымда жеттім. Бірақ Алматыда өте аз күн болдым. Мен үшін бірнеше жылмен Қазақстан да қалсам да, аз болар еді.

¹ Егемен Қазақстан. – 2002. – 29 мамыр, №118-121-4.

Мен қазақ халқының рулық қарым-қатынастары және де бұл төңіректегі мәселелер ерекше қызықтырады. Сол туралы және революция кезіндегі қазақ зиялыларының істері жөнінде толық жазылған кітаптар жіберсеңіз деп өтінемін.

Алматыдағы уақытым тапшы болған себепті Тарих, археология және этнография институтының директоры, академик А.Нұсіпбекұлы ағай және де орынбасарының адресін жазып ала алмадым. Және де қазақ халқының дәстүрі, саясат-санасы, мал шаруашылығы, киім-киісі, тағамдары, антропологиясы т.с.с. тағы басқаларын зерттеуші ғалымдардың адрестерін жіберсеңіз екен деп тілеймін.

Осымен хатымды аяқтаймын. Өзіңізге және үй-іші, бала-шаға, туган-туыстарыңызға зор денсаулық тілеп, жұмысыңыздан таудай табыс күтіп дұғай-дұғай сәлем жолдаған ініңіз Қоңыр»

Екінші хат

Қоңырдың жаңа жылмен (1977) құттықтаған хаты

«Аса құрметті Кеңес ағай, Жаңа жылыңыз құтты болсын! Сау-саламатта болып жаңа табыстарға жете берулеріңізге тілектес – ініңіз Қоңыр.

1976.XII.27»

Үшінші хат

Аса қымбатты Кеңес ағай!

Сіздің жазған хатыңызды алып және қызмет-бабыңыз бен деніңіздің саулығын біліп тағы да бір қуанышқа бөлендім! Хат жазғаныңыз үшін көп рахмет!

Менің жайымды сұрасаңыз, ешқандай өзгеріс жоқ, алға қойған мақсаттар біртіндеп қолға келуде, бұған көмек болған жай Сіздермен кездесіп ақыл-кеңес алғаным көп әсер етті. Біздің Отанда сізге хабарлар, ерекше жаңалық жоқ. Әдетіміз бойынша ескі жылды аттандырып, жаңа жылды қарсы алып, жоспарымыз бойынша жұмыстарды орындауға кірісіп жатырмыз. Демек, алдағы уақытта Сізбен ақыл қосып, кеңесіп, сұрап білетін мәселелер аз емес. Сол себепті кейінгі хаттарыма біртіндеп жаза бастаймын. Және маған қажетті адамдардың адресін жібергеніңіз үшін, әсіресе Арғынбайұлы Халел, Мұқан Сәбитұлы Мараттың адрестерін

жолдағаныңыз үшін ерекше рахмет айтамын! Кешікпей оларға да хат жазып танысамын.

Осымен сәлемімді аяқтаймын.

Сізге, үй-ішіңіз, балаларыңызға зор денсаулық тілеп, бақыт күнін көптен-көп жолдаушы – Қоңыр ініңіз.

Будапешт қаласы,
1977 жылы қаңтар айының 29- күні».

Төртінші хат

Аса қымбатты Кеңес!

Сіздің маған жіберген кітаптарыңыз және онымен бірге салынған мақалалар, хаттарыңызды алып қуанышым қойныма симайды. Көп рахмет! Әсіресе, Арғынбайұлы Халел¹ ағайдың тартуға берген кітабының бірінші бетінде маған деп арналған балдай тәтті сөздері қатты қуантты. Бірақ мен бұл азаматқа өзіне де хат жазып рахметімді айтамын.

Шұғылданым жатқан жұмысыңызды біліп тағы да бір көңілім жай тапқандай болды және бұл жұмыстарыңыздың табысты болуын тілеймін! Менің жұмыс бабымды сұрасаңыз, әдеті бойынша табысты. Басты жұмысым жуырда ғана белгілі болды. Қобыланды батыр жырын мажар тілінде жарық көрсету міндеті тапсырылды.

Айтар тапсырмаңыз болса, хат арқылы жазыңыз.

Хат соңында Сіз болып үй-ім, туған-туыстарыңыз зор денсаулық, ұзақ өмір тілеп, сәлем жолдап жұмыстарыңызға табыс күтемін!

Көп-көп сәлеммен – Қоңыр.

Будапешт, 1977 жылы
Ақпан айының 27-күні.



¹ Қоңыр Иштван Кеңсай зиратында сол Халел Арғынбайұлының жанында жерленген. – ред.

ҚОҢЫР ИШТВАН – ҚОЖАБЕК БАЙҰЗАҚ РАХЫМҰЛЫ¹

Қадірменді Байұзақ аға !

Сіздің маған жан-жүрегімді тербелте, ақпанның 6-да жазған хатыңызды алғалы да, бір апта қайтіп өткенін де өзім білмей қалдым. Бұндай әдемі хатыңыз үшін рақыммет айтуыммен бірге, бұдан да былай жалғаса бермек деп сенемін!

Өткен 1977- жылды табыспен аттандырып, жолға салғаннан кейін жылдың шашуы ретінде қазақ, қырғыз, қарақалпақ, татар, башқұрт, өзбек сияқты туыстарымыздың кейбір ақындарының өлеңдерінен өз-өз ана тілінен мажар тіліне аударып, бір жинақ баспаға басып шығаруға әзір болғызып, кеше тапсырдым. Мұнымен бірге ғылыми жұмыстарым да көзге көрінерліктей алға басып, белеңнен-белеңге асуда.

Иә, аға, көп түкірсе, көл болады дегендей, сіздердің ақылдарыңыз мен көмектеріңіз болмаса, бұнда мен жалғыз жұмыс істемекші болып тырмысқаныммен де, нәтиже аздау болады. Өйткені «жалғыз ағаш орман емес қой». Алдағы уақытта қадірменді сіздерден ақыл-кеңес алу үшін, көріп білу үшін Алматыға да, Пішпекке, Нөкіске, Ташкентке де саяхаттарымның жоспарын шығарып, тапсырған едім. Бірақ қай қалаға, қанша уақыт беретіні біліне берген жоқ. Кейін бұл туралы жазамын.

Қадірменді Байұзақ аға, сіздің маған арнайы жазған хатыңызға, асыл, әдемі сөздеріңізге қатты қуандым! Ана тіліміз терең тілдердің бірі болғанымен, бүгінгі күндерде осы байырғы, сан-қиялды да көптеген мақал мен мәтелдерді қолдана сөйлейтін адамдарымыз жоқтың қасы еді. Немесе маған әлі кездескен жоқ. Ал сіздің бұл сәлеміңіз маған келіп түсіп жатқан сансыз хаттардың ішіндегі назарымды айрықша тартқан еді. Адам өзі жарық дүниеге келген күннен бастап, о дүниеге кеткенге дейінгі үйренетін, өзінің туған ұлтының әдебиетінің де, мәдениетінің де, соғысының да қанжары болушы ана тілімізді білуіміз біздің басты парызымыздың бірі болғанымен, кейінгі кезде аяқтың астына қалу қауыпы біліне бастағаны біздің барлығымыздың да бауырымызды елжіретеліктей жай. Ал өзі қазақ бола тұра, басқа бір ұлт тілімен сөйлесе – ана тілінбілмесе, – бұл адамның кім екенін түсіну қиынға соғуымен бірге,

¹ Қожабекұлы Байұзақ Албани. Таң ағарып атты. Будапешт. Мажарстан Мандоку Қоңырға. Эссе. // Ақиқат. – 1990. 15-31 тамыз. №2 – 4-5 б; Иштван Қоңырдың хаттары // Парасат. – 1995. – №2. – 20-21 бб.

біреудің ана тілі оған тиімді жерде көмек нақты түрде болады деп сенбеймін. Онымен қатар, басқаның тілін жетік білгенмен, оны – қазақты – қазақ дейді зой.

Ұлтымыздың білім бұлағының көзі болушы маған берген Қазақ Совет Энциклопедиясының томдарыңыз мені үнемі қолтығымнан сүйеуде. Алдағы жіберемін деген томдар үшін сізге алдынала рахмет айтуға рұқсат етіңіз. Көп рахмет!

Ата-бабаларымыздың ізгілікті мұраларының бірі болушы Қарқара ескерткішінің суретін жібергеніңіз үшін тағы да рахметімді айтамын! Егер сіз алдағы уақытта өзіңіздің көркем үй-ішіңіз болып, тарихи мұраларымызды бейнелеген бөдреттерді жіберсеңіз, маған өте қызықтырған нәрселер екені сізге де түсінікті.

Сіз маған жалайыр руынан қалыңдық ойластырамын дегеннен бергі уақытта менің көңіл-күйіме ерекше бір жат мінездер пайда болып, тынышсызданып жүргенімді айта кеткенімді жөн көрдім-мыс! Тезірек той болдыру жағын ұйымдастырғайсыз.

Хаттың соңында сіз болып, сүйікті жеңгеме де, бауырларыма да сәлемді айтуыммен бірге, зор денсаулық тілеп, тамаша табыстар күтемін! Хатымдағы қателерім мен көңілге орнықсыз деп көрген сөздерім үшін кешірім сұраймын. Сіздің алдағы уақытта да осындай сөз түйінімен өрнектеген шебер сәлемді бұдан былай да жазсаңыз, қуанышыммен бірге көмегі де зор еді!

Сәлеммен ініңіз ҚОҢЫР.

Будапешт,

1978 жыл, ақпан айының 26-ші күні.

* * *

Қоңыр інім!

Барша қайшылығы, барша қызығымен жылжып па, зымырап па, әйтеуір алды-артына қарамай өтіп бара жатқан тірлік біздің ықтиярымыздан тыс әлейім машақатын жасап жатқан жоқ па.

«Адам-керуен, өмір – жол,

Ешкімге жат із емес.

Бұл жолмен кешкен адамның,

Алды-арты біз емес».

Солай дегенмен де, әр адамның арқалаған жүгі бар, сол жүк ауыр болса кейінгі көштер ала жүрер, кім білсін. Әйтеуір бүгінгі біздер өткеннен қалған талай жүкті арқалап келеміз. Сол жүктің бірі – Қазақ энциклопедиясы. Осы хатпен бірге сапар шексін деп II томды жөнелтіп отырмын. Бұл кітап өзге томдардан ерекше, себебі, өзіңді

қызықтырар ру-тайпалар, ежелгі әдебиет жайында деректер баршылық.

Ежелгі бабаларымыз: «ол қағаз сия (зия) сұрап алып, қолына қалам алды», дегендей, менің қаламым қолымда тұрып, сәлем-сауқатты сирек жазғанымға кешірім сұраймын. Айтпақшы «Көне түрік сөздігінен» тамаша тұжырымдар қолыма түсті.

Айтпақшы, егерки, ақыл-парасаттылық десең – өз бойыңда бар. Қоңыр інім, сендей адам мына дүние астында көп емес, санаулы, сондықтан да болар, «әншейінде ауыз жаппас, той дегенде өлең таппастың» кері келіп, көмекейіме талай сөздер тығылып, ойым қырық саққа жүгіріп отырғаны. «Қырық саққа» демекші, осы сөздің мәнісі ежелгі сақ тайпаларының қырық ел болғанын білдіреді-ау деймін. Сақ туралы кейін де, көсіліп те, шешіліп те әңгімелерміз, тірлік болғай.

Жоғарыда асты сызылған «әншейін» деген сөздің мінез-құлықты білдіретін сыры бар. Бұл бір жақсы жағынан емес, керісінше «бос белбеулікті» мінейді. Осы жайында ұлттық әзіліміз бар-ды. Айда француз, орыс, американдық, қазақ жолығысып қалыпты-мыс. Жаратылысынан жөн сұрағыш қазақ французға:

– Жолың болсын? – депті.

– Сәуле құбылысын зерттей келдім, американдық, саған жол болсын?

– Жаңа қоныс қарастырып жүр едім.

– Орыс, сен ше?

– Осы жерге аяқ тіреп Шолпанға ұшпақпын.

Сонда олар қазекеңнен сұрапты:

– Өзіңе жол болсын?!

– Жәй, әншейін, депті- мыс.

Меңіреу далада не заман ұйқыда өткен қайран қазақ өзін-өзі осылай мінейді. Бұл әншейін емес.

Қоңыр, өткен жылы, Тоқсаба руы жайында шежіре таптым деп едім, соған тоқталайын. Орал қаласында тұратын Сәукей Сағидуллин деген қарт былай деп жазыпты:

«Тоқсаба – Байұлы Байбақты ру бірлестігінен шыққан ру. Жиенбайдың баласы, Байбақтың немересі. Олардың ата қонысы қазіргі Орал облысы, Жымпиты ауданы, Жымпиты қыстағының оңтүстік батысында жпырма километр қашықтықтағы «Қособа» және батысында қырық бес километр «Көпірлі аңқатты» деген жерлер... Тоқсаба бес ата (Сафи, Сапар, Сапалақ, Толан, Көзімбет) тарайды. Ұраны – Дәуқара, таңбасы – Байбақты «Хатты сөзбе-сөз»

көшірдім. Бұдан әрі бес атадан тараған ұрпақтары, олардың тарихы жазылады. Жолың түссе Тоқсаба туыстарыңды көріп қайтармыз.

Қоңыр інім, қалжың болса да, Жалайыр қызы жайында айтпағым, бізде де мәтел бар: «Қазақ қай бір сүтті қызын берер дейсің» деген. Текті жердің қызы елін-жерін қиып кету, әй қайдам, бізде сирек ұшырасады. Содан кейін, өзге елден, әдет-ғұрпы, тірлігі, өмірге көзқарасы, тәлім-тәрбиесі өзге жанды алып барсаң торға ұстаған торғайдай болмай ма?

Өзің көрген Рәзия жеңген, бала-шағамыз, баршасы саған сәлем айтып отыр.

Ағаң БАЙҰЗАҚ.

Мамырдың 15-
жұлдызы. 1978 жыл.

Қадірменді ағай, Бәке !

Сіздің маған арнайы түрде айрықша жағған тұжырымды хаттарыңыз бен фотосуретімізді, тағы да мұнымен бірге ұлы халқымыздың сарқылмас білім қайнар бұлағы болушы Қазақ Совет Энциклопедиясының II томын алып, өте риза болуыммен қатар, сізге деп әдейі айтқан рахметтерім сансыз! Қазір де сол рахметімді қайталап жазайын!

Хатыңызда жазған әрбір сөйлеміңізден маған арнап жанды түрде берген кеңесіңіз бен шынайы ілтипатыңызды көрдім. Қазақ ауылынан қиыр жерде өмір сүретін мен үшін мұндай хаттар өте сирек келуімен қатар, әрбір сөз рухани жағынан маған қолтығыма қос қанат бітіре, дүниенің тағы бір биік шыңына көтеріп, алдағы уақытта осы бір үмітті түрде кірісіп жатқан қазақ әдебиеті мен мәдениеті туралы тақырыпты жұмысымнан табыс шығаруыма бірден-бір қуат берді. Бұнымен бірге, хатыңыздағы тоқсабалықтар туралы айта кеткен бірер сөздеріңіз де мен үшін ғаламат қызықты болды. Келерде де, ренжімесеңіз тағы да мұндай мәліметтерді айта кетсеңіз, дәл осындай түрде қуанар едім.

Ата-бабамыздан бері жалғасып келе жатқан байырғы әдетімізді бүгінгі күнде аяққа басуымыз біз үшін немесе мен үшін тым сорақылау. Екі ағайынның арасы ажырай бастағанда бір-бірінен бала асырап алатыны, екі тайпа арасындағы жанжалды қойып, достыққа бел байлауы үшін бір-біріне қыз алысып, берісетіні туралы сіз ұмытқан жоқ боларсыз. Қорықпаңыз, бүгінгі жалайыр қызы торға түскен торғай емес, жарық дүниені сын көзбен көріп, қорытынды жасай білетін білгір қазақ қызы болатын себепті,

біздің отанда өмір сүретін оның әрбір күні жалғыз емес, жаңа ғана ағайын-туыс ескі мекенін іздеп тапқан қыпшақтар үшін жанды түрде үгіт, ең аяулы, қадірменді келіні болар еді. Адам ұлттық салт-сананы ана құрсағында үйренбейді ғой. Керісінше, ер жетіп, есейгеннен кейін. Өйтсе, бұл дәстүр мәселесіне байланысты ешқандай уайымдамаңыз. Кешірерсіз, әзіл ғой.

Алдағы уақытта Алматыға келер күзде де бірнеше ай ресми түрде жолдама маған беруі туралы сөз болып жатыр. Мүмкін, абырой бергенде барып та қалуым. Оны өзіміз көріп жатармыз.

Сәлемнің соңында қадірменді аға сізге болып, Рәзия жеңгейге, барлық бауырларыма сәлем жолдап, үлкен денсаулық, зор бақыт тілеуші Қоңыр деп білгейсіз.

Будапешт қаласы. 1978-жыл,
маусым айының 15-күні.

Мажарстаннан сәлем !

Ассалаумағалейкум, аса қадірлі Бәке, қымбатты ағам, әрі қаламдасым!

Өзіңіз болып, үй ішіңіз Рәзия жеңгем, бала-шағаларыңыз, немерелеріңіз бен басқадай туыс-туғандарыңыз тегіс аман-есен, дендеріңіз сау-сәлемет болып, өмірлеріңіз бақытты, күнделікті жұмыстарыңыз табысты болар деп сенемін де, солай болуын Алла тағаладан әр уақытта сұраймын!

Сіздің Баян келініңізден жіберген хатыңыз бен сәлемдемелеріңізді алып, өте қуандым. Көп-көп рахмет!

Бізді сұрасаңыз, Тәңір деп күнделікті тіршілігімізді салтанатпен атқарып жатырмыз ежелгі ата-мекеніміз, ата-бабаларымыздың туған жері, тобыр ауылдары болушы Қазақстанда тұратын туыстарымыз. Сіздерді сағынып жүрміз. Аянышқа орай, соңғы уақыттарда Сізбен тіпті хат та алыса алмай, оның себептерін де білмей, торға түскен балапандай боп, қиналып жүр едім. Баяғыда Сізбен бірге жоспарлаған қазақтың әдеп-ғұрыптарын, өнерін т.б. с.с. кең-байтақ Дешті Қыпшақтың (Қыпшақ даласының) ең батыс түкпіріндегі Мажар елінде тұратын қыпшақтарға баяндайтын кітапқа да кіріскен жоқпыз. Егер әлі де соны жазуды жөн көрсеңіз, мен бұл іске қуана-қуана қосыламын.

Амандық болса, жазда келініңіз Айшамен бірге Алматыға соғып, Сіздермен де кездесетін болармыз. Құдай денсаулық берсін!

Баян келініңізден жіберген кішкентай сәлемдемемді қабылдап, уақыттың тапшылығынан Сізге жақсылап жауап жазбағаным үшін кешіргейсіз.

Сәлемнің соңында Сізге болып, Разия жеңгейге, балаларыңызға, туғандарыңыз бен достарыңызға зор денсаулық пен салтанатты өмір тілеп, дұғай-дұғай сәлемдерімді жолдаймын.

Ініңіз ҚОҢЫР
Қыпшақтың Тоқсабасы ішіндегі Құлан – деп білерсіз.
1984-жылы наурыздың 30-күнінде,
Будапешт қаласында.

ОРАЗГҮЛ НҰРМАҒАНБЕТОВА – ИШТВАН ҚОҢЫР¹

Қадірменді де сағынышты Оразкүл апам !

Сапарымды сәтті аяқтап, туған отаныма өте ірі қуанышпен келіп жеттім. Келгеннен бері Сізге хат жаза алмағаным кешірерсіз?

Кешігіп хат жазғанымның себебі Алматыда болған уақыттарымда мұнда мені тосып тұрған жұмыстардың, жылдағыдан да көп, ірі қуатты Алматыдан арқалап келгенге тәрізденіп, жұмыс істеудемін. Сапар туралы лекция оқу, баяндама жазу және басқа жазба жұмысымен кірісумен бірге, кешікпей мажар тілінде жарық көргелі жатқан Момышұлы Бауыржан батыр ағамыздың «Ұшқан үя» еңбегін редакторлап баспаға дайын еткіздім.

Алдағы уақытта әдетім бойынша қатынасымды үзбеймін.

Ореке, Сіз Әбекеңнің қандай өлеңдерін мажар тіліне аударып, жарық көрсеткен дұрыс деп кеңес бересіз? Келесі хатыңызда ақылыңызды жазғайсыз.

Алматыда қонақта болғанда көрсеткен жайлылығыз бен көмек, кеңестеріңізге көптен көп рахмет!

Сәлемнің соңында Сізге болып, Сәкеге, бала-шағаларыңызға, туған-туысқандарыңызбен дос-жарандарыңызға зор денсаулықпен ұзақ, тәтті өмір тілеумен бірге, алдағы уақытта да қызметтеріңізбен еңбектеріңізден бұрынғыдан да бетер табыстар әкеліп, биік-биік шындардан Сіздерді көре беруге шын жүректен тілектестік білдіріп сәлем жолдаушы

Бауырыңыз Қоңыр.
Будапешт, 1979 жыл Наурыз айының 15- күні

¹ Алыстан жазылған хаттар // Жұлдыз. – 2004. – №1. – 132–134 б.

Қадірлі інім Қоңыр!

Хат жазып біздің бәрімізді жаңа жылмен құттықтап жақсы тілектер айтқаныңа көп-көп рахмет. Жаңа жыл өзіңе де құт болсын, мол жақсылық, мықты денсаулық, жұмыста үлкен-үлкен табыс әкелсін!

Хатыңда қазақ әдебиетіне байланысты біраз игілікті істер жасап жүргеніңді жазған екенсің, оған өте риза болып, қуанып қалдым. Өйткені халықтар арасының достығы берік болуына әдебиеттің де қосар үлесі көп.

Қазақ жазушыларының, әсіресе, ақын ағаларыңның шығармаларын мажар тіліне аударып бастағаның өте құптарлық, қуанарлық игілікті іс екен. Осы ісіңнің алдыңғы қатарында Әбділда ағаңның өлеңдерін де аударып бастаған боларсың.

Қазақтың батырлық жырлары ұнады ма? Аударуға ауыр тимей ме екен? Егер алғашқы аудармалар қатарында батырлық жырлардан: «Қобланды батыр», «Алпамыс батырды», гашықтық жырлардан: «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұтуды», аударуға күш салсаң, қандай жақсы болар еді. Егер мұндай ойың болса, бұл әңгіме жайында арнайы хат жазарсың. Қандай нұсқаларды аудару керек екенін айтармын және қажет кітаптар мен қолжазбаларды жіберуге көмектесермін. Өзің келіп кеткелі біз де біраз жұмыстар жасадық.

«Жазушы» баспасының 1979 жылғы жоспарымен шығару үшін қазақтың батыр, гашықтық жырларынан екі кітап, айтыстарынан екі кітап дайындадық (әр кітаптың көлемі 52-30 б.т.), қазір соларды баспаға ұсынғалы отырмыз. Бұл біздің халық шығармаларын 30-40 кітап етіп шығаруымыздың бастамасы. Бұдан былай осы ретпен жыл сайын шығара беретін боламыз.

Өз жұмысымды орыс тіліне аударып бітірдім, енді жыл аяғына дейін соны докторлық диссертация етіп қорғауға дайындауым керек.

Қоңыр «Ақсауытты» салып жіберем бе деп едім оны өзің алып кетіпсің (көрмеге арнап дайындаған жақсы кітаптарым, тапсам салып жіберермін). Жақында ғана баспадан шыққан «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері» (авторы Е.Б. Бекмұхамбетов) деген кітапты жіберіп отырмын. 1974 жылы «Қазақстан» баспасы Н.Оңдасыновтың «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік» деген кітабын шығарған болатын. Егер бұл кітап өзіңде жоқ болса және қажет десең жазып жіберерсің, оны да тауып салып жіберермін.

Хат соңында өзіңе мықты денсаулық, жұмыстарыңда үлкен табыстарға жетуіңді тілеп сәлем жолдап отырған

Оразгүл анаң.
30.01.1978 жыл.

Қадірменді Оразкүл апай !

Сіз болып үй-ішіңіз, бала-шағаларыңызды Жаңа жылдарыңызбен құттықтауымен бірге, бәрі барлығына ұзақ өмір, зор денсаулық тілеп, жұмыстарыңыздан таудай табыстарды күтемін!

Алматыда болған күндерімде сіздің шынбайлы туыстық райыңыз мені сізге деген туысқандық ынтымақшылығымызды еріксіз арттырған едім. Сіздің маған арнап көрсеткен көптеген көмектеріңіз бен қонақжайлығыңыз үшін көп-көп рахмет. Енді мен Алматыға қайта оралғанда сізді дәл өз апайым деп, қуана оралатындығыма күмән емес едім.

Алматыдан келгеннен кейінгі мерзімдерімнің ішінде өзімше көптеген жұмыстармен шұғылданып, кейбіреулерінен белгілі нәтижеге де ие болдым. Ал енді қазіргі жұмыс істеп жатқан еңбектерімнің жарым-жартысын сізге атай кеткенде, кешікпей мажар тілінде жарық көретін қазақ жазушыларының жинағына кіретін әңгімелерін және советтік өлеңдер жинағына кірісетін қазақ, қырғыз, қарақалпақ, өзбек, түрікпен, татар, башқұрт т.б. өлеңдерін аудару үстіндемін. Жұмыс нәтижесі қарқынды.

Алматыда болған соңғы күндерімде жұмыс бабыма байланысты, өз орнымда өте сирек болған едім. Сіздің мені көп іздегеніңізді жолшыбай біреулерден естіп, кездесе алмағанымға қатты қынжылған едім. Сол себепті сізден кешірім де сұраймын.

Тапсырар, айтарларыңызды хат арқылы жазуыңызды өтінемін.

Хатымның соңында деніңізден саулық, жұмыстарыңыздан табыс күте, сәлем жолдаған

Бауырыңыз Қоңыр.

Будапешт 1977 жыл, желтоқсанның 27 күні.

* * *

Қадірменді апам!

Сіздің маған арнайы жазған сәлеміңіз бен жолдаған сәлемдеме – «Қазақ тіліндегі арап-парсы сөздері» – кітабыңызды алып, қуанышым қойныма сыймады. Көп рахмет.

Хаттағы жазған ірі жаңалықтарыңыз да мені де бір ерекше шаттықтарға бөлендірді. Мұндағы мен де сүйікті ұлтымыздың халық және көркем әдебиетінің көл-дария бола беруі үшін қолымнан келер қабысымды ешқандай аямаймын да, өзімнің әр бір минутымды өмірімнің соңына дейін де нақтылдап арнауға сенімім зор. Мен де

жаңа жылға қарсы, биылғы жылдың алғашқы тартуы етіп, отанымызда кешікпей жарық көретін, Совет Одағының өлең антологиясына кіретін барлық түркі тілдес ақындардың еңбектерінің үзінділерін өз тілінен мажар тіліне аударып бітіп, баспаға табыс еттім. Қуанарлық бір жай, жоғарыдағы жазылған түркі тектес ақындардың ішінен ең көп өлеңдерді Қазақстан Жазушылар одағы жіберінті (1970 жол), ал қырғыздар 1087 жол, қарақалпақтар 460 жол т.б.с.с. Дегенмен, менің ойымша қазақ ақындарының бұл жіберген өлеңдері ұлтымыздың көркем әдебиетін сын көзді сырт елге жеткілікті түрде таныта білмейтін, басқаша айтқанда, өлеңдерді дұрыс қалап, ала алмағандығы айқын көрінді. Бірақ сәтті түрде жұмысым аяқталды. Осыған байланысты, алдағы уқытта сіздердің көмектеріңізді қазақ ақындарының ең таңдамалы деп көрген өлеңдері мен жырларын жібергейсіздер деп өтінемін? Меніңше оқырмандарымыздың ең қарапайымының да көкірегіне қазақ әдебиетінің шын бейнесін бейнелеп, назарын тарта білетін ақындарымыздың өлеңдері болса, өте жақсы болар еді. Мұнымен қатар, мені ертеден бері құмартқан халқымыздың халық ауыз әдебиетін оқырман жұртшылыққа таныстыру көкейтесті арманым еді. Мысалы сізге осының алдындағы хатымда жазған Қобланды батыр, Алпамыс, Қыз–Жібек, т.б.с.с. және хатыңызда менің бұл жоспарыма сіздің ықтияр екеніңізді біліп, қуанып қалдым. Жұмыс үстінде кездескен қиыншылықтарды сіздерден үнемі хат арқылы сұрап отырамын. Алдынала көмектесетініңіз туралы қуана қарсы алғаныңызға рахмет! Мен тек қана батырлар жырларын емес, қазақ ауыз әдебиетін ойлы-қырлы түрде, дерліктей шұғылданып, таныстырғым келеді. Мәселен, осыған орай бұндай (мақал-мәтел, өлең, сарын, жоқтау, айтыс, жұмбақтар т.б.) кітаптар ерте кезде жарияланған себепті, менің қолыма түсуі қиын. Жоғарыдағы мәселеге көмегіңізді сұраймын. Әрине, бұл жоспарымның орындалуы үшін уақытты көп қалайды.

Сіздердің кейінгі кездегі кірісе бастаған игілікті, ұлы жұмыстарыңыздың қарқынды түрде жүріліп жатқанын естіп біліп, өте қатты қуандырып тастадыңыз! Бұл ұлы жұмыстың алғашқы бастамасы дүниеге келгенімен, ары қарай ірі табыстарға ұласа беруі үшін құттықтаймын!

Қадірменді апам, көп рахмет, «Ақсауытты» жібермеңіз, менде бар. Хатыңызда жазған Оңдасынұлы Н-ның «Парсыша-қазақша түсініктеме сөздігі» менде жоқ, жіберсеңіз, қуанамын, қажетті де. Қорытып айтқанда, біздің отанда тіл және тарих ғылыми кітаптарды қазақ тілінде табуға некен-саяқ болғанымен, көркем

және халық ауыз әдебиетін көріп берейік десең де жоқ. Егер аудармаларды орысшадан мажаршаға жасасам, онда мен көркем еңбектің дәмі мен сәлін оқырмандарыма жеткізе алмаймын ба деп қатерленімін.

Сізбен кеңесетін жайларым көп болғанымен, осы жолғы сәлемді осымен аяқтаймын. Сізге біздің отаннан қажеті – өзіңіздің жеке тұрғыдан және ресми – нәрселеріңіз болса, ашық, айқын түрде жазыңыз. Мен қуана қарсы алып, кешіктірмей көмек етуге дайын екенімді білдіремін.

Сәлемнің соңында өзіңізге болып, үй-ішіңізге зор денсаулық тілеп, барлықтарыңыздың жұмыстарыңыздан ірі табыстарға ие болуларыңызды ақ ниетімен тілек білдіріп, сәлем жолдаған

Бауырыңыз Қоңыр.

Будапешт, 1978 жыл, ақпан айының 26 күні



ҚЫПШАҚ ҚОҢЫРДЫҢ ЕКІ ХАТЫ¹

Мандоки Қоңырдың филология ғылымдарының докторы, профессор
Тұрсынбек Кәкішұлына жазған хаттары

«Садақ» эссесінің үшінші бөлімін жазып жатқанмын. Архивімді ақтарып отырып, елден келген хат-хабарлар арасынан Венгриядан келген көкшіл конверт көзіме түсті. Ол – қазір қазақтың көп зиялылары өз бауырым деп жүрген Мандоки Қоңыр Иштванның хаты екен.

Хаттар өз жайын өзі сөйлейтін болғандықтан Қоңырмен қалай, қай жерде кездескенімді еске түсіре кетейін. 1979 жылдың қаңтар айының соңғы күндерінде таудағы «Алатау» санаторийінде емделіп жатқан болатынмын. Ұзын бойлы, жұқа тері плащ киген, көзінде алақандай көзілдірігі бар қоңқақ мұрын жігіт ептеп шетелдік әуенмен «ассалаумағалайкүм» деп сәлем беріп, кіріп келді. Ол кезде мұндай сәлемдесу рәсімі күнделікті қолданыста болмайтын. Тіксініп қалғанымды аңғарған Көбей Шахметұлы Құсайынов:

– Бұл жігіт Венгриядан, Будапешт университетінен келген Қоңыр деген қонағымыз, – деп таныстырды. Содан кейін ғана:

– Уағалайкүм, – деп қолымды ұсындым. Алақанында жанып алар ет жоқ екен, саусақтары сіңірге ілініп тұр. Әйтсе де жылы екен. Түсі еуропалықтардан гөрі түркі тектес сияқты.

– Қайыр, хош, ел таппай келмеген шығарсындар, шешініндер, – деп палатаның киім ілгішін көрсеттім. Көбейдің ол кездегі қазақылығы қазіргідей емес-ті. Соны сезді ме, әлде өзін бірден танытайын деді ме, Қоңыр қазақша сөйлеп кетті. Дауыс әуенінде шетелдік акцент анық аңғарылады және өз ойын ойлана, іштей толғана отырып жеткізуге тырысты. Сонда айтқандарынан есімде қалғаны:

– Біз Мажарстандағы қыпшақпыз. Баяғыда арғы ата-бабаларымыз осы жақтан ауып, Еуропаның ішіне барып орналасқан. Дешті-Қыпшақтан шыққандарын әлі ұмытқан жоқ.

Әкем менің он жасымда қайтыс болды. Өлерінің алдында біздің қыпшақ екенімізді, оның тілін білуді маған аманат етіп тапсырды.

¹ Кәкішұлы Т. Қыпшақ Қоңырдың екі хаты «Венгриядағы қыпшақ ғалымы Мандоки Қоңыр Иштванның хаты туралы» // Түркістан. – 2001. – 17 қараша, №46. – 5 б.

Содан бері қыпшақтардың тарихына көз салып, отанын іздеп жүрмін. Жердің кең болғанына не жетсін. Қазақстанның әр аймағында бауырларым барын естіп, біліп келдім.

– Өзім Будапешт университетінің ориенталистика (шығыстану) кафедрасында істеймін. Қазақ тілінен шәкірттерге сабақ та беріп қоятыным бар, деп қауқылана жымиіп еді, көзілдіріктің ар жағындағы кішірек көзі күлімдеп шыға келді.

– Сіздерге жету оңай емес. Қасымыздағы Болгария мен Югославияға қарағанда Мажарстаннан, яғни Венгриядан СССР-ға виза алу қиын, толып жатқан сылтаулар мен кедергілерге кездесеміз. Славяндар ондай қиындықты көрмейді. Қазақстанға жазда келейін деп ойлаған ем, әзер келдім әйтеуір, – деп көңіліндегі кірбінді жасыруға тырысып, зорлана езу тартты.

– Соңына салпан құлақтарды салып қойды ма? Шетелден келген соң сенің аман-сау болғаныңды қалайтын шығармыз, – деп мен де әзілге жықпақ болдым.

– Онысына рахмет қой, сонда да... – дей бергенде Көбей төтесінен бір-ақ тартты.

– Тиісті орындарды қойыңызшы, мұнымен тіпті біздің академияның жігіттері қуыстана сөйлеседі. Анау-мынау өтініштерін елемеушілер жүре тындаушылар да кездесуде. Ана ағаларымыздың бірін танысыз ғой, солардың қабағын жібітіп беруіңізді өтіне келдік. Әрине, санаторийде жатқаныңыз бізге де, сізге де ыңғайсыздау, – деген кезде Қоңыр:

– Сіз филология факультетінің деканысыз ғой. Сіздермен байланыс орнату жөнінде ойымыз бар. Әсіресе, ориенталистика саласында бола ма, әлде студент алмасу деңгейінде бола ма, әйтеуір екі университетінің арасына көпір болуыңызды өтінейін деп келдім, – деп өте мәнді әңгімені қозғады.

Қалаға түстім, іс басындағы тілші-әдебиетшілердің біразымен таныстырып, үйге алып келдім. Осы әрекетімнің әжептәуір шапағаты тиген сияқты.

Енді Венгер-Қазақстан қарым-қатынасына, әсіресе, мәдени-ғылыми байланысына пайдасы тиген, екіншіден, отаншыл азамат, үлкен ғалым Мандоки Қоңыр Иштванның зиялылығына дәлел болатын екі хатын түгел жарияласам, біздің біраз қазақтарға ғибратты болар деп те ойлаймын. Біздің көріп-біліп, араласпай, сырттай отырып қазақ тілін меңгеруге болатындығының тамаша үлгісі – осы. Сөзі түгіл, үтіріне дейін Қоңыр жазған күйінде берген орынды деп отырмын.

Алғашқы хаты қара сиямен жазылған. Қағазы көкшіл, соған қарағанда Мажарстанда біздегі сияқты көкшіл түстің ұлттық рәсімі жоқ па екен? Екінші хаты да сондай қағазға жазылған.

Будапешт,
1979 жыл, наурыз айының 16-күні

*Ассалаумағалейкум,
Қадірменді Тұрсынбек аға!*

«Сапарымды сәтті ақтап, туған отаныма келіп жеткелі бірталай күндер өтті.

Алматыдағы болған уақытым аз болғанмен, ақкөңіл, қонақжайлы, қайырымды қазақ ұлтымыздың салтымен бірге, оның ішінде Сіздей қамқоршы туыстарымның арқасында көптеген нәрсені көріп, біліп, аса зор қуанышпен жұмыстарымды онан әрмен табысты жалғастырудамын. Сіздің маған деп көрсеткен сыйлығыңыз бен қамқоршылығыңыз және де көмегіңіз кездескен күннен бастап-ақ көзіме көрінген-ді. Ең соңғы минуттарыма дейін көмектесіп, қадірлегеніңізді мен ешқашан да ешуақытта ұмытпаймын! Қорыта айтқанда Сізге деген рахметімді сөзбен қағаз бетіне жаза алмайтындай мен үшін ірі көмек көрсеттіңіз! Көп-көп рахмет!

Бұған дейінгі уақыттарда хат жаза алмаған себебім мынадай жағдайларға байланысты еді: сапарым туралы есеп жазып, баяндама, лекция оқумен қатар, Момышұлы Бауыржан ағайдың «Ұшқан ұя» еңбегін тез арада мажар тіліне жарық көрсету үшін мені көмекке шақырған себепті түкте мұршам келмеді. Кешігіп хат жазғанымға кешірерсіз. Алдағы уақытта қатынасымызды мен одан әрі сақтаймын.

Алғы сөзін Сіз жазған, Мажарстанда жасайтын қыпшақтардың ұлттық ойындары жайында жазылған және «Қазақ пионері» газетіне арнайтын мақаламды Сізге тез арада жіберемін.

Осымен аяқтаймын. Сізге болып, үй-ішіңіз, бала-шағаларыңыз, туған-туыстарыңыз бен жарандары денсаулық, ұзақ өмір тілеумен бірге жұмыстарыңыздан, ғылыми еңбектеріңізден үлкен табыс күтіп, Сіздерге үнемі тілеулес болушы ініңіз Қоңыр деп білерсіздер».

Будапешт,
1979 жыл, шілде айының 2-күні

Қадірменді Тұрсынбек аға !

«Сіздің жіберген хатыңызды алып, өте қатты қуандым. Көп-көп рахмет! Аяныштысы жұмыс бабыма байланысты кешіге жауап жазғанымға кешірерсіз.

Сізге берген уәдем бойынша университеттеріміз арасындағы қатынасты ресми түрде ұйымдастырып, біздің университеттің ректоры мен деканына сөйлесіп, олар Алматыға ресми хат жалдайтындығын айтып, маған уәде берді. Кешікпей оны да алатындарыңыз болуы керек.

Алматыға көптеген хаттар жазғаныммен, Сізден басқа ешкім де елең болғызып, жауап қайтармайды. Жұмыс жайым қалпынша ойдағыдай жүріліп жатыр. Жазда ресми жұмыспен кейбір шетелдерге бармақ ойым бар. Келер күзде тағы да Алматыға жолаушылыққа баруға жоспарым бар.

Сәлемнің соңында жұмысыңыздан табыс күтумен бірге, мұндағы және Сіздердегі университеттердің арасындағы тынасқа байланысты ресми жұмыстарды алдағы уақытта да ат салыса кірісіп орындаймын деп, Сізді сендіремін.

Үй-іші, бала-шағаларыңыздың болып. Өзіңіздің деніңізден саулық күткен ініңіз Қоңыр».

Бұдан кейін құттықтау хат алдым. Онда «Аса қадірлі да құрметті Тұрсынбек аға!

Келе жатқан Жаңа Жылыңызбен құттықтап, денсаулығыңыздың мықты да күшті, өміріңіздің ұзақ та бақытты болуын тілеп, жұмыстарыңыздан таудай табыс күтіп, сәлем жолдаушы ініңіз Қоңыр

Будапешт қаласы,

1979 жыл, желтоқсанның 27-күні.

* * *

Басқа хат жазды ма, жоқ па есімде жоқ, архивімнен кездескені осылар. Ал мемлекеттік мәні бар жайға, яғни Қазақ және Будапешт университеттерінің байланысын орнатуға мүмкіндік болмады. Екі жағымыз да ынталы болғанымызбен бәрін өзі шешетін қандас бауырларды жақындатпау үшін бізге Болгарияның София университетін танытып берді. Олармен үш-төрт рет студент алмасып, шетелге барып келгенімізге мәз болғанымыз бар. Ол басқа әңгіме.

Тұрсынбек КӘКІШҰЛЫ, профессор.

Будапешт, 1981 жыл наурыздың 1-күні

Қадірлі Рабиға апай !

Сізден хат алып, қатты қуандық, көп рахмет!

Кезінде хатыңызға жауап жаза алмағанымызды кешірерсіз, жаңа ұя салған жас жұбайлардың тіршілігін Өзіңіз де түсінесіз ғой. Қазақстандық қонақтарымызды шығарып салдық, Айша да жұмысқа орналасты, көптеген өз жұмыстарымды да реттеп, Сізге хат жазып отырмын.

Өзіңіздің денсаулығыңыз мықты, жұмысыңыз ойдағыдай алда болар деп сенеміз де, Ағайға, балаларыңыз бен немерелеріңізге, туган-туысқандарыңызға, достарыңызға бізден көп сәлем айтқайсыз. Реті келсе, Құдай қаласа біз көктемде Қазақстанға барамыз деп отырмыз.


Осы қысқа хатымды доғарып, келе жатқан халық аралық әйелдер күні мерекенізді құттықтап, Сіздің үй ішіңіз, бала-шағаларыңызға зор денсаулық, таудай табыс пен барлық жақсылықтарды Тәңірімізден тілейміз.

*Сәлеммен
Айша мен Қоңыр*





**МЕН ҚЫПШАҚПЫН ДЕУШІ ЕДІ,
ҚАЙРАН ҚОҢЫР ...**



**ЖАЗЫЛАР ЕСТЕЛІКТЕР МЕН ТУРАЛЫ,
БІРЕУЛЕР ЖАН ЕДІ ДЕР ӨР ТҰЛҒАЛЫ.
БІРЕУЛЕР ТҰЛПАР ЕДІ ДЕР ДЕ МҮМКІН,
БҮТІНДЕЛМЕЙ КЕТКЕН БІР ЕР-ТҰРМАНЫ.**

Мұқағали МАҚАТАЕВ

Егеменді Қазақстан. – 1992. – 29 тамыз;
Жас алаш. – 1992. – 1 қыркүйек.

ИШТВАН ҚОҢЫР МАНДОКИ



Қазақ және мажар (венгр) мәдениеті, бүгінгі түркология орны толмас қазаға душар болды. Мажар халқының үлкен жүректі азаматы, белгілі түрколог-ғалым, Будапешт университетінің профессоры, қазақ халқының адал досы Иштван Қоңыр Мандоки дүние салды.

Иштван Қоңыр Мандоки Мажарстанда (Венгрияда) Ұлы Қыпшақ аймағында Қарсак қаласында 1945 жылы дүниеге келді. Ол өзінің бүкіл саналы өмірін түркологияға арнады. Бұл жолда Қоңыр жан-жақты қабілет-дарынымен, ерекше еңбекқорлығымен көзге түсіп еді. Оның ұстазы дүние жүзіне

есімі мәлім профессор Ю. Немец болатын. 1981 жылы Қоңыр «Мажарстандағы қыпшақ тілінің ескерткіштері» деген тақырыпта диссертация қорғады. Мұнан кейінгі жылдарда ол ғылыми ізденістерін мейлінше ширатып, иісі түркі әлемінің түпкі тегіне, тарихына, мәдениеті, тілі мен этнографиясына қатысты салиқалы еңбектер бере бастап еді. Қоңыр өзінің ғылыми еңбектерін мажар, ағылшын, неміс, француз және қазақ тілдерінде жазатын. Бұл орайда ол шын мәнінде классикалық түркологияның бүгінгі Еуропадағы ең бір көп үміт күттірген өкілі болатын.

Қоңыр нағыз ғалым зерттеушіге - тән еңбекқорлықпен түркі тілдес халықтар әлемін ерінбей аралайтын. Қазақстанға өзгеше бір бауырмалдықпен ден қойып, жиі-жиі келіп, көптеген достар тауып еді. Әсіресе, қазақ пен мажар халқының арасындағы рухани және мәдени байланыстың нығаюына белсене араласатын. Будапештте Қоңырдың тікелей ұйымдастыруымен қазақ-мажар жастарының достық

кештері тұрақты өтіп тұрды. Қазақ ертегілері мен қазақ әңгімелерінің мазмұнды жинақтарының мажар тілінде жарық көруіне тікелей дәнекер болған да Қоңыр марқұм еді.

Қоңыр қазақ жұртына күйеу еді. Бұл ретте де ол түркінің кісілікті мәдениетіне, күйеу балалық жолына қылау түсірген емес. Тіптен соңғы кезде жүрегінің мазалап жүргенін

сезіп, олай-бұлай болып кетсе топырақтың қазақ жерінен бұйыруын өсиет еткен екен.

Мейірімсіз ажал ардақты туысқанымызды, аяулы досымызды арамыздан мезгілсіз алып кетті.

Марқұм Қоңыр Мандокидің жарқын бейнесін, бауырмал жүрегін, толымды еңбектерін қазақ жұрты ешқашан ұмытпайды.

М. Жолдасбеков, Ж.Әбділдин, М. Қозыбаев, М. Әуезов, О.Сүлейменов, М. Шаханов, Ә. Қайдаров, Р. Сыздықова, С.Қирабаев, Б. Көмеков, Ф. Оңғарсынова, А. Сейдімбеков, Ө. Күмісбаев, Е. Қажыбеков, С. Өтемісов, М. Сенбин, Ә Кекілбаев.



ІШТУАН ҚОҢЫР ҚОЗЫМ-АЙ !
(Жоктау)

Іштуан-Қоңыр қозым-ай
 Бәйгеден озған бозым-ай
 Басыма түсті бүгін жай!
 Есеңгіреп қалғаным,
 Бір ерімді жалмадың
 Мені неге салмадың!?
 Не жаздым, саған, уа, құдай!!
 Тар қапаста камалдым,
 Тірлігін көріп жаманның
 Қасына ердің жақсының.
 Сені қайдан табармын!
 Не жаздым, саған, уа, құдай!!
 Бар дүние ғаламның
 Шашылған Алаш адаммын
 Басымызды қосқалы
 Той жасауға алқалы
 Кеңге салып арқаны
 Ақсарбас шалғалы
 Қанына қол малғалы
 Құрылтайға кам қылған
 Алаштан не артылған!
 Мал-жанымнан садақа
 Жан-арымнан садақа
 Құрбандық етіп өзінді!
 Шығардың ғой көзімді!
 Шаттығыңды көре алмай
 Көзайым болып жүре алмай
 Оңтайы келген сен сақа
 Түспей кеттің қолыма.
 Қараушы едім жолына
 Не жаздым, саған, уа, құдай!!
 Мажарды ертіп қалар ең,
 Бозінгендей желер ең.
 Ненді аядың сен менен.
 Нені аядым мен сенен.

Көз жасым менін көлдеген
 Қара Қоңыр қозым-ай
 Бәйгеден келген бозым-ай
 Басыма түсті бүгін жай!
 Не салмады бұ құдай
 Көргенде сені шүкір деп
 «Көз тимесін түкір» деп
 Тұратын жүрек лүпілдей
 Ерімді басқа білсін деп
 Өкпе-бауырым бүлкілдеп
 Дүниеге сыймай жүргенім
 Енді бүгін білгенім
 Алаш болып бүлгенім
 Қуанып, қайта күлгенім
 Тастөбемнен түсті жай.
 Не жаздым, саған, уа, құдай!!
 Отызда Орда бұзғанын
 Қыркында қырда ұзадың
 Бермеді жастың ұзағын
 Шүкір, шүкір бір саған
 Еліңе кейін аңсаған
 Енді неге тамсанам!!
 Табытынды қарсы алдым
 Табытынды көргенім
 Жасыма ерік бергенім
 Қасыма серік көргенім
 Әдіра қалды бәрі де
 Оңай ма жас пен кәріге
 «Бауырым» деген зәруге
 Азаттық алған дәуірге
 Көктей шыққан сәуірде
 Гүлім солып ол қалды
 Уа халайық, не болды!
 Қарашы, оң мен солына
 Не жаздым, саған құдай!!

Қарашы, жүрген жасыңа
Қара Қоңыр қозым-ай
Бәйгеден келген бозым-ай
Басыма түсті бүгін жай!
Дүниеден өтті арманда
Туысым Қоңыр қозым-ай!
Не жаздым, саған, уа құдай!!
Қыпшактан шыққан асылды
Бабасы Түрік жасынды
Көңілім өрттей басылды
Көтерем қалай басымды
Не жаздым, саған, уа құдай!!
Тегің қыпшак асылд-ай
Басынан сөзді асырмай
Жауына тиген жасындай
Ер Түрік бабаң о да өтті
Ғаламды кезбей, басылмай.
Ұрымды көріп байқаған
Қорғанын бұзып шайқаған
Мекен боп шексіз бай далам
Еділ патшам ол да өтті.
Жырға қосып айта алам,
Спартак бабаң о да өтті.
Бүкіл ғалам бас шайқаған,
Томирис апаң о да өтті,
Кир патшаны жайлаған.
Алпамыс бабаң о да өтті
Қызыл басты жайпатып
Алдына салып айдатып
Оны да тағдыр байқаған.
Қазтуған жырау бастаған
«Ер нарымбет өлгенде
Он сан ноғай бүлгенде»
«Ауған» болған тау асып
Тырнақтымен таласып
Орыс, Қытай қысқанда
Жағасына жармасып
«Жерұйықты» іздеген
Бабалар жүрген ізбенен

Байсындай жер табылмай
Асан қайғы шаршаған.
Дүние кезіп сандалған
Қара тұман жолдардан
Байсындай жер таба алмай
Ауған болған амалсыз
Нанбассыз, не нанарсыз
Көруден қалдың жанарсыз
Ел сандалды панасыз.
Жатқа қолын созбаған
Бозінгендей боздаған
Бір төңірден азбаған
Ұрпағы іріп азбаған
Торғайдайын тозбаған
Ер түріктей бабамыз
Содан баһар алармыз
Солар салған ізбенен
Бізде көшіп барамыз
Бабан салған ізбенен
Бабан салған жолменен,
Таптың қозым елінді!
Бабан жүрген жерінді!
Бабан түскен көлінді!
Қырқалай асқан белімді!
Азаттық алған дәуірде
Сенің жоғың білінді!
Кім токтатар өлімді!
Кім ұстайды белімді!
Білгенім бе әлімді!
Тәңірім жазды, біз көндік
Токтатайын жоқтауды
Менің жайым мәлімді!
Ауызға алып тәңірімді!
Қош, қош, Қоңыр қозым,
Қош, қош, тарлан бозым!
Уа, жалған дүние-ай
Соны осы білдім-ай!!!

*КӨРМЕНДИ Лайош
(Мажсар ақыны)*

ҚОҢЫРҒА

Мызғымайтын мүлік алдын,
Суып қалды сенің қанын.
Басқа әлемге кетіп қалдың
Қайран Қоңыр Атланым!

Дерек көп еді өзің барда,
Жеткізбеді үлкен арман.
Қолжазба тұр қораптарда
Қайдасың сен Қоңыр Атлан?!

Тіспен туған Қоңыр – бақсы,
Бар парызды өтедің.
Мұрасыз граф – жақсы атын
Сен лаулаған от едің.

Қоштаспай сен кете бардың,
Біздер қалдық жетімсіреп.
Сен біліп қой ұлың барын –
Ол болар ма бізге тірек?!

*Мажаршадан аударғандар:
Анар Саламатқызы,
Саламат Өтемісұлы.
04.08.2001.*



Бадрутдин МАМЕДОВ
(Құмық ақыны)

КЪОНГУРУМ ГЕТДИ

Ярыкъ сувума яр авду...,
Геммек гёзюме къан савду...,
Чилле ёлунда чанг тоньган...,
Байракъ башына къуш къонгъан

Йылкъы табунум бёлюнген....
Къыпчакъ айгъырым сюрюнген,
Агъач къомүзүм кюйленмей...
Ез къонгуравум сёйлеймей

Хан кёпюрюмню сув алды...
Хаш тишлерим увалды...
Аркъадашымдан айырылдым...
Аркъа сюегим майрылды –
Къонгурум гетди, Къонгурум

Жан иабати гелдин сен,
Жан тамурум тартылды.
Дунайда тувган гюнанг,
Акъ денизде артылды.

04.09.1992.



КОНЫР ИШТВАН – КАК СИМВОЛ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ¹

Имя Мандоки Коныра (по-венгерски Kongur) Иштвана в конце 80-х и начале 90-х гг. XX века было широко известно среди казахов, особенно в среде интеллигентов, деятелей культуры и искусства. Судьба распорядилась так, что смерть настигла его в 1992 году не в родной ему Венгрии и не в Казахстане, а на Кавказе. Тело его было доставлено в Казахстан и похоронено в Алматы на Кенсайском кладбище. Таким образом венгерский кипчак (куман или, вернее, кун) Коныр дважды совершил знаковый путь с Запада, куда еще в 40-е годы XIII века в составе эля (народа. – Авт.) хана Котана ушли, спасаясь от войск Батые, его предки, и где он родился, вырос и сформировался как личность, на Восток, где находилась его прародина – Казахстан, страна казахов, которые, как утверждает Британская энциклопедия, сложились как народ на кипчакской основе. В первый раз, чтобы спустя века проложить обратную дорогу туда, а во второй – чтобы обрести там вечный покой.

В принципе казахской душе свойственна тяга к поиску своих дальних родственников, своих далеких корней. В народном фольклоре фигурирует множество случаев возвращения детей, внуков и даже правнуков тех, кто по тем или иным обстоятельствам был оторван от своих соплеменников. Но, чтобы через семь с половиной столетий вернулся потомок отколовшихся когда-то очень давно сородичей, такого нет и в самых красивых легендах, и самых невероятных преданиях. Однако в случае в Коныром Иштваном именно это и произошло. Он приехал к казахам в Казахстан не столько как ученый-тюрколог из Европы, сколько как человек степного кипчакского происхождения, желающий воссоединиться со своими сородичами. Именно этим обстоятельством и объясняется его желание быть похороненным на земле казахов после смерти. Он прожил недолго. Так было угодно судьбе. Но его жизненный путь оказался равен доброй половине многотысячекилометрового пространственного и семисотпятидесятилетнего временного круга жизни в судьбах Великой степи, простирающейся от Алтая до Паннонии. Он завершил и замкнул собой этот круг.

¹ Меганполис. – 2001. – 28 февраль, №8.

Сейчас у нас в Казахстане проявляется большая озабоченность по поводу национальной идеи и государственной идеологии. У каждого есть свои представления об этих понятиях. Но бесспорно одно: в их основе должны быть долговечные духовные образцы объединяющего характера. Жизнь Кобыра Иштвана, его прижизненные поступки, деяния и его посмертный образ – сами по себе выдающийся символ для национальной идеи, призванной покончить с привычным и пока необоримым внутренним раздром казахского общества и объединить его во имя будущего.

И возвращение Кобыра Иштвана навеки – это также символ воссоединения двух частей народа, разъединенного 750 лет назад в силу обстоятельств того времени.



ҚАЙРАН ҚОҢЫР ...

Кенеттен бір күн сөнді жанған шырақ,
Мәңгіге қазақ жері болды тұрақ.
Туған жерін сүйгенмен қайран Қоңыр,
Ата-жұртын көретін артығырақ.

Дешті-Қыпшақ жерінде ойқастады,
Ойланарлық бір істі ол бастады.
Жерлетіп өз сүйегін ата-жұртқа,
Қазаққа шетте жүрген ой тастады.

Саламат Өтемісұлы

Қоңырды бірінші кездестіруім де, достасуым да 1979 жылдың аяғы. Бір көргенде-ақ Қоңыр маған бет-бейнесімен де, әңгімесімен де үлкен әсер қалдырды. Ол жас күнінен бастап қазақ жеріне келуді армандаған екен. Өзінің руын білетін болып шықты. 1992 жылдың тамыз айының соңында Махачкаланың бір газетіне берген сұбхатында XIII ғасырда қазақ жерінен Дунай жағасына бірінші болып алашевич, берчевичи, шортанович, токовичи сияқты топ-топ рулар қазақ жерінен дүркін-дүркін екі ғасыр бойы Дунай жағасына көшіпті.

Қоңырдың жеке кітапханасында алты томдық гусарлар тарихы жөнінде кітаптар бар. Сол кітаптарда мен бет-бейнесі өзімізден аумайтын қазақтарды көрдім. Ол кітаптар екінші сөзбен айтқанда – шежіре. Жердің атауы, ата-тек бәрі-бәрі көрсетілген. Осы кітаптар арқылы, басқа да көмекші қолжазбалар арқылы барлық мажар қыпшақтарының және шетелдердегі қыпшақ тарихтарын біліп отырады екен.

Қоңырдың түрі қазаққа онша ұқсаңқырамайды деушілер де болды кезінде. Аталарының елден кеткеніне 7 ғасыр болған соңғы ұрпаққа түр жағынан қандай айып тағасын. Өз басым Қоңырды көргенде шықшыты шығыңқы, қара мұртты қазақты көрген болатынмын. Ол түгіл аталары елден осы ғасырда кеткен Лондонда тұратын Кисинжи деген қазақ азаматы әне бір жылы өткен айтыстын қорытындысында Егеухан ақынға өз сыйлығын тапсыра тұрып қазақша сөйлегенде залдағы көрермен қауым қатты таңқалды. Себебі бір қарағанда түрі қазаққа ұқсамайды. Айтайын дегенім: жер, су адамның өмір сүрген ортасы оның сыртқы бет-бейнесінің қалыптасуына түбегейлі әсер ететінін әр елдің биолог, антрополог ғалымдары дәлелдеп береді.

Ал Қоңырдың үрім-бұтағы жеті ғасыр шетте болған. Соның өзінде қазақы қасиет өте мықты сақталған. Бірінші рет Қазақстанға келгенде

жай жіптен тоқылған басқұрды алып барып үйінің төргі бөлмесіне қасиеттеп тұтқан. Моңғолиядағы Баян-өлгидегі қазақтардан тұскиіз, ер-тұрман апарып, қызықтап отырғанын көретін едім. Мен Мажарстанға соңғы барғанымда Қоңыр өзіне қазақша тік жаға көйлек тіктіріп киіпті.

Ия Қоңыр бар болмысымен қазақ еді. Қазақтар жөнінде жерлестеріне үлкен сүйіспеншілікпен айтқанда — көзі жайнап, ерінбей-жалықпай мадақтап сөйлегенде, екі беті нұрланып шалықтап отырушы еді, Әңгімені үзе салып, менен қазақтардың өмірі жайлы деректерді сұрап алып, әлгі қызғылықты әңгімені жалғастырып жүре беретін. Біздің ұлан-байтақ даламызды, оның бір жерінің бір жеріне ұқсамайтындығын, көкпар ойынын, әсіресе ақындар айтысы жөнінде айтқанда орнынан тұрып, тындаушылардың бәрін еліктіріп, қазақ даласына апарғандай күй кешетін. Біздің көп сөздерімізді ежіктеп, айтып, оның мағынасын түсіндіріп отыратын. Күнде келіп жатқан мажар студенттері, аспиранттар, зиялы қауымға қоса, Қоңыр мен Айшаның үйіне қазақ офицерлері, жауынгерлері, студенттері, оған қоса Алманиядан (Германия) қонақтар ат ізін суытпай келетін. Олардың үйін өздерінше кіші Қазақстан санайтын.

Қоңырдың тағы бір ерекшелігі әр адамның көңілін дөп басып, тіл таба сөйлейтін парасаттылығы, кісілігі кімді де болса таңқалдырушы еді. 1980 жылы Қоңыр сабақ беретін университетте болғаным бар. Өзімен бірге жүріп студенттерге дәріс беру тәсілімен таныстым. Сонда Қоңыр мажар тіліндегі қазақ сөздерін шетінен тізіп айтып таңқалдырды. Сол жолғы сөйлеген көптеген ғалымдардың ішінде венгр тілін жетік білетін, мәнді сөйлеген де Қоңыр болды. Ол дуалы ауыздан шыққан даналық сөздерді үнемі қойын дәптеріне жазып алатын да, оның этимологиясын зерттейтін. Мысалы *ыждағат*, *ләзім*, *ілттипат*, *гиврат* деген сөздердің мәнін білуге асығатын. Ол өте жан-жақты, терең білімді ғалым еді. Үйіне не жұмыстағы кабинетіне шартараптан келген әр ұлттың өкілдері, ғалымдары оған есеп беріп жатқандай әсер беретін. Ол жанындағы адаммен сөйлескенде үлкен мәдениеттілікпен тындайтын. Бірден өзіне баурап алып, өзіне қоршаған топтан бір адаммен әңгімелескенде, қалғандарын назардан тыс қалдырмайтын, бәрін де сөзге тартып отыратын.

Мен Қоңырмен достасқан сол сапарымда елу күндей өз үйінде ұстап, қонақ етті. Сонда бір байқағаным, күнде Айша танертен жұмысқа кетісімен 3-4 сағат тапжылмай ғылыми жұмыспен айналысады екен. Сондай күндердің бірінде мен оған:

– Қоңыр, өзінді неге аямайсың, сағат сайын 5–10 минут демалу қажет қой. Денсаулығыңды неге ойламайсың, шектен тыс шұқшию зиян ғой, дегенімде:

– Тап солай екенін білемін. Осы әдет студент кезімнен сіресе қалыптасты. Қанша демалайын десем де, көңілім бөлінбейді. «Аурудан әдет күшті» деген осы да. Сенің айтқаныңды ұстазым Немет та осыдан 15 жыл бұрын ескерткен-тін, – деп ағынан жарылды.

Ол маған бірде барлық түркі халқы сүйсініп оқитын кітап жазу – арманы екенін айтқан еді. Оның бір бөлімі, XII, XIII ғасырдағы Дунай бойына көшіп барған қыпшақтар жайын баян етпекші екен. Ол айтушы еді: – Сол заманда қырқыс-тартыс көп болған. Бірақ қуаты мықты, ауыз бірлігі жарасқан түркілердің Еуропада мерейі үстем, мысы басым түскен ғой, – деп мақтанышпен еске алатын.

« – Архивтік материалдардың төрттен үшін жинап болдым. Солтүстік Қап тауындағы (Кавказ) қыпшақ тілді ағайындар: Дағыстан, Құмық, Қарашай, Ноғай, Балқарларды аралап, көп деректер жинадым. Енді Алматыға көшіп барып, үлкен мекен-жай сатып аламын. Оған шаңырағы зәулім алты қанат ақбоз үй тіктіріп, сонда тапжылмай отырып жазып шығамын. Әрине ол бірнеше том болады. Қазақ-қыпшақтардың шаң басқан, көмескі тартқан тарихын қайта тірілтіп сол халықтың өзіне тарту етсем», – деп армандайтын. Оның бір орында тапжылмай ұзақ отырып ізденуінің сыры осында екен. Өкінішке орай, сұм тағдыр Қоңырдың бұл үлкен арманын орындатпады.

1982 жылдың қысында Қоңырдың Будапештегі үйіне бала-шағасын ертіп Тибор есімді түрколог ғалым келді. Ол жақында ғана Солтүстік Америкадағы үндістердің өмірін түбегейлі зерттеп, жаз бойы киноға түсіргенін айтты. Әңгіме арқауынан аңғарғаным, қазақтардың да өмір тарихын терең біледі екен. Қазақтар мен индейцтердің тілдерінде, салтында үлкен ұқсастық барлығын айтқан еді. Уақыт өте келе бұл сөздің де жаны бар екені расталды.

1982 жылдың қараша айының ортасында Қоңыр мені өзі туған Қарсақ қаласындағы үйіне алып барды. Жиналған мүлік дүниелері мызғымай тұрған иессіз үй алғаш маған көңілсіздеу әсер етті. Бірақ Қоңыр айтқан сан-салалы тарихи әңгімелер бұйығы көңілімді жібітіп, елжіретіп-ақ жіберді, жабырқау мүлдем ғайыпқа кетті.

Бұл үйге Қоңыр жылына 3-4 рет келіп кетеді екен. Иесіз тұрса да соншама жиһазға қылау түспеген, бүлінбеген, ұрланбаған. Бұзақы, ұрылар бұл маңда мүлдем болмайтын көрінеді. Қоңыр бала кезінде ойнаған жерлерін, арғымаққа мініп шабандоздық өнерді үйренген ат-шабыс алаңын көрсетті. Өзінің үйіне жақын жерден, Қыпшақтардың

аты шулы батыры Қотан атындағы көше басталады екен. Сол батыр жайлы әңгімелескенде өзі ХІІІ ғасырдан келген қыпшақ өкіліндей, оны тындаған мен аңыздар елінде жүргендей сезіндім. Қоңыр бірде мүйістеу сол жерде қазақ жауынгерлерімен кездесіп, достасқанын сүйіспеншілікпен әңгімелеген еді.

Келесі күні Қоңырдың ата-анасы жатқан зиратқа барып мінәжат еттік. Кері қайтуға бет алғанда Қоңыр:

– Өзім әрдайым аят оқып тұрамын. Сен білгенінді оқып жібер, – деді де, – себебі ата-жұрттан келген кісінің орны бөлек қой, – деп қиылды. Аятты оқып болғанымда ол сөзін қайта сабақтап:

– Ата-анам, әруақтар бір аунап түскен шығар. Ендігі арманым менің сүйегім сол ата-баба туын тіккен қазақ жерінде жерленсе, бұл пәниден басқа тілерім болмас еді, – деп егілді. Ауыр да болса Қоңыр сол арманына жетіп тынды. Сол сәтте мен әдейі:

– Қоңыр, сонда қалай, кешеден бері әдемі әңгімеге арқау болған туған жерді қиғаның ба, шынымен, – дедім. Ол: – Туған жерімнен жерімеймін, бірақ оны ата-жұрттай жақсы көрмеймін десем, сенбейсің. Ғасырлар бойы ата-бабам аңсаған киелі жұртқа не жетсін, – деп турасын айтты.

Осы ойын басқа мажар достарына да айтып жүріпті. «Топырағы бұйырды» деген осы шығар. Сол тілегіне орай Дағыстан жұртында, көне қыпшақ жерінде көз жұмды, марқұм. Егер дәм-тұзы Мажарстанда таусылғанда, сүйегінің мұнда жетуі екіталай еді.

Қоңыр бірде маған:

– Сәке, Өтеміс деген әкеңіздің, сіздің руға аттас біздің Мажарстанда қала аттары бар. Оны келесі бір келгенде асықпай аралатып көрсетемін, – деп еді. Енді оның бәрі Қоңырсыз, әсер етпейтін сияқты.

Іштуан Қоңырдың денесін Алматыдағы мұсылман зиратына әкеп жерлегенде қазақтың зиялы қауымы небір жақсы тілектер айтып еді. Сондағы ұсыныс-пікірлерде марқұмның есімімен Алматы қаласында бір көшенің аталуын, Қоңырдың артындағы қалған бай кітапханасын, музей үйіндегі қыпшақ, қазаққа тән көптеген көне мұраларды, этнографиялық бұйымдарды осында көшіріп әкеп, мұражай ашуды мәселе етіп қойған еді. Ол үшін Қоңыр атындағы қорды ашу да көзделген-тін. Өз денесін туып-өскен, оқып-жетілген, білім, тәрбие алған Мажарстанға жерлетпей осында қойғызған Қоңырдың әруағынан қорқайық, ағайындар!

Тағы бір өкініштісі, Қоңыр әлем қазақтары басын қосқан құрылтайдан сәл-ақ бұрын дүниеден өтті. Барлық қазақ-қыпшақтың тамыры бір екенін өле-өлгенше жағы сенбей айтып кеткен арқалы Қоңырды еске де алмай, оның атына бірауыз жылы сөз меңзегені

жанымызға аяздай батты.Өкінішті-ақ. «Көзден таса болса, көңілден жат болады» деген мәтел осындай елеңсіздіктен айтылған-ау, сірә!

Мәдениет. – 1993. – №2, 15–31 январь., –1, 14 бб.



*Ернар МӘСӘЛІМ,
түркітанушы*

ТІСПЕН ТУҒАН ҚОҢЫР БАҚСЫ...

Әр халықтың өзінің ұлылары туралы аңыздары бар. Сайыпқыран Шыңғысханның бабаларын анасы Алан Қауа киіз үй шаңырағынан түскен күн сәулелі адамнан көтерген екен. Шыңғысханнан мың жылдан астам уақыт бұрын өмір сүрген христиан дінінің негізін қалаған Иса пайғамбардың да дүниеге келу аңызы осындай. Ол да көктен жаралған екен. *Мұрат Аджи айтып жүргендей, христиан дінінің канундері көшпенділердің Тәңірге сиынатын дінінен туындайтыны рас болса керек.* Хакім Абай да дүниеге келгенін еске алғанда, айналам-қызыл жасыл болды деген екен. Онысы, үйдің ішінде айнала боялған жүн ілініп тұрған екен. *Осы әңгімелердің төркінін «ғылыми» тұрғыдан түсіндіргісі келген Лев Гумилев, ұлылар ана құрсағында күн радиациясының әсерінен оң мутацияға ұшырап пассионарий болып туады дейді (қазақтың «күші тасқан», «қуаты ішіне симайды», «не тас жарады, не бас жарады» дегендері осылар).*

Еуропа қыпшақтарынан шыққан ғұлама ғалым, күллі түркілердің біртуар ұлы Қоңыр Мандоки туралы өзінің де тегі қыпшақ венгр ақыны Көрменді Лайош *«Тіспен туған Қоңыр – бақсы, Бар парызды өтедің, «Мұрасыз граф» – атың жақсы, сен лаулаған от едің»* (аударған Саламат Өтемісұлы) деп жазды. Осы жолдарда Мандокидің бүкіл өмірі жатыр. Ата бабасының текті болғаны, өмірі лаулаған от болғаны, мойнына Тәңірі салған парыздың бәрін өтеуге тырысқаны, бәрі – рас. Ал «бақсы» дегені оның бойында бір ерен күш болғанын Көрменді Лайош көрген болар. *Осы күнгі венгрлердің (мажарлардың) бақсылыққа көзқарасы қызық. «Бақсы» десе ішкен асын жерге қояды. Бүкіл Дүниежүзілік Мажарлардың VI-шы Құрылтайында Будапешттегі Мадиярлар Үйінде, сақалдары сапсыған профессорлардың, көзілдірік киген интеллектуалдардың Венгрияның бір аймағынан келген, үстіне алабажақ киім киген бақсыны қаумалап, өзеурегендерін өз көзіммен көрдім. Христиан венгрлер үшін бақсы атам замандағы Тәңір дінінің осы күнге жеткен белгісі, хабаршысы болар деп, өзімше түйіндедім.*

Құрметті оқырман, көз алдыңызға сонау орта ғасырларда, тіпті, одан да бұрын өмір сүрген түркі бабамыздың ғаламат бейнесін елестетіп көріңізші, Көкке ақырған көк бөрінің заманы. Түркілердің жарты дүниені билеп, өркениеттің алдында тұрған шағы. Сол

бабамыздың айналадағы дүниеге көзқарасы, танымы, өресінің биіктігі, ең бастысы, дүниенің төрт тарабында тұратын басқа түркілермен өзін бүтін, бірге сезінуі. Қоңыр Мандоки бейне бір сол заманның осы күнге жіберілген елшісі сияқты. Ол өзін мажар да емес, қыпшақ та емес, қазақ та емес, түркі болып сезінді. Сондықтан оны саха мен чуваш өзімсінді, Стамбул мен Анадолыда оны түрікке балады, басы бірікпейтін татар мен башқұрт түрегеп тұрып бірге күтті, қазасынан кейін құмық Бадрутдин өз халқынын ұлындай жоқтады («*Жан иыбати гелдин сен, Жан тамурун тартылды. Дунайда тувган гюнюнг Акъ денезде артылды...*»), ал қазақтар оны өзінің қасиетті Кеңсайына жерледі. Қайран Қоңырдың арманы әммә түркілердің рухани бірлігі болды. Осы мақсатқа саналы өмірін сарп етті, жаны қыршынынан қиылды.

Қоңыр Атлан Мандоки (*қырықтан асқаннан кейін ол төлқұжатындағы атын осылай өзгертіп алған; жұбайы Оңғайшаның айтуы бойынша Иштван аты оған ешқашан ұнамаған; өзі көрмей кеткен жалғыз ұлының аты да Атлан: «Аттан, елге аттан» деген мағынада*) 1944 жылдың ақпан айының 10 жұлдызында Кіндік Еуроподағы Мажар (Венгр) елінің Ұлы Қыпшақ даласында орналасқан Қарсақ шаһарында дүниеге келді. Арғы тегі қыпшақ. Сонау аумалы-төкпелі XIII ғасырда ата-бабасы осы өңірге қоныс тепкен екен. Тарихтан белгілі қыпшақтың Көтен ханы *Тәңір сыйлаған есімін осы күнгі зерттеушілер ерсі көріп, біресе Қотан, тіпті, «құт» деген түбірден шығарып, Құтан деп те атап жүр; үлкен ғалым, бірегей қыпшақтанушы, академик Болат Кәмековтың айтуынша қыпшақтардың Дунай жағалауына жеткен ханының аты Көтен. Көтен деген сөздің лексикалық мағынасы ол заманда осы күннен біраз өзгешелеу болған, ол «ұлы, үлкен» деген мағынаны білдірген (мысалы, «қара», «сары» деген сөздер де ол заманда тек түсті білдірмеген: Қара Қыпшақ Қобланды – Ұлы Қыпшақ Қобыланды; қара жылан – үлкен жылан, айдахар; тіпті бертін заманда қалмақтармен соғысқан Малай Сары батырдың да есімі оның ерен ерлігіне сай берілген; Малай Сарының замандасы Есет Көтібар батырдың, Тобықтының рубасы Көтібақ (Дәулетбақ сияқты) бабаларымыздың да есімдері олардың ұлылығы мен даралығын білдірген)* Еділдің бойын мекендеген қыпшақтардың (ғалым Сейсенбай Құдасовтың айтуы бойынша, олар Еділге құятын қазіргі Төменгі Донец деп аталатын өзеннің бойында өмір сүрген) бір бөлігін, орыс жылнамаларында жазылғандай, қырық мың «түтінімен» аударылып, 1236 жылы Батысқа қарай көшкен. Көшкен себебі, Бату ханның, оның Күнбатыс әлеміне жорығын бастаған жалғыз көзді Арыстан Сүбітай Баһадүрдің кәрінен

қорықты. 1223 жылғы Қалқа шайқасының алдында Көтеннің күйеу баласы Ұлы Галиц кінәзі Жаужүрек Мстислав манғұл елшілерін өлтірген тұғын. Гумилевтің айтуы бойынша, манғұлдар бұндайды кешірмейді. *«Монголы «злыми» называли города, в которых убивали их парламентаров. Убийство парламентаря, с точки зрения монголов, было тягчайшим преступлением (вспомните судьбу казахского Отрара и маленького русского города Козельска, и для этого преступления, по всей видимости, у монголов не было срока давности. Е.М.). Конечно, можно возразить, что горожане не виновны в преступлениях князя, но у монголов было чрезвычайно развито понятие коллективной ответственности... (Л.Н.Гумилев. «Меня называют евразийцем»).*

Сайыпқыран Шыңғысхан бабамыз шашылып жатқан, береке бірліктері қашқан түркілердің басын біріктіріп, Ұлы Түркі елін жаңғыртып, көк бөрілер заманын тірілтісі келді. Осындай ұлы мақсаты бар, Тәңіріне сыйынған Шығыс түркілері – манғұлдар – сатқындықты кешірмейтін болған. Сондықтан, олар Отырарды өртеді, Мұхаммед Шахты Арал теңізінің алапестер тұратын аралына қуып тықты. Осы тұрғыдан қарағанда, орман орысымен бірігіп, қандастарына қарсы соғысқан қыпшақтардың күнәсі ауыр еді.

Манғұлдармен жолай соғыса отырып, 1237 жылы Көтен хан қол астындағы жұртымен Мадияр корольдігінің жеріне жетті. Бұл Ұлы Даланың соңғы шебі еді. Ары қарай басқа дүние, басқа әлем, ошакқа байланған түсініксіз басқа өмір. Гумилев *«Ұлы Дала» деп Алтай мен Қарпат тауларының ортасында жатқан, арасынан өтпейтін көпірі, аспайтын тауы жоқ табиғи жағрафиялық аймақты айтады.* Мадияр корольдігі – бұл заманда дүркіреп тұрған, бүкіл Еуропа санасатын үлкен мемлекет. Осы мемлекетті билейтін, 1000 жылы Үрүм Папасы II Силвестр Апостол (Киелі) атағын сыйлаған түркі Арпад әулетінен шыққан, король IV Бэла қыпшақ бауырларын құшақ жая қарсы алады. Аталған тарихи оқиғаға байланысты Венгрияның Карцаг қаласына кіре берісте ескерткіш орнатылған. Онда бейнеленген егде тартқан, басына тәж киген, қолына крест ұстаған венгр королі үрімдік гладиаторға ұқсайтын жас Көтен ханға қарап құшақ жайып тұр. Бұл, әрине, мүсіншінің қиялы. Бірақ кездесу шынында да жүрекжарды болса керек. Сол замандағы мажар тарихшыларының куәлігі бойынша, Бэла қыпшақтарды өте жылы қарсы алды. *Осыдан бірер жыл бұрын ол белгілі діндәр фраттер Юлиан (әкей) бастатқан монахтарды Еділ бойындағы туыстарға іздеу салып Шығысқа жөнелтіп еді. Экспедиция қайғылы аяқталды, монахтардың бәрі жолда қайтыс болды, бірақ жалғыз тірі қалған*

Юлианның жазбаларында саяхатшылар Еділ мен Қаманың бойындағы қалған мадиарларды тапқаны туралы айтылады. Король мен хан Ұлы Мажар жазығында, осы күнгі Сегед қаласына жақын жерде кездесті. Қырық мың қыпшақтардың атты әскері жол жөнекей елдің егіншілігіне, жүзім өскен алқаптарына шығын келтіргеніне қарамастан, Бэла қабақ шытқан жоқ. Қазір Надькуншаг пен Кишкуншаг деп аталатын дала аймақтарын қандастарына бөліп берді. Шығыстан келе жатқан жойқын дауыл жөнінде, сөз жоқ, хабардар, тәжірибелі саясаткер, кейіннен Мажар мемлекетін қайтадан жаңғыртқан, осы мемлекеттің негізін қалаған Әулие I Иштван атағына сай мажар тарихында орын алған, сәуегей Иштван өз әрекеттерінің салдарын болжады ма екен?

Macaristan'ın güneyinde yer alan Kıpçak şehri Kunmadaras'taki (buradaki Kun kelimesi Macarcada Kuman anlamına gelir ve başka bazı Macar yer adlarında da görülür) Rus askeri birliğinde bulunan Kırım Türkü bir şöförle tanışır ve ondan Kırım Tatarçası öğrenir. O da tanışmalarının üzerinden 16 ay geçtikten sonra terhis olurken bu meraklı çocuğu bir Kazak askere emanet eder. İ. Mandoky ondan da Kazakça öğrenir. Mandoky, 1956 yılında daha on iki yaşındayken, Budapeşte Üniversitesi gençlerinin Rus işgaline karşı düzenledikleri protestoya katılır; tutuklanarak çocuk tutukevine atılır. Bu tutuklanma eğitim hakkının elinden alınması gibi bütün hayatını etkileyecek bir mimlenmeyle sonuçlanır (s. 24-25). Ancak bu mimlenme onun okuma isteğini engelleyemez. Liseyi dışarıdan bitirir. Üniversiteye girmesine izin verilmez ise de kendisi de Kıpçak asıllı olan meşhur Türkolog J.Németh, bu "farklı duruşlu gençin elinden tutmaya karar verir" (s. 27). Üniversite öğrenciliği yıllarında Romanya ve Bulgaristan'da Türklerin yaşadığı bölgelerde dil derlemeleri yapar. Nemeth, Mandoky'yi mezuniyetinden sonra aynı bölüme asistan olarak alır ve akademik hayatı böylece profesyonel anlamda başlamış olur.

Kitabın 41-57. sayfaları arasında Kongur'un çalışmalarından bir makale örneği verilmiş. Ancak dipnotta bunun *Kuman Dilinin Macaristan'daki İzleri* adlı eserinin giriş bölümü olduğu belirtiliyor. Bunu takip eden bölümde "Kitapları" adıyla, İ. M. Kongur'un ölümünden bir yıl sonra yayımlanan bu kitabının bir tanıtımını buluyoruz (58-60). İlerleyen sayfalarda İ. M. Kongur'un araştırma gezilerinin sonuçları olan *Dobruca Tatarları Konusunda Dil Araştırmaları* ve *Amu Derya Geniş Suyu, [Türk Halklarının Halkbilimi Ürünleri]* adlı kitaplarının tanıtmasını buluruz.

Kitabın ikinci bölümü (91-115) yazarın M. Kongur'un yaşadığı çevrede yapmış olduğu gözlemlerden oluşur. Burada Büyük ve Küçük Kumanistan (Kiskun, Nagykun) olarak bilinen güney Macaristan ovası hakkında bilgiler ve gözlemler verilir. Üçüncü bölüm "Kişiliği ve Misyonu" başlığını taşır (117-126). Bu bölümde yazar Türk dünyasında Ergenekon'dan sonra biri Moğol istilası sırasında diğeri de Çarlık döneminde alt yapısı hazırlanan 70 yıllık Sovyet döneminde olmak üzere iki büyük kırılmadan söz eder ve Kongur'un Türk topluluklarını bilinçlendirme çabalarıyla "ikinci kırılmayı" önlediğini belirtir (s. 121). Kitabın dördüncü bölümü Kongur hakkındaki değerlendirmeleri içine alır (127-185). Bu değerlendirmelerde özellikle misyonunu öne çıkaran görüşler dile getirilmiştir. Oysa Kumanların Macaristan'daki izleri hakkındaki çalışmalarının iyi bir değerlendirilmesi okuyucu açısından çok faydalı olurdu.

Sayfa 207'de "M. Kongur'un En Önemli Eserleri" adıyla bu değerli Türkologun değişik dillerde yazmış olduğu, sonuncusu 2002 tarihli 31 yayınının bir listesi yer alır. Son tarihli olanı özellikle veriyoruz, çünkü bu,

birilerinin Kongur'un derlemeleriyle ilgilendiğini göstermektedir. Yazarın kimi bölümlerde ilahi bir misyon yüklediği İ.Mandoky Kongur hakkında bilgi edinmemizi sağlayan kitapta, iç tutarlılık ve üslup birliğine gerek görülmemiş. Macarça kelimelerin verilişinde yazım yanlışlarına rastlanıyor. Kitabın sonunda okuyucu Kongur'un hayatının kitaptakinden çok daha ilgi çekici olduğu, eserlerinin de daha ayrıntılı bir değerlendirmeyi hakettiği hissine kapılıyor.



ИДРИСОВ Юсуп
Дагестан, публицист

«КАЖДЫЙ МОЙ ШАГ БЫЛ ШАГОМ НА ПУТИ К ВАМ...»¹

Недавно в свет вышла книга по истории дагестанско-венгерских взаимоотношений. Имя ей «Уъзюлген озенги», что в переводе с кумыкского «Оборванное стремя», посвящена она памяти венгерского учёного-лингвиста Иштвана Конгура Мандоки. Изначально предполагалось, что Бадрутдин Магомедов и Иштван Конгур напишут книгу вместе, подписав её «Конгур Бадрутдин». Но этому и другим их совместным замыслам помешала преждевременная смерть венгерского учёного. Пришлось лауреату Государственной премии поэту Бадрутдину Магомедову писать книгу одному. Изменился и сам первоначальный план книги, теперь образ Венгрии персонифицировался в личности покойного друга автора.

Кто же такой Иштван Конгур Мандоки, человек, ставший символом целой страны? Ответ, казалось бы, ясен – это выдающийся европейский ученый-востоковед XX века. Так-то оно так, но в том-то и ценность книги Бадрутдина Магомедова, что она не стала обычной научной биографией, а напоминает больше написанный широкими, эмоциональными мазками портрет глубоко уважаемого им друга. В книге говорится о детстве учёного и о труде, которому он посвятил всю свою жизнь – изучению кыпчакских языков и возрождению своего родного кунского языка.

Но всё-таки попытаемся рассказать всё по порядку. Иштван Конгур Мандоки, потомок венгерских рыцарей, как он сам говорил – гусаров, представитель военной аристократии кыпчаков, которые столетиями охраняли Венгерское королевство от внешних врагов. Родной его город Карцаг – столица, пусть и областная, это центр области Большая Кумания – по-венгерски Надь Куншаг. В сознание многих поколений жителей нашей страны внушалась мысль о кыпчаках (в Европе их называют куманами, а их венгерские потомки отзываются на имя «кун», отсюда и название области Куншаг), известных в России под летописным именем половцев, как диких грабителей, не способных ни на какую культурную деятельность.

Однако реальное положение вещей в разместившейся в сердце Центральной Европы столице Кумании говорит об ином. Все путешественники, побывавшие в Карцаге, а в их числе и автор книги,

¹ Полный текст см.: *Дагестанская правда*. – 2008. – 20 августа.

свидетельствуют о нём, как о чистеньком, зелёном городе, состоящем из множества красивых домов, украшенных родовыми гербами кунов. Слово кун в Венгрии это почти синоним слов «рыцарь» и «дворянин». Дело в том, что, как исторически сложилось, кыпчаки-куны являлись военно-политическим и культурным ядром венгерского народа.

Когда о венгре говорят как о типичном представителе своего народа, нередко добавляют: «ну прямо как кун из Хортобада», подразумевая при этом наличие в нём лучших человеческих качеств: добродушия, честности и верности слову. Двухсоттысячный куманский народ дал миру писателя Яноша Хороньи, учёных историков, этнографов и лингвистов Дьюлу Немета, Игнаца Куноша, Иштвана Конгура, Дьюлу Гьорфи, Антала и Юлию Барта, Лайоша Кёрменди, Имре Башки, Агости Габора, Ласло Вад Баяндур и многих других.

Хотя современные куны практически не отличаются внешне и по языку от венгров. Главной трагедией в истории кунов явилась потеря их родного языка, умершего вместе с последним говорившим на нём стариком в 1804 г. Казалось бы, язык исчез уже навсегда, как десятки других языков в Европе, но Всевышнему было угодно подарить кунам шанс на возрождение. И ровно через 140 лет, в холодный военный февраль 1944 г., на свет появился человек, сделавший спасение родного языка смыслом всей своей жизни. На выбор Конгуром своего пути повлиял отец: «Иштваном, выросшим на преданиях о доблести предков, на всю жизнь овладела мечта найти родину кунов, где согласно рассказам его отца ещё живут их соплеменники, помнящие родной язык. Юноше хотелось как можно скорее отправиться в путь на поиски прародины. Но для начала следовало определить территорию поисков, а для этого было необходимо обратиться к остаткам кунской письменности, да и высшее образование молодому человеку не помешало бы. Однако, будучи потомком известного аристократического рода Мандоки, ведущего своё происхождение от кыпчакских феодалов, Иштван был лишён в социалистической Венгрии элементарных гражданских прав. Получить образование Конгур смог только благодаря заступничеству своего всемирно известного земляка, также этнического куна Дьюлы (Юлиуса) Немета. От него же Конгур впервые услышал о таинственной стране Дагестан, где живёт народ очень похожий на кунов – кумыки. Но откуда об этом знал сам Немец? К сожалению, пока в Дагестане имя этого всемирно известного ученого знают немногие, а ведь Дьюла Немец явился подлинным первооткрывателем Дагестана для венгров и всей Центральной Европы. Ещё в 1913 г. он

побывал в Дагестанской области с научными целями, изучая язык и литературу кумыков. Результаты своих исследований он издал в Мюнхене на языке оригинала и в переводе на немецкий язык. В этих работах им были опубликованы произведения фольклора, Ыырчи Казака, Магомед-эфенди Османова, Битева из Какашуры и сотни старинных кумыкских пословиц. Все они включены Бадрутдином Магомедовым в свою книгу, отчего она приобретает не только художественную, но и особую научную значимость.

В 1240 г. монгольский хан Менгу (двоюродный брат Бату) взял в плен вождя кыпчакского сопротивления удалого Бачмана Альбури и, потребовав от него встать на колени, услышал в ответ: «Я – князь своего народа, пристало ли мне молить о жизни столь недостойным образом? И ведь я не верблюд, чтобы опускаться перед тобой на колени!».

Долг правителя – беречь свою землю и свой народ. Котен-Хан, видя гибель своего союзника, решил: если не возможно спасти родную землю от завоевания, то спасти свой народ хотя бы от монгольского рабства. Собрали куны свои юрты, и пошли в поход на Запад, подальше от грозных завоевателей. Дальнейшей судьбе кунов, тепло встреченных венгерским королём Бэлой, посвящена поэма Бадрутдина Магомедова «Венгерский король и куманский хан».

Лично я убеждён, что Конгур не случайно принял решение писать книгу о куманах совместно не с учёными лингвистами и историками, а именно с поэтом. Он знал, что только на мёртвых языках не пишут стихов и не поют песен. И лишь такой человек как Бадрутдин, умеющий не только слагать стихи, но и владеющий древним талантом петь их, аккомпанируя себе на агач-комузе, мог воскресить мёртвый язык предков. Он нуждался не просто в поэте, но в человеке, напоминающем образ средневекового кыпчакского барда – йырчи.

Несмотря на преждевременную смерть цель венгерского учёного, пусть пока и не полностью, всё-таки осуществилась, стихи Бадрутдина были опубликованы в Венгрии отдельной книгой в переводе Лайоша Кёрменди. И вот, наконец, вышла эта книга.

В «Оборванное стремя» включены также осуществлённые Бадрутдином Магомедовым переводы стихов национального героя Венгрии Шандора Петефи.

Книга Бадрутдина Магомедова это не только письменный памятник другу, но и своеобразная энциклопедия дагестанско-венгерских отношений. Прочитав «Оборванное стремя», я попытался определить, в рамках какого жанра написана книга, слишком уж разнообразно её содержание. В книгу вошли автобиография самого

Иштвана Конгура, его интервью, воспоминания его друзей, путевые заметки, стихи автора о нём и о героях венгерской и кыпчакской истории, тексты Немета, переводы стихов Петефи, переписка дагестанского поэта с учёным, а затем с друзьями уже покойного Конгура. Я тщетно перебирал в уме все знакомые мне образцы мировой классики, пока не вспомнил о замечательной по своей полноте и многогранности автобиографии среднеазиатского правителя, полководца, поэта и учёного Мухаммеда Захиреддина Бабура «Бабур-Наме». В этой книге основатель Империи Великих Моголов, скромно умалчивая о себе, восторженно описывал увиденные страны, слагал стихи о мудрости своего старшего современника поэта Алишера Навои и о красоте окружающего мира, грустил о мужестве и доблести своих умерших друзей и соратников, рядом с которыми смерть он считал «пиршеством» для себя. На востоке вообще масштабные произведения было принято называть скромным словом «наме», что с персидского означает «книга». В уме сразу всплывают «Шах-Наме» Фирдоуси, «Искандер-Наме» Низами, дагестанские «Дербент-Наме» и «Анжи-Наме».

Вполне вероятно, если бы Конгур прожил ещё несколько лет, и они с Бадрутдином Магомедовым написали бы задуманную книгу, они могли бы назвать её «Куман-Наме», тем самым подчёркивая эпический размах прошлого общих предков. Но Конгур не дожил до этого. Он умер в расцвете сил в 48 лет, 22 августа 1992 г. Умер на всём скаку, как воин.

Значительное место в книге занимает описание последних дней Конгура. В это время он находился в Дагестане. Совершенно не догадываясь о своей скорой кончине, он много шутил, размышлял вслух, делился собственным мнением о ситуации в стремительно меняющемся мире. Так, например, накануне своего последнего дня, находясь в селении Атланаул, венгерский учёный назвал его своей второй родиной, так как его собственным тюркским именем было Атлан. Сетую на тяжелую судьбу собственного народа, учёный говорил: «Нас лентяи погубили, у ленивого человека нет родины». Свою точку на дальнейшее развитие мировой экономики он выразил предельно коротко и ясно: «Время Америки прошло. Вся Европа вместе с Америкой работают на Японию, Корею, Китай. Впереди возвышение Азии». Правоту Конгура в очередной раз доказала Олимпиада в Пекине, где на китайцев пролился дождь из медалей золота высшей пробы.

Он умер когда, казалось бы, открылись широкие просторы для развития науки, не ограниченной партийными указаниями. Совсем не

вовремя. Очень многое он не успел. Не увидел изданными большинства своих трудов, не увидел маленьких кунов, говорящих на родном языке, и не успел увидеть своего сына Атлана, родившегося вскоре после его смерти. Его жизнь оборвалась, как стремя всадника, мчащегося во весь опор на куманском коне по Великой степи, именно тогда, когда он достиг своей цели, выполнил миссию первооткрывателя. Дальше по этому пути Всевышним было предназначено ступить иным.

Накануне смерти Конгур говорил своему другу Бадрутдину, что дела и труды человеческие бессмертны, ибо они выше самой смерти. Сегодняшний день доказывает правоту его слов.

Умер Конгур, но его святое дело, посеянные им семена дали прекрасные всходы. Современное поколение кунской молодёжи учит в школе историю своего народа по учебным пособиям, написанным на основе его изысканий и открытий. Сегодня куны-куманы ощущают себя самобытным народом. С целью возрождения и пропаганды родной культуры ими создано общественное движение «Барс-Кумания», которое, следуя заветам Иштвана Конгура, старается развивать научно-культурные контакты с соплеменниками кунов на Востоке.

Если 40 лет назад проблемами кунов занимался только один Конгур, то сегодня историей и культурой этого народа занимаются сотни людей во многих странах мира. Продолжает дело своего мужа вдова Иштвана Конгура казашка Онгайша. Она сегодня воспитывает единственного сына Конгура Атлана, и возглавляет «Общество венгерско-казахской дружбы».

Дело Конгура продолжают его ученики: учёный Имре Башки, работник музея Юлия Барта, поэт и переводчик Лайош Кёрменди, фотограф-этнограф Михай Бенке, автор книги о казахском племени маджар, выпускник Будапештского университета казахский историк Бабакумар Хинаят.

На Алтае, в Казахстане и в Карцаге давно стали уже традицией мероприятия, посвящённые памяти Иштвана Конгура Мандоки.

Автор, сам того не предвидя, сделал свою книгу памятником людям, которым по-настоящему была не безразлична судьба Дагестана. Среди них особо хотелось бы отметить Абдуразака Мардановича Мирзабекова, всемерно старавшегося наладить культурные и экономические отношения между Дагестаном и остальными регионами мира. Именно благодаря его поддержке состоялась поездка Бадрутдина на Родину Конгура по приглашению его близких друзей. Большую заинтересованность в развитии

дагестанско-венгерских отношений проявлял Расул Гамзатов. В 1998 г. в письме к председателю Союза писателей Венгрии Йожефу Торнаю он писал о том, что, возвратившись из своего первого путешествия из Венгрии Бадрутдин Магомедов «привёз бесценный материал, который диктует необходимость связи в сфере культуры, истории и этнографии двух народов с общими корнями духовного наследия». Характерно, что в своём письме Р. Гамзатов называл кунов «венгерскими кумыками», тем самым подчёркивая их не только духовную, но и кровную близость с Дагестаном.



ҚОҢЫР ӘНГІМЕ

(Мандоки Қоңырдың жары Айша Максұмқызымен сұхбат)¹

Мажарстанда қызмет еткен үш жылда атақты түрколог Мандоки Қоңыр Иштванның жары Айша әпкемізбен бірнеше рет кездесіп қысқаша тілдескенім болмаса, кең әңгімелесудің реті келмей еді. Ғалым ағамыздың қазақ даласынан Еуропаның орталығына алып кеткен қазақ қызы туралы интервью дайындау көкейімде жүретін. Мен алдын ала телефон шалып, кездесіп, әңгімелессек деп өтініш білдірдім. Айша әпкем құп алып, «Геллерт» қонақ үйінің дәмханасында кездесуге келістік. Мен сәл ерте жеттім. Айша еуропалық дәлдікпен тура уәделескен уақытта келді. Дәмхананың тыныш жеріне жайғасып, сұхбатымызды бастадық.

Ғалымның ғылыми мұрасын көзінің қарашығындай сақтап отырған Айша ханым екендігін білгендіктен алғашқы сұрағым Қоңырдың ғылыми мұраларының қазіргі жай-күйі, тағдыры туралы болды. Айша бұл сұраққа өзінің Қоңыр және Мажарстан қыпшақтары жайлы жазып жатқан кітабында жауап беретінін айтты. Осыдан кейін қойылатын сұрақтардың дені Айшаның ыңғайына байланысты ғана қойылып, әпкеміздің ырқына көшті.

– Алдымен өзіңіз, мамандығыңыз туралы айтсаңыз.

– Менің мамандығым қазақ мектебіндегі орыс тілі мен әдебиеті. Қазақстан Ғылым академиясының Мәскеу филиалында жұмыс істегенмін. Мажарстан экономикалық университетінің дипломатия факультетін бітірдім. Қазір «Барыс» қазақ-мажар қорында Мандоки Қоңыр Иштван мұрасын қорғаушы ретінде қызмет атқарамын.

– Ақселеу Сейдімбеков ағамыздың «Қоңыр қорын құру керек» деген сөзін естіп едім. Осы жөнінде не айтасыз?

– Ақселеу Сейдімбеков – Қоңырдың жүрегіне жақын, адал достарының бірі. Ол кісінің Қоңыр қорын құру жөніндегі ұсынысы болған. Естігенде қуанғаным рас. Бірақ, қолдау таппады.

– Жанашырлық білдірген үлкен адамдар болмады ма?

– Қарғам, Қоңыр қайтқан соң, баламен қалып, есім шықты. Сол кезде, Айша, халің нешік деп сұраған адам болса, көкірегімде бәрі сайрап тұр ғой, айтар едім. Амал не, қолұшын берер ешкім табылмады. 1995 жылы Қазақстанда болғанымда үкімет адамдарына екі ұсыныспен кірген едім. Жалғыз мен емес, жанымда Нодь Лайош бастаған қыпшақ ағайындар да бар. Бірінші мәселе – Қазақстаннан екі кітапханашы алдырып Қоңырдан қалған материалдарды реттеу

¹ Қазақ әдебиеті. – 2001. – 6-шілде, №27. – 6 б.

жөнінде еді. Екінші мәселе, Қазақстаннан Кунмадарошқа (қыпшақтар мекені) қазақ жастарын тарту еді. Ұлы қыпшақ жерінде орыс гарнизонынан қалған бос жер бар, сонда қазақ жастарын әкеліп, қыпшақтардың салтымен тәрбиелеп оқыту еді мақсатымыз. Сөйтіп Мажарстанда Ұлы қыпшақ орталығын құруға болатын еді. Өкінішке орай, бұл да іске аспады. Ешкімге өкпем жоқ. Елдің қазіргі жағдайы да белгілі.

– Менің Қарсақтағы (Мажарстандағы қала – Р.З.) гимназияда Қазақстан туралы елтану сабақтарын өткізгенім бар еді. Шамның жарығы түбіне түспейді дегендей, гимназистер өздерінің атақты түрколог жерлестері бар екенін білмейді екен. Қоңырды Мажарстанда насихаттау жағы жетіспейтін сияқты.

– Ол сөзің рас. Қоңырды насихаттау жағы шынымен де әлсіз.

– Қоңырдың шәкірттері бар ма?

– Қоңырдың шәкірті деп музыкатанушы Кобзош Киш Тамашты атар едім. Ол – мажар ұлттық музыкасын, түркі музыкасын зерттеуші. Сөзін қыпшақ фольклорынан Қоңыр реконструкциялаған Қыпшақ гимніне музыка жазған. Екінші – Вадь Ласло Лашын – тарихшы. Екеуі әңгімелескенде: «Қоңырдың академиясынан» оқыған аз ғана ғалым қалдық» деп отырады.

– Қоңыр мұраларын жарыққа шығару жағы қалай болуда?

– Қоңыр мұраларын жарыққа шығаруға алғашқы талпынысым сәтсіздікке тап болды. Монғолияда жинаған мақалдарын Қара Дәуіт деген студентіммен мажар тіліне аудардық. Бірақ әлі жарық көрмей отыр.

– Қоңыр ағамызды көре алмағанмен Йожеф Тормамен кездесіп, сұбхаттасқан едім. Сөзін Қоңырсыз бастамайтын еді.

– Ия, оның рас. Жүсіп ағамыз қатты сырқаттанып жатқанда, ауруханаға жиі барып халін біліп тұрдым. Соңғы уақытта, ауру қатты қысып, есі бірде бар, бірде жоқ боп жатты. Сол кезде үлкен баласы: «Атың кім десе, біресе Мандоки Иштван, біресе Қоңыр Торма деп жауап береді» – деп айтады. Көзі жұмылғанша өзінің атын Қоңырмен бірге атап өтті ғой дүниеден марқұм. Жұма күндері жеті нан пісіргенде Қоңырдың атын атаушы едім. Бірде түсіме марқұм Йожеф Торма кіріп: «Айша, мені ұмытып жүрсің. Менің атымды неге атамайсың? – дегені. Содан бері жеті нан құдайы атағанда Қоңыр мен Йожеф Торманың атын қатар атаймын.

– Қоңыр ағамыздың орындалмаған арманы бар ма?

– Көп қой, шырағым. Кейде қиял құшып отырып: «Жасым елуге келгенде, біз Қазақстанда тұрамыз. Атқа мініп, елде жүрем. Сен, Айша, қымыз сапырып үйде отырасың, мен еңбектерімді бұрқыратып

бірінен кейін бірін бастыра берем», – дейтін. Елуге жетпей өмірден кетті ғой.

– *Ғалым ағамыздың қасиеттері, мінез ерекшелігі туралы әңгімелесеңіз.*

– Қоңыр баладай қуанып, баладай реңжитін. Біреуден көңілі қалса ол адамға қайта жібімейтін. Мінезі болаттай морт, тік еді. Өзіне де, өзгелерге де сыны қатал еді. Қолы да, көңілі де қазақтың баласындай ашық еді. Қазақтың салтын терең білетін. Алғаш рет Қазақстанға, менің төркініме, Атырауға Олжас Сүлейменовтің көмегімен келдік. Атырауға келіп, үйге түстік. Туғандар: «Жоғары шық, күйеубала», – деп төр ұсынды. Қоңыр: «Жоқ, менің орным төр емес, босағадағы тулақта. Күйеубаланы тулаққа отырғызған, тулақ қайда?» – дегенде, жұрт оның әдет-ғұрыпты мұнша жақсы білетініне таңқалған. Әрине, Қоңырды бәрібір төрге отырғызды. Қоңыр қазақтың салтын, мәдениетін қазақтан артық білетін. Маған қазақ даласында, қазақтың киіз үйінде өскен, қазақы тәрбие көрген қыз екенімді біліп, көңіл қосты. Мен сол қазақтығымды Еуропада отырсам да ұмытқан жоқпын. Қоңыр қазақ үйінде отырғандай, қазақтың ою-сырмағында отырып қазақша тамақ ішті. Тек қазақша сөйлейтінбіз. Ұлым Атлан (*Аттан дегенді білдіреді*) да қазақша сөйлейді. Қазақ дәстүрін үлкен кісідей біледі. Мен оны кішкентай этнограф деп еркелетемін.

– *Қоңыр аға екеулеріңіз қалай таныстыңыздар?*

– 1978 жылы Қазақстан Ғылым академиясының Мәскеу филиалында жұмыс істеп жүргенмін. Әлия деген құрбымның үйлену тойы болды. Жігітке көз сала бермейтін, ұл мінезді қыз едім. Дегенмен, жасым келді ғой, тұрмыс құруға лайық жігіт кездесе жөн деп жүруші едім. Тойда ондай жігіт көрінбейді. Кенет бір жігітке сөз берілді. Асаба Мажарстаннан келген бауырымыз деп таныстырды. Қазақша сөйлегенде, таңқалдым. Үзілісте мені биге шақырды. «Руың кім, Адай емессің бе?» – деп сұрады. «Иә, Адаймын, оны қайдан білдіңіз?» – дедім таңқалып. Бір аптадан соң сөз айтты: Мен: «Мен Сізді әлі білмеймін ғой, оның үстіне мен сізге ыңғай да танытпадым... Мұнының қалай?» – деп келте қайырдым. Сөйтіп ол Мажарстанға кетті. Сол жақтан хат жазып тұрды. Үшінші жазған хатына жауап қайырдым. 1980 жылы 15 наурызда, Мажарстан тәуелсіздігі күнінде некелесіп, 1981 жылы Қоңырдың қыпшақ ауылында тойымыз болды. Қоңыр қайтыс болған соң, ағайын-туғандары жиылып: «Қоңырдың артын алты жыл күттің. Қоңырдың орнының бізге де бөлек екенін түсін. Саған да, балаға да онай емес. Қоңырдың үш ағайынының біреуімен тұрмыс құрсаң деп ойлаймыз», – деген сөзді айтты. Мен

түрі де, мінез-құлығы да Қоңырға ұқсас осы Лашын деген бауырын, жоғарыда айтқан Вадь Ласлоны тандадым.

– *Қыпшақтар әмеңгерлік салтты сақтаған екен ғой.*

Иә. Лашын екеумізге елдің үлкендері бата берді. Жүсіп Торма да біліп, батасын беріп кеткен. Лашын да ғылымнан алыс емес, қазақтың салтын, мәдениетін біледі. Қоңырдың орны бөлек қой, әрине. Лашын екеуміз үлкендердің батасын алуға Қазақстанға баратын жолы ұшақ төрт күн қатарынан ұшпай қойды. Сосын балам Атлан: «Шеше, сен жеті нан жасаған жоқсың, сосын ұша алмай жатырмыз» – дегені. Жеті нан жасадым, сосын ұшып кеттік. Сол жолы мені Қоңыр жібергісі келмеді, мені қимағаны деп ойлаймын.

– *Айша әпке, Сіздің жөніңіз бір басқа. Сіз ұлты – мажар, қаны қыпшақ, жаны қазақ жігітке тұрмысқа шықтыңыз. Ал мажарға шыққан қазақ қыздары туралы не айтасыз?*

– Оның рас. Қазақ қыздары көбінесе «Теңіз» мұнай компаниясында жұмыс істейтін мажарларға шығып келіп жатыр.... Олар қазақтығын жоғалтпаса екен деймін.

– *Айша әпке, әңгімеңізге рахмет!*



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ**



**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

2005 жылғы 5 шілде
№ 690
№ _____ данасы

От « _____ » _____ 200 года
№ _____
экз. № _____

**Қазақстан Республикасының білім беру, мәдениет және спорт
ұйымдарын атау мен қайта атау туралы**

«Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 1-қосымшаға сәйкес білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарына белгілі қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың, жазушылардың, ақындардың, суретшілердің, педагогтардың есімдері берілсін.
2. 2-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдары қайта аталсын.
3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Д. Ахметов

**Белгілі қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың,
жазушылардың, ақындардың, суретшілердің,
педагогтардың есімдері берілген білім беру,
мәдениет және спорт ұйымдарының
ТІЗБЕСІ**

Алматы облысы бойынша

Алакөл ауданының Үшарал қаласындағы Үшарал орта мектебіне – педагог Мұхаметбай Мыңбайұлының есімі;

Атырау облысы бойынша

облыстық көркемсурет және қолданбалы сәндік өнер мұражайына – суретші Шәймардан Сариевтің есімі;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Семей қаласының “Жас ұлан” ерлер лицейіне – ағартушы-ғалым, этнограф Шоқан Уәлихановтың есімі;

Ұлан ауданы Молодежный кентінің жалпы білім беретін қазақ орта мектебіне – Алашорда қозғалысы жетекшілерінің бірі Райымжан Мәрсековтің есімі;

Алматы қаласы бойынша

Алматы қаласы “Ақбұлақ” шағын ауданының №154 орта мектебіне – белгілі түрколог, профессор Иштван Қоңыр Мандокидің есімі;

Астана қаласы бойынша

мемлекеттік тілді тереңдетіп оқытатын мамандандырылған № 7 мектепке – ақын Ғали Ормановтың есімі;

№ 40 орта мектепке – академик Әлкей Марғұланның есімі.



2000 жылғы 03 наурыз
№ 227

Ш Е Ш І М
Р Е Ш Е Н И Е

03. март 2000 г.
№ 227

**Иштван Қоңырды
есте қалдыру туралы**

Әлемге белгілі ғалым, түрколог және ірі қоғам қайраткері
Иштван Қоңырды мәңгі есте қалдыру мақсатында Алматы қаласының
Әкімі

Ш Е Ш І М Қ А Б Ы Л Д А Д Ы:

1. Красный партизан көшесі (2100 м., Медеу ауданы) Иштван
Қоңыр көшесі болып аталсын.

2. Алматы қаласының жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы
(Э.Керімшесев) Иштван Қоңыр көшесінің жаңа есім көрсеткіштерін
және үйлердің рет сандарын жасап, орнатсын.

Иштван Қоңыр көшесі көрсеткіштерінің жасалуы мен
орнатылуы қалалық қаржы басқармасының (Қ.Төжібаев) қаржысы
есебінен жүзеге асырылсын.

3. Медеу ауданының әкімі (В.Васильев) осы шешімді тиісті
орындарға жеткізсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Тіл басқармасының
бастығы Ж.Нәлібаевқа жүктелсін.

В. ХРАПУНОВ



ТҮЙІН СӨЗ

Қоңыр, бұл қазақ түсінігінде ауқымы кең философиялық ұғым, эргологиялық аспект. Ал, Қоңыр Мандоки да қазақ рухани өмірінде 1970 ж. соңы – 1980 жж. бас кезінен бастап соны құбылысқа айналған қасиетті есім. Атына заты сай, Қоңыр десе қоңыр күш, сергек ой, білігі асқақ, тың мұраттарға дем берген тұлға еді, қазақтар оны туған ұлындай көрді, тез бауыр басып кетті.

Тарих сергелдеңінде ажырап қалып, Еуропадан қоныс тепкен шығыстық жұрт – мадиярлардан қоныс тапқан қыпшақ бабаларының туыскандарды аңсаған арманын жеті жарым ғасыр өтсе де қайта жалғап, боздаған ботадай аңсап келіп, алты Алаштан пана табуы – Қоңырдың тарихи ерлігі болып қалды. Яғни, ата-баба аманатын орындау жолында өзінің бар саналы ғұмырын сарп етті. Тіптен осы мақсатқа жету барысында өз өмірін құрбан етті деп айтуға болады. Расында да жерлестері өмірден қапыда аттанған Қоңыр туралы «құмандардың құрбандығы» деп бағалауы соның айғағы еді.

Қоңыр аға отасқан қазақ қызы Оңайшаның жерлесі ақын М.Сатыбалдиевтің «Өмірден бір мықтап кайтса деп жүрмін бір есем...» деп келетін жыр жолдарын оқта-текте қайталап отыратын. Бұл оның өмірлік кредосы іспетті еді. Мадияр халқына сіңісіп кетсе де өзінің қыпшақтық болмысының сорабы мен солғын іздерін сақтап қалған құман-қыпшақтың тілін, ділін, болмысын жаңғырту жолында көп іс тындырды, үлкен жоспарларды өмірге әкелді.

1965 жылдан өмірден озғанға дейін (ол сапар барысында Дағыстанда Макачкалада үзілді) шығыс Еуропада Балқаннан бастап, Орта, Кіші, Кіндік Азия, Орал, Алтай, Памир, Орхон бойына дейін жүріп өткен кең аумақта Қоңыр дүйім жұртқа тарих қойнауынан келген «уақыт машинасы» іспетті әсер қалдырды. Мыңдаған жандарға ой салды, арманына қанат бітірді, қысқасы сол аумақта Қоңырдың ізі қалды.

Өмірі бір өнеге іспетті Қоңыр 1972 жылдан қазақ тілімен дендеп шұғылданды. 1974 ж. Моңғолиядағы қазақтар арасына барды, ондағы Мұзтауға шығып, досы Едігенің әкесі Төлетеі қажыға «көкілташ» рәсімімен тонды бала болды. Тау мен тасты кезіп, көне түркі балбалдарымен жылап қауышты (ол туралы жинақта Торма Йожеф мақаласында баяндалады).

Бүкіләлемді қамтыған саяси тоқырау, үлкен өзгерістер кезінде Қоңыр мемлекеттік қызмет, дипломатиялық мансапты місе тұтпады, ғылымға адал болды. Керісінше жүріп-тұруды жиілетті. Сондай бір сапары барысында 1991ж. («Арай» журналы, №1) жұбайы Айшаның

сұқбатында («Азия» апталығы, 1992. №9) «Тумақ бар да өлмек бар. Көз жұма қалсақ сүйегіміз ата-баба жеріне қойылса деп тілейді Иштван» дегені білгендей, сезгендей. Өйткені досы ақын Көрменді жырлағандай «тіспен туған Қоңыр бақсы» сәуегей, заманынан озып туған кемеңгер еді. 1992 жылы көз жұмған Қоңырды өз аманаты бойынша Алматыдағы Кеңсай бауырайына қазақ, түркі зиялылары, әсіресе тіл, тарих, әдебиет зерттеуші ғұламалар қатты қайғыра, күңіріне жоқтап, арулап соңғы сапарға шығарып салды.

Өзінің шолақтау ғұмыр кешкендігіне қарамай сөз жоқ, Қоңыр аға бақытты жандардың бірі. «Бақыттысың бақыт іздеп сорласаң, бақытты боп сорлап жүрсен масқара» деп Мұқағали ақын жырлағандай ол іздену, күресу, үлкен мұратқа ниеттестерін бағыттай алған, өмірімен де, қазасымен де мифологиялық заңғарға көтеріле білген тұлға болып біздің жадымызда қалды.

Мадиярлар мен басқа түркі халықтары Қоңырды есте қалдыру мен мұрасын игеруге ерекше мән береді: жерлестері Карцагтықтар мен қырғыздар Қоңырдың рухына бағышталған шаралар өткізді, бірнеше жинақ арнады, Қоңыр еңбектерін жарыққа шығаруда.

Алайда, біздің елде оның мұрасын игеруден гөрі «жан еді бір өр тұлғалы» деп келетін естеліктермен шектеліп отырған жайымыз бар. Түркі-мадияр халықтарының арасындағы алтын көпір, түркі халықтары арасында аңызды тұлғаға, сүйіспеншіліктің үлгісіне айналған Қоңырдың мұрасын игеру, есте қалдыру шаралары қазақ жерінде аса қарқынды бола қойған жоқ, жүйелі жүрілмеді.

Дегенмен, Қоңыр мұрасын игеруде ең бірінші болып қолдау білдірген белгілі қоғам қайраткері Мұрат Әуезов болды. Ол кісі үкімет адамдарына шықты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің вице-премьері ұлтжанды, үлкен жүректі азамат Иманғали Нұрғалиұлының тікелей қолдауымен істің алға басып, қадамын жайып кеткендігі – үлкен істің бастауы іспетті болды. Көп кешікпей Қазақ Елбасының бастамасымен қолға алынған ғылыми зерттеулерге бөлінген Гранттан Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясы басшылығы (С.Дәукеев) мен Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты (директоры М.Қ. Әбусейтова) қолдауымен Мандоки Қоңырдың мұраларын игеру, аудару ісі алға жылжып, діттеген межеге қарай қарыштады.

Осындай игі шаралар мен ұлтжанды азаматтар мен зиялы қауымның қолдауының арқасында Алматы қаласының көне аудандарының біріндегі ұзындығы 2 шақырымдық көше Қоңыр Иштван (бұрынғы Красный Партизан к.) аты берілді. Сондай-ақ ұлтжанды азамат Ернар Мәсәлімнің жанкештілігінің арқасында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5-шілдедегі №690

Қаулысымен Алматыдағы №154 орта мектепке Қоңырдың есімі берілген. Мектепте «Жаңа сахна» атты оқушылар театры, қазақша КВН жеңімпазы «Қоңыр ұландары» командасы, мұражай-мүйіс және т.б. шаралар Қоңырға арналған іс-насихаттың ұдайы жанашыры. Осындай көңілген медеу егерлік тірліктерге қолдау көрсетуші профессор Ерден Қажыбектің бастамасымен Тіл комитеті тарапынан 2007 жылы желтоқсанда Астанада өткен «Қазақ тілінің тарихы: алтай дәуірі – прототүрік кезеңі – көне түрік ескерткіштері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияны Мандоки Қоңырдың рухына бағыштады.

Қоңырдың мерейлік даталары ескерусіз қалып келеді. Келер 2009 ж. Қоңырдың туғанына 65 жыл толады... Қоңырды есте қалдыру, оның мұраларын игеру барысында елеулі шаралар атқару – барша түркі халықтарына ортақ парыз, соның ішінде ТІКА, TURKSOY сияқты үлкен халықаралық ұйымдарға, қазақ руханиятына үлкен сын болып тұрғаны белгілі. *(Осыған орай атқарылар істердің жобасын жинақтың соңына қосымша бердік).*

Қоңыр отбасы баяғы қазақтың мырзаларындай түсел көп түсетін, барлық кұрлықтан келіп-кетіп жататын қазақ-қыпшақ мәдениетінің кішкене аралы, елшісі іспетті баспанасындағы Қоңырдың 40 мыңдай кітап пен қолжазбадан тұратын бай кітапханасына қолдау көрсетіп, мемориалдық мұражай ашу, Қоңыр еңбектерінің жинағын аудармасымен қоса шығару – ең басты шаралардың бірегейі болмақ.

Қоңырдан тәлім, өнеге алған, мадияр тілін игерген маман ретінде өз басым оның мұраларын игеруді инициативті жұмыс ретінде жүргізіп келемін. Қияметі көп, қым-қуат ауқымды іске жанашырлық көрсетіп қол ұшын ұдайы созып келген жандарға Қоңыр аруағы риза болсын дей отырып, ерекше рахмет айтамыз: олар – көрнекті мемлекет қайраткер, мәдениеттанушы, ұлтжанды азамат Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетов, Қоңырдың достары – академик Болат Көмеков, профессорлар: Ерден Қажыбек, Нұрсан Әлімбай, Көбей Хұсайынов, Нұргелді Уәли, Марат Сембі, Мұрат Әуезов, Мырзатай Жолдасбеков, Саламат Өтемісұлы және басқадай көптеген қазақ зиялылары, Атыраудағы Қоңырдың қайынағасы Машырық Өтеулиев басқаратын «Дариға-М», мадияр-қазақ ынтымақтастығы саласындағы ұдайы қолдаушы Гал Андраш басқаратын «БАРЫС» қоры, меценат Серемлей Хуба, Балатондағы балалар мен жасөспірімдердің «ZANKA» лагерінің жетекшісі Бого Агнеш, Қоңырдың әріптестері марқұм Торма Йожеф, академик Вашари Иштван, доктор Эрдели Иштван, Бирталан Агнеш, Башки Имре, Бенкө Михай, зерттеушілер Шомфай Кара, Кун Петер, Түркиялық профессор Гүнай Караагач,

Ахмет Б.Ержиласун, М.Өнер, Хамди Мерт, дағыстандық Бадрудтин Магомедов, Польшадағы Хенрик Янковски, Қырғызстандық түрколог Кадыралы Конкобаев және т.б. көптеген әріптестер.

Мандоки Қоңыр Иштван Мажарстан түркологиясындағы дәстүрлі салаларының ішінен мажарлардың көне тарихы мен түркі-мадьяр байланыстарын зерттеуінің негізгі нысанасы етіп ұстанған. Қоңырдың ғылыми зерттеулері көне түркі текті көптеген мадьяр сөздерінің этимологиясының түйінін шешті, башқұрт-мадьяр ортақ этнонимі төңірегінде қалыптасқан жаңсақтыққа төрелік айтты, мадьярлар мен құмандардың түркілермен байланыстарын бірнеше қырынан жан-жақты дәлелдей білді. Қоңыр Еуропадағы құман-қыпшақтар мен түркі жұрттары арасындағы тарихи-мәдени байланысты зерттеу мәселесін *сапалық жаңа деңгейге көтере білген бірден-бір ғалым.*

Бұл ғұмырнамалық жинақта Қоңырдың ғылыми, адами, азаматтық келбетіне қатысты әр алуан материалдарды қамти отырып, Ұлы тұлғаның қырларын көрсетуге ниет еттік.

Қоңырдың нағыз ғылыми сүбелі еңбектерінің аудармасын ғылыми комментарийлерімен қоса шығару, естеліктер құрастыру сияқты үлкен істер алдағы күннің еншісінде өз кезегін күтуде (ол төменде қосымша ретінде берілді).

Қоңыр мұрасын зерттеуші

Бабақұмар ХИНАЯТ



МАНДОКИ ҚОҢЫР ИШТВАННЫҢ МҰРАСЫН ИГЕРУ ЖӘНЕ ЕСТЕ ҚАЛДЫРУҒА АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАРДЫҢ

Ж О Б А С Ы

1. Мандоки Қоңыр Иштванның 2009 жылы 65 жасқа толу қарсаңында **ТІКА** мен **TURKSOY** бірлескен арнайы **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОМИССИЯСЫН** құру; құрамына марқұмның өзімен тығыз байланыста болған ғылым, өнер, мәдениет саласының қайраткерлерінен тұратын ақылдастар алқасын және ұйымдастыру тобын құру;
2. Мандоки Қоңыр мұраларын игеруге қатысты жобаны талқылай отырып. халықаралық **ҚОҢЫР ҚОРЫН** ұйымдастыру (құрамына ықпалды ғылым, қоғам қайраткерлері енеді);
3. Мандоки Қоңырмен ғылыми, рухани қарым қатынаста болған алыс, жақын шетелдік ғылым, өнер, мәдениет саласының қайраткерлерімен байланыс орнату, ақпарат беру, Қоңыр мұраларына арналған халықаралық **I «ҚОҢЫР ОҚУЛАРЫ»** конференциясына шақыру (2009 жылдың ақпаны немесе күзі, 10-ақпан Қоңырдың туған күні, 22-тамыз Қоңырдың қайтыс болған күніне орайластыру);
4. Түркі дүниесі өнер адамдары ортасында Алматы іргесіндегі **Кенсайдағы ҚОҢЫР ЗИРАТЫНЫҢ БАСЫНА КЕСЕНЕ, ЕСКЕРТКІШ ОРНАТУҒА АРНАЛҒАН** жобалар бәйгесін жариялау;
5. Дунайдан – Орхонға дейін **«ҚОҢЫР ЖОЛЫ» ҒЫЛЫМИ ЭКСПЕДИЦИЯСЫН** ұйымдастыру: Мажарстан – Балқан – Кіші Азия – Кавказ – Түркіменстан – Өзбекстан – Қазақстан – Қырғызстан – Кіндік Азия – Монғолия бағытымен.
6. Қоңырдың қалған мол мұраларын реттеу; болашақ Қоңыр кітапханасының негізін қалау. Мұнда:
 - а) Марқұм Қоңырдың Будапешттегі кітапхана, мұраларын дұрыс сақтау, мұрағаттап, жүйелеу және қауіп-қатерден, бүлінуден сақтандыру мақсатымен оның қолжазба, сирек жәдігерлерінің көшірме нұсқасын жасап, ҚР Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасына өткізу ісін жүзеге асыру;
 - ә) Марқұмның қолжазбаларын реттеп мұрағаттау (архивациялау), көшіріп көбейтіп, сақтауға және жариялауға дайындау. Сол арқылы зерттеу мүмкіндігіне кең жол ашу;
 - б) Қоңырдың жеке мүліктері мен заттарын реттеп, ерекше тізімге алу. Марқұмның жеке кітаптарын әр тілдік және тақырыптық жүйеге келтіріп тізімге алу, мөр басу;

7. Мажарстан Үкіметі, Мажар Ғылым Академиясы, Будапешттегі Мемлекеттік университет, Мажарстандағы қыпшақтар тұратын Куншаг өлкесіндегі Қоңырдың туған қаласы Карцагтағы Мандоки әулетінің байырғы иелігі – Қоңырдың үйіне музей-кітапхана жабдықтауды ұсыныс ету.

8. Қоңыр мұраларын игеру мәселесін жүйелі, кешенді түрде жүргізу:

Қоңырдың жинақтаған түркі халықтарының ауыз әдебиет үлгілері мен этнографиясы туралы деректерін топтап, жинақ етіп бастыру;

1965 жылдан Румыния, Бұлгариядағы Добружа, Дели орман өңірінде тұратын түркі текті жұрттар арасында жүргізген тілдік-этнографиялық-фольклорлық экспедициялық зерттеу нәтижесінде 40 мыңдай сөзден тұратын диалектологиялық сөздікті баспадан шығару;

Қоңырдың ғылыми еңбектерінің және ғылыми-көпшілік еңбектерінің толық жинағын жеке-жеке шығару;

Қоңырдың ғылыми еңбектерін аударып, ғылыми комментарийлерімен қоса отырып, жеке жинақ етіп шығару. Қоңырдың еңбегінің ғылыми маңыздылығын ескере отырып, Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасына енгізу жолдарын құрастыру.

Қоңыр қолжазбаларымен жұмыс жасау және еңбектерін аударумен айналысу үшін арнайы бағдарлама мен шетелдік ғылыми мекемелермен, атап айтқанда Қоңыр өзі қызмет атқарған Будапешт Мемлекеттік университеті мен Мажарстан ғылым академиясының алтаистика орталығымен бірлесіп жұмыс жасауға қол жеткізу, келісім – шарт жасасу.

9. Қоңырды еске қалдыру шараларын жалғастыру:

Түркі республикаларының бас қалаларындағы бір көшесіне Қоңыр есімін беру;

Алматыдағы Қоңыр атына берілген көшеге оның бюст ескерткіш тақтасын орнату;

Атырау облысы Құлсары ауданының Теңіз кенішіндегі венгр мұнайшыларының ауылына Қоңыр атын беру);

ҚР жоғарғы оқу орындарының студенттері мен жас филолог, этнографтарға арнап Қоңыр атындағы стипендия тағайындау;

ҚОСЫМШАЛАР

(Библиография)

МАНДОКИ ҚОҢЫР ШТУАННЫҢ :

- **ӨМІРІ** мен еңбектері туралы әдебиеттер.
- **ЕҢБЕКТЕРІНІҢ** хронологиялық көрсеткіші (материалдар хронологиялық ретпен жүйеге келтірілген: әр жыл деңгейінде – әліпби бойынша).
- **ЕҢБЕКТЕРІНІҢ** әліпбилік көрсеткіші (сілтемелер хронологиялық көрсеткіштегі жұмыстардың рет саны бойынша берілген).
- **АТАУЛАР** көрсеткіші (сілтемелерде көрсетілген атаулардың беттері берілген)

ҚОҢЫР ИШТВАН МАНДОКИДІҢ ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР

1. АБЛАЕВА А. ИМАНБЕКОВА Қ. Қазақтың Қоңыры // Қазақ және әлем әдебиеті. – 2004. – №2–3. – 42–43 б.
2. АУПБАЕВ Ж. Төркіні терең туыстық: [Венгрия Ғылым академиясы жанындағы тунгус-монгол тілдерін зерттейтін алтаистика институтының түркологы М.К. Иштван туралы] // Лениншіл жас. – 1979. – 19 янв.
3. АУПБАЕВ Ж.Ә. Сіз бен біз туысқанбыз // Мынау ғажап дүние. – Алматы: Жалын, 1984. – 70-77 б.
4. АУПБАЕВ Ж.Ә. Иштван Қоңыр // Автограф. Эсселер. – Астана: Елорда, 2005. – 35-41 б.
5. ӘБЕНОВА Л.Д. Қазақ пен мажарға ортақ ұлы ғалым // Кітапхана. – 2008. – №2. – 32–34 б.
6. БАЙТҰРСЫН Дәулетбек. Ортағасырдан келген емші секілді еді Суретші, мүсінші С.Өтемісұлымен осы Қоңыр туралы сұқбат // Әдебиет айдыны. – 2000. – 19 қант., № 02 (48) – 9 б.
7. БАКИРОВ А. Қайран, Қонур! // Қазыбаев П. Мажарстан маржандары (Илимий-популярдык басылма). – Бишкек, 2005. – 40–45 б.
8. БЕКТУРУШ Табалды Тегин. Асилим, Ада богон Қоңур акам // Қазыбаев П. Мажарстан маржандары (Илимий-популярдык басылма). – Бишкек, 2005. – 38–40 б.; Ош жаңырығы. – 1992. – 8 окт.
9. БЕНЦЕ Иштван. Мажарлар мен құмандар жайлы аз сөз // Шетелдегі қандастардың мәселесі. Қоғам қайраткері, қаламгер Қ. Найманбаевтың 60 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалы. Алматы, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы. 2004.
10. ВАД Ласло Лашин. Иштван Мандоки Қоңыр мұралары және оның зерттелуі // «Қазақ тілінің тарихы: алтай дәуірі – прототүрк кезеңі – көне түрік ескерткіштері» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конф. Материалдары. Астана, 2007. – 29 қараша – 2 желтоқсан.
11. ВАШАРИ Иштван. Достық көңілі: [Түркітанушы Иштван Мандоки Қоңырдың 60 жылдығына 2004 жылы 12 ақпанда Будапешт қаласында Өтвеш Лоранд университетінде аталып өтті] // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 25 маусым – 1 шілде.
12. ҒАЛЫМБЕКҰЛЫ Ғанибет. Қоңыр Мандоки – ұлы тұлға // Ұлан. – 2007. – 25 желтоқсан, №52.
13. ГӨНЦ Арпад. Белгісіз мажар бейнесі (Венгрия Президенті, қоғам қайратері, драматург-жазушы Гөнц Арпадтың драмалары мен эссе, новеллалары). – Алматы: Еуразия қоры, 1997. – 222 б. (Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың алғы сөзімен) қазақ тіліне аударғандар: М.Айша, М. Малбақов және Б.Қинаятұлы.
14. ДАУТ Шомфан Қара. Ой-мақсаты улуу эле // Қазыбаев П. Мажарстан маржандары (Илимий-популярдык басылма). – Бишкек, 2005. – 46–48 б.; Заман Кыргызстан. – 2002. – 1 март.
15. ЖУСУПОВ К. Қоңыр Мандоки және кыргыз рухының жандануы // «Қазақ тілінің тарихы: алтай дәуірі – прототүрк кезеңі – көне түркі ескерткіштері» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конф. Материалдары. Астана, 2007. – 29 қараша – 2 желтоқсан.

16. ИМАНБЕКҚЫЗЫ Қ. Ата-жұртын асқақтатқан Иштван [Қоңыр Мандоки: Түркологтың шығармашылық мұрасын игеру, өзін есте қалдырудың қажеттігі] // Түркістан. – 2001. – №8 (346), 23 ақпан – 1 наурыз.
17. ИСМАҒҰЛОВ О. Еуразия түріктерінің бағзы тарихы туралы // «Қазақ тілінің тарихы: алтай дәуірі – прототүрк кезеңі – көне түркі ескерткіштері» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конф. Материалдары. Астана, 29 қараша – 2 желтоқсан.
18. ИШТВАН Қоңыр Мандоки: [Түрколог – ғалым: Будапешт университетінің профессоры. 1945–1992] // Егеменді Қазақстан. – 1992. – 29 тамыз; Жас алаш. – 1992 – 1 қыркүйек. (Қазанама-Некролог: М.Жолдасбеков, Ж.Әбділдин, М.Қозыбаев, М.Әуезов, О.Сүлейменов, М.Шаханов, Ә.Қайдаров, Р.Сыздықов, С.Қирабаев, Б.Көмеков, Ф.Оңғарсынова, А.Сейдімбеков, Ө.Күмісбаев, Е.Қажыбеков, С.Өтемісов, М.Сенбин, Ә.Кекілбаев).
19. КАЗЫБАЕВ П. Мажарстан маржандары // Казыбаев П. Мажарстан маржандары (Илимий-популярдык басылма). – Бишкек, 2005. – 59–80 б.
20. КАРАТАЕВ О. Сиздерде Батыштын таасири экен // Казыбаев П. Мажарстан маржандары (Илимий-популярдык басылма). – Бишкек, 2005. – 36–38 б.; Фрунзе шамы. – 1990. – 28 сент.
21. ҚАБИҚЫЗЫ Ұркия. Атажұртына асыққан еді... (Қоңырдың жеңгесі, жерлесі және жарымен сұхбат) // Азия. – 1994. – қырк.
22. ҚИНАЯТҰЛЫ Б. Қоңыр аға // Ана тілі. – 1993. – 7 қазан, №40. – 4 б.
23. ҚИНАЯТҰЛЫ Б. Ошақ басындағы әңгіме (Мажарстандағы қыпшақтардың әзілдері туралы) // Ана тілі. – 1993. – 11 қараша. – 4 б. (Қоңыр кітапханасынан.).
24. ҚИНАЯТҰЛЫ Б. Болашақтың ісі // Шалқар. – 1994. – қаңтар. 5-б.
25. ҚИНАЯТҰЛЫ Б. Қоңыр дала, Қоңыр ұл (Иштван Қоңырдың туғанына 50 жыл.) // Азия. – 1994. – мамыр, №20 (100).
26. ҚОЖАБЕКҰЛЫ БАЙҰЗАҚ АЛБАНИ. Таң ағарып атты. Будапешт. Мажарстан Мандоку Қоңырға. Эссе // Ақиқат. – 1990. – 15-31 тамыз, №2 – 4-5 б.
27. ҚОЖАБЕКҰЛЫ БАЙҰЗАҚ АЛБАНИ. Қазақия. Роман-эссе. Алматы: Ататек, 1997.
28. ҚОҢЫР әңгіме: [Атақты түрколог Мандоки Қоңыр Иштванның жары Айшамен сұхбат. Әңгімелескен Р. Заханқызы] // Қазақ әдебиеті. – 2001. – №27, 6 шілде. – 6 б.
29. МАЖАРСТАН таасирлері // Казыбаев П. Мажарстан маржандары (Илимий-популярдык басылма). – Бишкек, 2005. – 49 – 57 б.
30. МАГОМЕДОВ Б.М. Узьюлген озенги (Оборванное стремя). – Махачкала, 2008.
31. МАНДОКИ Айша Мақсұмқызы. Қоңыр Мандоки өміріне түріктану саласындағы кейбір тылсымдары // «Қазақ тілінің тарихы: алтай дәуірі – прототүрк кезеңі – көне түркі ескерткіштері» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конф. Материалдары. Астана, 2007. – 29 қараша – 2 желтоқсан.
32. МӘСӘЛІМ Е. Қоңыр казакқа қажет // Қазақ әдебиеті. – 2005. – 18 наурыз, №11. – 14 б.
33. МӘСӘЛІМ Е. Осы жұрт Мандокиді біле ме экен? // Дала мен қала. – 2005. – 13 мамыр, №19. – 12 б.
34. МӘСӘЛІМ Е. Балатонға барар жол // Президент және халық. – 2006. – 24 сәуір, №16. – 7 б.; Алдаспан журналы. – 2006. – №5.
35. МӘСӘЛІМ Е. Қазақта Иштванды кім білмейді?! // Президент және халық. – 2006. – 10 ақпан, №6. – 4 б.

36. МӘСӘЛІМ Е. Қоңырдың мұрасын игеру туралы // «Қазақ тілінің тарихы: алтай дәуірі – прототүрк кезені – көне түркі ескерткіштері» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конф. Материалдары. Астана, 2007. – 29 қараша – 2 желтоқсан.
37. МӘСӘЛІМ Е. Меңзей қор Балатонға барар жолды // Қазақстан Заман. – 2006. – 31 наурыз, №44 (577); 7 сәуір, №45 (578). – 1, 5 б.
38. МӘСӘЛІМ Е. О, аруақ! Меңзей Балатонға барар жолды! (Эссе) // Қазақ және әлем әдебиеті. – 2006. – №6 (18). – 3–5 б.
39. МӘСӘЛІМ Е. Қазақтар мен мадиярлар // Шекарашы. – 2006. – №4. – 57–60 б.
40. МӘСӘЛІМ Е. Тіспен туған Қоңыр бақсы... // Шекарашы. – 2006. – №5. – 57–60 б.
41. МӘСӘЛІМ Е. Ұлы Қоңыр Мандоки // Шекарашы. – 2006. – №5(26). – 57–60 б.
42. МӘСӘЛІМ Е. Балатонға барар жол // Президент және халық. – 2006. – 21 сәуір, №16; Алдаспан (журнал). – 2006. – №3..
43. МӘСӘЛІМ Е. Іштуан Қоңыр қозым-ай, Бәйгеден озған бозым-ай немесе Қоңыр Мандокидің ерлігі // Алматы акшамы. – 2007. – 7 маусым, №68. – 22–23 б.
44. МӘМЕТ Сүлеймен. Венгриядағы Қоңыр мұрағаты: Ол Астанадағы Президенттік мәдениет орталығынан орын алады деген үміт бар // Егемен Қазақстан. – 2007. – 22 желт. – 5 б.
45. МОЛЛА ДОС. Іштуан Қоңыр қозым-ай! (жоктау) // Мәдениет. – 1992. – 2–15 қазан, №19.
46. МЫҢЖАСАРҚЫЗЫ Д. Қазақ пен мажар бір туған // Түркістан. – 2007. – 12 шілде, №28. – 1 б.
47. НҰРМАҒАМБЕТОВА О. Алыстан жазылған хаттар: [Филолог О.Нұрмағанбетова мен түрколог Қ. Иштванның жазған хаттары] // Жұлдыз. – 2004. – №1. – 132–134 б.
48. НҰРМАХАНОВ Ж. Қош бол, Қоңыр інім! // Кен Жылыой (Ембі аудандық газеті). – 1992. – 5 қырк.,
49. НҰРПЕЙІСОВ К. Қоңыр жазған хаттардан (И.Қ.Мандокидің К.Нұрпейісовке жазған хаттары) // Егемен Қазақстан. – 2002. – 29 мамыр, №118-121. – 4 б.
50. ӨКРЕШНЕ Барта Юля. Мажарстандық түркология және Куншаг байланысы: [Қоңыр Иштванды еске алу] // Қазақ елі. – 1996. – 6 қырк., №25.
51. ӨНЕР М. Татар түріктерінің түріктілдес халықтармен ортақ ерекшеліктері // «Қазақ тілінің тарихы: алтай дәуірі – прототүрк кезені – көне түрік ескерткіштері» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конф. Материалдары. Астана, 2007. 29 қараша – 2 желтоқсан.
52. ӨТЕМІСҰЛЫ С. Туысқан мадияр жерінде // Қазақ әдебиеті. – 1983. – 1 апр.
